



Қазақстандағы жастардың ішкі көші-қоны: Алматы қ. мысалында

Меруерт Махмұтова

**Қоғамдық саясатты зерттеу орталығы /PublicPolicyResearchCenter
050000, Алматы, Қазақстан, Қазыбек би к-сі, 65-үй, 420-кеңсе
Тел: (+7 727) 267 04 32, 267 03 40, факс: 267 03 40 e-mail:
meruertmakhmutova@hotmail.com**

Бұл зерттеуде әрсетілген пікірлер мен қорытындылар Сорос -Қазақстан Қорының пікірлері межорытындыларына сәйкес болып отырмауы мүмкін . «Қазақстандағы жастардың ішкі юші -қоны: Алматы қ. мысалында» зерттеу Сорос-Қазақстан Қорының «Жастар бастамасы» бағдарламасын қаржылық қолдауымен іске асырылды.

Алғыс сөз

Бұл зерттеудің жүргізілуі көптеген адамдардың күш-жігерінің арқасында мүмкін болды.

Ең алдымен біз Қоғамдық саясатты зерттеу орталығының командасына: сауалнаманы тестілеуден өткізіп, деректерді кодтап және өңдегені үшін, сондай-ақ баяндаманы жазу барысында зерттеу нәтижелері бойынша ескертулері мен ұсыныстары үшін сарапшылар Айтжан Ахметова мен Назым Мақпұноваға, зерттеу әдістемесін талқылап, баяндаманың алдыңғы версияларына түсіндірме бергені үшін директордың орынбасары Қанат Базарбайұлы Берентаевқа, сауалнаманы жүргізуге ат салыққан сауалнама алушыларға, сондай-ақ сауалнамаға қатысты пайдалы түсіндірме лері мен ұсыныстары үшін Лейла Қасымоваға алғыс айтқымыз келеді.

Біздің шақыруымызды елеусіз қалдырмай Алматы қаласының ішкі көші-қон саясаты мен жастарға қатысты саясатын, сонымен қатар жас көшіп-қонушылардың мәселесін талқылау үшін, фокус-топтарға белсенді қатысқандарға ерекше алғысымызды білдіргіміз келеді, олар: Философия институтынан Дина Далабайқызы Ешпанова, «Шаңырақ» РҚБ Алматы қ. бойынша филиалының директоры Роза Мықтыбайқызы Нүсіпова, Алматы қ. Мемлекеттік жастар саясатын дамыруының бас маманы Алтын Күмпеисова, саясаттанушы Әділ Нұрмақов, Ұлттық зерттеу институтының директоры Бөріхан Нұрмұхамедов, «Эксклюзив» журналының бас редакторы Расұл Жұмалы, «Азаматтық қоғам» ҚҚ сарапшысы Виктор Ковтуновский, «Наше дело» директоры Нұртай Мұстафаев, СШИК модераторы Ерлан Смаилов, сарапшы Мұхит Асанбаев, ҚСЗИ ішкі саясат бөлімінен Никара Биекенова, Сорос-Қазақстан Қорының «Жастар бастамалары» бағдарламасының үйлестірушісі Сауле Меирманова. Сіздердің пікірлеріңіз, берген бағаларыңыз бен түсіндірмелеріңіз осы баяндаманы дайындау қосқан баға жетпес үлеске айналды.

Осы зерттеу Сорос-Қазақстан Қорының оны жүргізуге ұйытқы болып, оған қолдау көрсетуінің арқасында мүмкін болды. Сорос-Қазақстан Қорындағы әріптестерімізге түсіністік көзқарас танытқаны үшін және осы маңызды зерттеуді жүргізуге қолдау көрсеткені үшін ризашылығымызды білдіреміз.

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе
2. Мемлекеттің көші-қон саясаты мен жастарға қатысты саясаты
 - 2.1 Ішкі көші-қонды реттеудің құқықтық негіздері және жастар саясаты
 - 2.2. Көші-қон мен жастар саясатын басқарудың мемлекет органдары
 - 2.3. Алматы қ. ішкі көші-қоны мен жастар көші-қонының статистикасы
3. Алматы қ. мысалында жастардың ішкі көші-қонын зерттеу нәтижелері
 - 3.1. Респонденттердің жалпы сипаттамасы
 - 3.2. Көшіп-қонудың себептері
 - 3.3. Тұрғын-үй жағдайлары және тіркеу
 - 3.4. Көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуі
 - 3.5. Көшіп-қонушыларды жұмыспен қамту, олардың табысы мен ақша аударымдары
 - 3.6. Әлеуметтік мәртебе
 - 3.7. Әлеуметтік және саяси белсенділігі
4. Қорытынды және ұсыныстар
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

ҚОСЫМША

1-кесте. 2000-2011 жж. ішкі көші-қон сальдосы

2-кесте. Көшіп қонушылардың ай сайынғы табысының білім деңгейіне тәуелділігі

Кестелердің тізімі

- 1-кесте. Жас көшіп қонушылардың бастапқы тұрғылықты жері
- 2-кесте. Респонденттің жасы мен Алматы қаласында тұру ұзақтығының арақатынасы
- 3-кесте. Жасы мен тұрғын-үй жағдайының өзара байланысы
- 4-кесте. Медициналық қызметтерге қол жеткізуі көшіп қонушының жұмыспен қамтылуына тәуелділігі
- 5-кесте. Респонденттің жұмыспен қамтылу түрі мен банкіде есепшоты болуының өзара байланысы
- 6-кесте. Ақша аударатындардың жұмыспен қамтылуына байланысы
- 7-кесте. Білім деңгейі және аударымдарды алу
- 8-кесте. Табыс деңгейі және аударымдарды алу
- 9-кесте. Жасы мен отбасы мүшелерінің әлеуметтік көмек алуының өзара тәуелділігі
- 10-кесте. Қоғамдық қатысудың дәрежесі мен тереңдігі
- 11-кесте. Саяси қатысудың дәрежесі мен тереңдігі
- 12-кесте. Сенім білдіру деңгейінің білім деңгейіне тәуелділігі

Суреттердің тізімі

- 1-сурет. 2010-2011 жж. ішкі көші-қон сальдосы, адам саны
- 2-сурет. Қазақстанның аймақтары бойынша жастар саны
- 3-сурет. Алматы қ. жастардың 2011 ж. жасы бойынша көші-қоны.
- 4-сурет. Алматы қ. жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттердің жасы
- 5-сурет. Бюджеттің есебінен және ақылы негізде оқитын студенттер
- 6-сурет. Респонденттердің жасы
- 7-сурет. Респонденттердің білімі
- 8-сурет. Жас көшіп-қонушылардың бастапқы тұрғылықты жері
- 9-сурет. Көшу себептері
- 10-сурет. Алматы қаласында тұру ұзақтылығы
- 11-сурет. Көшіп-қонушылардың тұрғын-үй жағдайы
- 12-сурет. Тіркеу
- 13-сурет. Алматы қаласында тіркелуінің болмау себептері
- 14-сурет. Көшіп-қонушылардың Алматы қаласындағы көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуі
- 15-сурет. Респонденттердің дәрігерге қаралмау себептері
- 16-сурет. Білім беру қызметтеріне қол жеткізуі
- 17-сурет. Білім беру қызметтеріне қол жеткізе алмау себептері
- 18-сурет. Қаржылық қызметтерге қол жеткізе алмау себептері
- 19-сурет. Көшіп-қонушылардың жұмыспен қамтылуы
- 20-сурет. Респонденттердің ай сайынғы табысы
- 21-сурет. Жас көшіп-қонушылардың табысы
- 22-сурет. 2011 ж. жіберілген ақша аударымдарының орташа көлемі
- 23-сурет. 2011 ж. алынған ақша аударымдарының орташа көлемі
- 24-сурет. Алынған ақша аударымдарының жұмсалу бағыты
- 25-сурет. Отбасы мүшелерінің алып отырған әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтуы
- 26-сурет. Респонденттердің әлеуметтік көмек алмау себептері
- 27-сурет. Респонденттердің шешуді қажет ететін мәселелері
- 28-сурет. Билік пен азаматтық қоғам институттарына сенім арту
- 29-сурет. Ғаламторды пайдаланудың жиілігі
- 30-сурет. Ғаламторды пайдаланудың мақсаты
- 31-сурет. Жастар бос уақытын қайда өткізеді

Қосымша

- 1-кесте. 2000-2011 жж. ішкі көші-қон сальдосы
- 2-кесте. Респонденттердің ай сайынғы табысының білім деңгейіне тәуелділігі

Қысқартылған сөздердің тізімі

АМУ – Абай ат. Алматы мемлекеттік университеті
ЖАӨ – жалпы аймақтық өнім
ЖСДМҚ – Алматы қ. бойынша жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры
МЗТО – Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы
ҚызПИ – Қыздар педагогикалық институты
ҚазҰАУ – Қазақ ұлттық аграрлық университеті
ҚМЭБИ – Қазақстандық менеджмент, экономика және болжамдау институты
ІІМ – ҚР Ішкі істер министрлігі
ХВҚ – Халықаралық Валюта Қоры
ХЕҰ – Халықаралық еңбек ұйымы
БҒМ – ҚР Білім және ғылым министрлігі
АЕК – айлық есептік көрсеткіш
ШОБ – шағын және орта бизнес
АШМ – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі
ЕХӘҚМ – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйым
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ТВҚ – төлқұжат-виза беру қызметі
ҚР – Қазақстан Республикасы
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ОӨК – оқу-өндірістік комбинаты
ЖЖА – жекеменшік жұмыспен қамту агенттігі

1. Кіріспе

Аймақтардың экономикалық дамуының бірқалыпты болмауы ішкі көші-қонның артуына ықпал етуде. Оған қоса, қала мен ауылды жерлердегі табыс пен даму мүмкіндіктерінің арақашықтығы елдің барлық аймақтарына тән жағдай. Село мен ауылда орта мектеп түлектерінің жұмыс табуға мүмкіндігі жоқ. Село мен шаһин қалалардағы жұмыс орындарының болмауы және әлеуметтік инфрақұрылымның төмен деңгейі ауыл тұрғындарының ішкі көші-қоны мен қалаларға жылыстауының негізгі себептеріне айналып отыр¹.

Алматы көшіп-қонушылар үшін барынша тартымды қала . Ішкі және шетелдік инвестициялармен қатар өзге де экономикалық мүмкіндіктердің жоғары деңгейі, бос жұмыс орындарының жалпы көбеюі елдің өзге аймақтарынан көшіп-қонушылардың көбірек келуіне себеп болып отыр.

Алматыға жұмыс іздеп келген көшіп-қонушылардың заңды түрде жұмысқа тұру мен тұрғын үй алу мүмкіндіктері шектеулі. Нәтижесінде Алматының айналасында тұрғындары тұрғылықты жері бойынша тіркелмеген, өз тұрғын үйіне қатысты меншік құқығы жоқ, сапалы коммуналдық және әлеуметтік қызметтерге қол жеткізе алмайтын және негізінен экономиканың бейресми секторында жұмыс істейтін бірқатар ірі елді мекендер (ықшамаудандар) құрылды².

Ішкі көші-қон мәселесін зерттеу экономикалық даму саясаты мен стратегиясын әзірлеу үшін қажет. Миграциялық ағымдарға тұрақты түрде мониторинг жүргізбей және ілеспе факторларға баға бермей жұмысқа орналасу мәселесінен бастап қоныстану орындарындағы тұрғын үйлердің жетіспеушілігі мәселесіне дейін бірқатар әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу мүмкін емес.

Ішкі көшіп-қонушылардың басым бөлігін жастар құрайды. Осы жағдайда жастар мен жастардың көші-қон мәселесіне жеткілікті өңіл бөлінбеуде . Жұмыспен қамту, табыс, ақша жинақтау, шығындар, білім алу мен денсаулық сақтауға қол жеткізу жастарға қатысты экономикалық мәселелерді қамтыса, бірге тұру, неке, ажырасу, туылу, гендерлік теңдік, қылмыс пен топ арасындағы қатынастар жастардың әлеуметтік мәселелерін қамтиды. Ресми және бейресми саяси институттарға сенім артумен қатар олармен байланыстары – саяси мәселелер.

«Жастар олардың лайықты өмір сүруге деген талпынысы маңраңы мдарын қанағаттандыратын, және оларға болашаққа деген сенімдік көзқарасты ұсына алатын саяси және экономикалық жүйені құруға мүдделі. Мұндай жүйенің жоқтығы, әсіресе смартфондар мен әлеуметтік желілер арқылы байланысып, пікір алмасып отыру жеңілдеп кеткен қазіргі уақытта жастар қақтығысының өрбуіне себепші болады», - деп санайды жастардың мәселелерін зерттеумен айналысатын Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) мамандары³.

Осы орайда Алматы қаласының мысалында жастардың ішкі көші-қон мәселелерін арнайы зерттеу ерекше өзекті және уақтылы шара.

Зерттеудің мақсаты Алматы қ. жастардың ішкі көші-қонының ағыны мен құрамын және сонымен байланысты әлеуметтік мәселелерді зерттеу.

¹ Махмұтова М. Тұрғындардың аз қамтылған топтарының (ішкі көшіп қонушылардың, оралмандардың) қажеттіліктері мен проблемаларын талдау және оларды шешу механизмдері бойынша ұсыныстарды әзірлеу. Қоғамдық саясатты зерттеу орталығы, 2008 ж. ҚР Үкіметінің жанындағы Экономикалық кеңес берушілер қызметі шеңберінде.

² Сол жерде.

³ IMF, Finance & Development, March 2012

Зерттеудің міндеттері мыналарды қамтиды:

- 1) Мемлекеттің ішкі көші-қон мен жастар саясаты саласындағы саясатын талдау, оны жүзеге асырудың тиімділігіне баға беру.
- 2) Ішкі юші-қон мен жастар көші-қоны бойынша статистикалық деректерді талдау, жастардың облыстардан Алматыға ішкі көші-қонының статистикасына шолу.
- 3) Алматыға елдің әртүрлі аймақтарынан келген 1000 жастардың арасында социологиялық сауалнама жүргізу.
- 4) Зерттеудің нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің әдіснамасы

Осы зерттеу шеңберінде жастар деп 14 пен 29 жас аралығындағы жастар түсініледі. Мұндай категориядағы жастардың таңдалуы халықаралық және ұлттық заңнамада қолданылатын анықтамалармен негізделген. Мысалы, Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) құжаттарына сәйкес «жастар жұмыссыздығы» термині 15 пен 24 жас аралығындағы жастарды қамтиды. Бұл жағдайда ҚР 2004 ж. 7 шілдедегі № 581 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңында (1-баб. 1-тармақ) жастар термині 14 пен 29 жас аралығындағы жастарды қамтумен біршама кең түрде анықталған.

Зерттеу мақсаты үшін ішкі көші-қон деп «жаңа тұрғылықты жерін іздеу мақсатымен не сондай оймен елді бір аймағындағы адамдардың елдің екінші аймағына жылжуы түсініледі. Мұндай көші-қон уақытша немесе тұрақты болып отыруы мүмкін. Ішкі көшіп-қонушылар жылжып отырады, алайда туып-өскен елінің шекарасының ішінде қалып отырады (мысалы, ауылды жерлерден қалаларға көшу)»⁴.

Зерттеу барысында елді әртүрлі аймақтарынан Алматыға келген 14 пен 29 жас аралығындағы бір мың респонденттен сауалнама алынды. Сауалнама респонденттің қалауы бойынша қазақ не орыс тілінде жүргізіліп отырды.

Сауалнама 2012 жылдың наурыз-мамыр айларында жүргізілді.

Барлық сұхбаттар дәстүрлі қағаз әдісін қолданумен көзбе-көз түрде өткізілді. Сұхбат алушылар сауалнама парақтарын қатысушылардың жауаптарына негізделе отырып толтырды. Респонденттер «дайын іріктеме» және «қар жентегі» әдістеріне сай таңдалды. «Дайын іріктеме» әдісі сауалнама жүргізу үшін сұхбат беруге келіскен тұлғалардан сұхбат алуы білдіреді. Біздің жағдайда сұхбат сауалнама жүргізілген жерлерде кездескен тұлғалардан ғана алынды. «Қар жентегі» әдісі сұхбат беруге келісуі мүмкін респонденттерді өздерінен сұхбат алынып қойған респонденттер арқылы анықтап отыруға мүмкіндік береді.

Мақсаттық топтың жабықтығы зерттеу жүргізу үшін белгілі бір қиындықтар тудырып отырды. Бұл мәселені шешу үшін сұхбат беруге келіскен тұлғалардың аты-жөні немесе мекенжайы көрсетілмеді. Жастардың басым бөлігі сұхбат алушылармен байланысқа шықпай отырды. Жас көшіп-қонушылардың барынша мұқтаждық көріп отырған және осал категориялары сауалдарға жауап беруден бас тартып және тұтастай алғанда сұхбат алушылардың олардың диалогқа шақыруға деген әрекеттеріне сенімсіздікпен қарап отырды.

Алматы қаласы студенттерінің арасында сауалнама ҚМЭБИ, Әл -Фараби ат.ҚазҰУ, Сәтпаев ат. ҚазҰТУ, ҚазҰАУ, Абылай хан ат. ҚазХКжӘТУ, ҚызПИ, АМУ және өзге

⁴Халықаралық көші-қон ұйымы (2005). Көші-қон саласындағы терминдердің // Халықаралық көші-қон құқығы №2. –9-бет

жоғарғы оқу орындарының әкімшілік ғимараттарында, жатаханаларында, сондай -ақ студенттік фестивальдерге келушілер мен қатысушылардың арасында жүргізілді.

Жастардың арасында сауалнама сонымен қатар сауда орталықтарында (ОӘД, MEGA, Қарқара, Мегатау, Алма), дүкендерде (Копейка, Мерей, Реалист), азық-түлік және жайма базарларда (Көк базар, Алтын Орда, Тастақ, Береке, Болашақ, Жетісу, Құлагер және т.б.), қызмет көрсету кәсіпорындарында (Райымбек даңғ. Автожуу, ТҚС, жанармай құю станцияларында, автотұрақтарда) және әкімшілік ғимараттарында (Райымбек даңғ. – Сейфулин көш. бұр., Қазыбекби- Фурманов көш.бұр. және т.б.) жүргізілді.

Сонымен қатар, Сұхбат қала көшелерінде, Жібек Жолы көшесінде, ОӘД жанында, Орталық стадионның жанында, Ботаникалық бағында, «Family» саябағында, Махатма Ганди атындағы саябақта, «Саяхат» автобекетінде, «Алматы-1» және «Алматы-2» теміржол бекеттерінде, «Қалқаман» және «Пятилетка» ықшамаудандарында (жастар 10 төсек-орындық барақ типті үйлерді жалға алып отырған), «Шаңырақ» ықшамауданында (балалы отбасылар, ата-анасымен, аа -іні, әпке -қарындастарымен бірге 2-3 бөлмеде тұратын) жастардың арасында алынды.

Орталық мешіт пен «Тастақ» мешітінің маңындағы мешітке келуші жастардан сауалнама алынды.

Сұхбат алуға арналған сауалнаманың сұрақтары көші-қон мен ақша аударымдары бойынша жобаларды жүзеге асырудың тәжірибесін ескере отырып осы зерттеуге арнайы түрде әзірленген болатын. Алматы қаласындағы жас көшіп-қонушылардың саяси және әлеуметтік белсенділігіне баға беру *Азаматтық қатысудың*⁵ (Civic Engagement) *Азаматтық қоғам индексіне*⁶ арнап Қоғамдық саясатты зерттеу орталығының ұжымы⁷ қолданған әдістемеге негізделі отырып жүргізілді.

Зерттеу жүргізуге арналған сауалнамада келесі категориядағы сауалдар қамтылған:

- Алматы қаласында тұратын жас мигрантқа жалпы сипаттама;
- қоныс аудару туралы шешім қабылдауға ықпал еткен жағдайлар;
- тұрғын-үй жағдайы, қазіргі уақытта тіркеу құжатының болуы;
- көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуі;
- жұмыспен қамтылуы, табысы мен ақша аударымдары;
- әлеуметтік мәртебесі;
- әлеуметтік және саяси белсенділігі.

Зерттеуді жүргізу кезінде сандық және сапалық әдістер қолданылды. Жастардың ішкі көші-қонына қатысты пікірлер мен өзқарастарды барынша кең қамтып көрсету үшін қосымша үш фокус-топтар жүргізілді, оларға сарапшылар, БАҚ, жастардың үкіметтік емес ұйымдарының, көші-қон мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ Алматы қ. Мемлекеттік жастар саясатын дамытқорының өкілдері қатысты.

Нақты органдарға беру үшін жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша мәселелер маңыздылығына қарай жіктеліп, ұсыныстар әзірленді.

⁵ Азаматтық қоғам индексіне баға беру әдістемесін Гейдельберг университетінің ғалымдары CIVICUS: World Alliance for Citizen Participation арнап әзірлеген болатын.

⁶ Meruert Makhmudova, Aitzhan Akhmetova (2011). Civil Society Index in Kazakhstan. Strengthening Civil Society. CIVICUS Civil Society Index 2008-2010. Analytical country report. Public Policy Research Center. Almaty.

⁷ Азаматтық қатысу қоғамдық қатысу (socially-based engagement) мен саяси қатысудан (political engagement) құралады

Алынған нәтижелер

Бұл зерттеу жастар көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың басты мәселелерін белгілеп, ауыл жастарына қатысты қабылданған бастамаларды шектейтін факторлар мен Алматыдағы жас көшіп-қонушыларды мазалайтын сұрақтарды анықтап, бұдан ары қарай да зерттеулер жүргізуге және жастардың ішкі көші-қонына байланысты әлеуметтік мәселелерді шешуге бастапқы ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта ішкі көшіп-қонушылар мемлекеттің әлеуметтік саясатынан тыс қалған. Қалада тіркелуі туралы құжатының болмауы еңбек келісімшартын жасасу негізінде жұмыс табу мүмкіндігін азайтуда. Нәтижесінде көшіп-қонушылардың басым бөлігінің зейнетақы қорларында есепшоттары жоқ, олардың балаларына арналған жәрдемақы алуға, өзге де әлеуметтік игіліктерге ие болуға мүмкіндігі жоқ.

Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірленді. Олар үкіметке, атқарушы және өкілдікті органдарға, азаматтық қоғам ұйымдарына арналған және жас көшіп-қонушыларға қатысты мәселелерді шешуге бағытталған.

Ішкі көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу кезінде оны әзірлеу мен талқылауға сарапшыларды, талдау институттарын, азаматтық қоғам өкілдерін қатыстырып отыру қажет. Жедел шараларды қабылдау Алматыға келіп жатқан жас көшіп-қонушылардың топтасуын азайтып, әлеуметтік шиеленісу мүмкіндігін төмендетуге көмектеседі.

Біздің ойымызша, зерттеудің нәтижелері Үкіметтің жастардың көші-қон мәселелеріне қатысты шешімдерді қабылдау кезінде, мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды әзірлеу кезінде, жергілікті атқару органдарының саясатында, сондай-ақ донорлық және өзге халықаралық және қазақстандық ұйымдардың қызметінде қолданылып отыруы тиіс.

Есеп беру келесі түрде ұйымдастырылған:

1-бөлімде проблеманың өзектілігі, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін зерттеуді жүргізудің әдістемесі ашып көрсетілген. 2-бөлім ішкі көші-қон мен жастар саясатына қатысты мемлекеттік саясатқа арналған. 3-бөлімде Алматы қаласындағы жас көшіп-қонушылардан сауалнама алу барысында анықталған басты мәселелерге талдау жасалған. Әр бөлімнің түйіні бар, тұжырымында зерттеудің жалпы қорытындысы жасалып, барлық мүдделі тараптарға арналған ұсыныстар келтірілген.

2. Мемлекеттің көші-қон саясаты мен жастарға қатысты саясаты

2.1 Ішкі көші-қонды реттеудің құқықтық негіздері және жастар саясаты

Халықтың көші-қон саласындағы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген және 22.07. 2011 ж. № 477-IV ҚРЗ «Халықтың көші-қоны туралы» заңы мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерден құралады.

Заңмен жарияланып отырған халықтың ішкі көші-қон саласындағы мемлекеттік саясаттың міндеттері «көшіп қонушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау» (4-баб., 1-тарм. 1-тармақш.), сондай-ақ «ішкі көші-қон ағынын оңтайландыру, көшіп-қонушылардың ел аумағында ұтымды қоныстандырылуын қамтамасыз ету» мәселелерін қамтиды (4-баб., 2-тарм., 7-тармақша.).

2007 жылы Қазақстан Республикасының 2007-2015 жж. арнаған тұжырымдамасы⁸ қабылданған болатын, оған сәйкес «халықтың ішкі көші-қон мәселелері Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Аймақтық даму стратегиясы мен 2004-2010 жж. арналған Қазақстан Республикасының ауылды аймақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды ескере отырып шешілетін болады».⁹ Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің қорытындысына сәйкес: «2004-2010 жж. арналған Қазақстан Республикасының ауылды аймақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы төмен тиімділікпен іске асырылған. Оның іске асырылу барысына әжілетті орган – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің тарапынан мониторинг жүргізу тиісті деңгейде ұйымдастырылмаған».¹⁰ «Мемлекеттік бағдарламаның мақсатына жетуге арнап белгіленген алты міндеттің үшеуі орындалмаған. Атап айтқанда, ауыл ұрғындарын қоныс аударуға ынталандыру бағдарламасы әзірленбеген және жүзеге асырылмаған, ауылды қоныстандыру, соның ішінде экологиялық жағдайы қолайсыз ауылды елді мекендердің үлгісі әзірленбеген» деп көрсетілуде.¹¹

Ауыл шаруашылығының министрлігі Ауылды аймақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының орындалуы туралы өзінің есеп беруінде ішкі көші-қон мәселелерінің шешілмегенін мойындайды және мұны саясаттың жалпы тиянақсыздығымен түсіндіреді.¹²

⁸ҚР Президентінің 28.08.2007 ж. № 399 Жарлығы.

⁹Қазақстан Республикасы Президентінің 10.07.2003 ж. № 1149 Жарлығымен бекітілген.

¹⁰2011 жылғы 29 сәуірдегі № 19-Қ «2004-2010 жж. арнаған Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу тиімділігін бақылау қорытындылары туралы» қаулысынан үзінді көшірме//Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бюллетені. - №28 – 2011 ж. 21-б.

¹¹Сол жерде.

¹²Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы №838 «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған аймақтық даму бағдарламасымен үйлестірілген Ауыл тұрғындарын тиімді қоныстандыру үлгісі мен Қазақстан Республикасының 2003-2015 жж. арнаған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясының үлгісін әзірлеу» қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 5.1-тармағы орындалмаған.

2005 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіп кешені мен ауылды аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңының 5-бабының 9-тармағына сәйкес тиімді ауылдық қоныстандыру сұлбасын (үлгісін) әзірлеу Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас сұлбасына негізделе отырып іске асырылуы тиіс.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған аймақтық даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 1.5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас сұлбасын, соның негізгі ережелерін көрсетумен, соның ішінде тұрғындарды қоныстандыру мен өндіруші күштерді орналастыру жүйесін бекіту 2008 жылдың 4-тоқсанына арнап жоспарланған болатын.

2008 жылы оралмандар мақаласыз ауылдардың тұрғындарын қоныстандыруға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы қабылданған болатын, оны жүзеге асыру 2009 жылдан бастап пилоттық облыстан басталды. Адам құқықтары жөніндегі комиссия¹³ аталмыш бағдарламаны жүзеге асырудың тұрғысына жағымсыз баға берді.¹⁴ Есеп комитеті де «Нұрлы көш» бағдарламасының қанағаттандырылғысыз түрде орындалуын атап кетті¹⁵: «2009-2011 жылдары Бағдарлама шеңберінде этникалық көшіп-қонушылардың 2567 отбасына ұрғын үй берілген болатын. Бұл жағдайда ішкі көшіп-қонушылар бұл іс-шаралармен қамтылмаған». Есеп комитетінің пікірінше, «Бағдарламаны орындау үзінді сипатқа ие болып отырған. Оның шараларын іске асыру бойынша тиісті мониторинг және ведомстволық жұмыс жүргізілмеген»¹⁶.

ҚР Үкіметінің 31.03.2011 ж. № 316 Қаулысымен бекітілген «2020 Жұмыспен қамту бағдарламасында» көрсетілгендей «Ауыл жастарының жағдайы ерекше алаңдаушылық тудырып отыр, өсіптік білім алуға мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, олар ресми еңбек нарығында іс жүзінде бәсекеге қабілетсіз». Бағдарламада ауыл жастарының ішкі көші-қонын ынталандыру шаралары ескерілген. Мысалы, еңбек ресурстарының тиімділігін арттыру үшін азаматтарды экономикалық жағдайы төмен елді мекендерден экономикалық жағдайы жоғары орталықтарға қоныс аударуы жоспарлануда. Осыған орай басты құқық өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған, жұмыссыз немесе еңбекке жарамды аз қамтылған тұрғындарға жататын және жиынтық айлық табысы өзімен бірге тұратын әр отбасы мүшесіне қатысты күнкөріс минимумының көлемінен аспайтын ауыл жастарына беріледі.

2011 жылдың шілде айында Үкімет «Аймақтарды дамыту» бағдарламасын қабылдады¹⁷, ал Экономикалық даму мен сауда министрлігі және Ауыл шаруашылығы министрлігі «Экономикалық ахуалы төмен және жоғары ауылды елді мекендерді анықтауға арналған өлшемдерді бекіту туралы» бірлескен бұйрыққа қол қойды. Осы орайда ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» заңына өзгертулер қабылданды. Үкімет ішкі көшіп-қонушыларды көшіруге арнап квота тағайындауды және экологиялық жағдайы ерекше қолайсыз болып келетін және даму ахуалы төмен елді мекендерден ішкі көшіп-қонушыларды экономикалық тұрғыдан болашағы бар аймақтарға көшіруді жоспарлауда. Заңның 52-

Бұл құжаттардың орындалу мерзімін сәйкестендіру мақсатында ҚР Премьер – Министрінің 2005 жылғы 17 қазанындағы № 294-өкімімен үлгіні әзірлеу мерзімі 2009 жылдың маусым айына ауыстырылған.

Өзінің 6-тармағы бойынша Қазақстан Республикасының аумақтарын ұйымдастырудың бас сұлбасын әзірлеу мерзімі 2010-2012 жж. белгіленген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қаңтардағы №80 «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған аймақтық даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысының қабылдануына байланысты ҚР Премьер – Министрінің 2009 жылғы 8 мамырының № 63-ө өкімімен үлгіні әзірлеу мерзімі 2013 жылдың маусым айына ауыстырылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы №838 «Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» заңына қатынастарды реттеу және ауыл тұрғындарының ішкі көші-қонын мемлекеттік қолдауға қатысты бөліміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасын әзірлеу» қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 9.3-тармағы алынып тасталған.

¹³Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия. «Қазақстан Республикасындағы оралмандардың, азаматтығы жоқ тұлғалар мен босқындардың құқығына қатысты жағдай туралы» арнайы баяндамасы. К. Султановтың, Т. Әбішевтің жалпы ред.. Астана. 2012. –161 б.

¹⁴Оралмандарға арнап ауылдарды салу шарасын тоқтату ұсынылады. // <http://rus.azattyq.org/content/kazakh-repatriats-oralman-nurly-kosh/24621814.html>

¹⁵Есеп комитеті 2009-2011 жж. арналған "Нұрлы көш" бағдарламасының тиімсіз түрде жүзеге асырылып отырғанын атауда. // <http://nomad.su/?a=3-201205160028>

¹⁶2009-2011 жж. арналған «Нұрлы көш» бағдарламасының тиімділігіне бақылау және бағалау бойынша қорытынды». // Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бюллетені. - №3. – 2012. – 15-17 б.

¹⁷ҚР Үкіметінің 26.07.2011 ж. № 862 Қаулысымен бекітілген, өзгертулер ҚР Үкіметінің 07.12.11 ж. № 1485 Қаулысымен енгізілген.

бабына сәйкес ішкі көшіп-қонушыларды көшіруге арналған квоталар және көшіп-қонушы мәртебесіне ие болу рәсімі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын болады.

ҚР «Халықтың көші-қоны» заңында ішкі көшіп-қонушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері бекітілген (51-баб., 1-тарм.). Ішкі көшіп-қонушылардың:

- 1) Қазақстан Республикасының заңында жазылған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында еркін жүріп-тұруға, тұрғылықты жерін еркін таңдауға;
- 2) тұрғылықты жерінен немесе қоныс аударған жерінен мәжбүрлі түрде қоныс аударудан қорғалуға;
- 3) жұмысқа орналасуда жәрдем көрсетілуге құқығы бар.

«Ішкі көшіп-қонушылар Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртiппен тіркелуге міндетті» (51-баб., 2-тарм.). Тіркеу тәртібі ҚР Үкіметінің 19.03.2012 ж. Өзгертулерімен 01.12.2011 ж. № 1427 «*Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу ережелерін* бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы» қаулысымен айқындалған. Жаңа Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу ережелерінің мәні мемлекеттің айыппұл салу шараларын қолданумен көшіп-қонушылардың қозғалысына қатаң бақылау орнатуды көздеп отырғанын білдіреді.

Ішкі көші-қон процестерін түсіну үшін мынаны ескерген жөн: ішкі көшіп-қонушыларды есепке алу барлық азаматтардың тұрғылықты жері бойынша тіркелуі жөніндегі ақпарат негізінде жүргізіледі¹⁸. Ис-жүзінде бұл қайсыбір өзгерістерге ұшыраған кеңес заманынан бері белгілі «тіркелу» институты.

Тіркелу

Тіркелу институты КСРО-да 1922 ж. билік органдарын елді елдімекендерінде тұратын тұрғындар туралы және олардың барлық қозғалыстары жайлы толық ақпаратпен қамту мақсатында құрылған болатын. 1932 жылға дейін тіркелу хабарлама сипатына ие болатын. Тұрғын үй органдары келуші не шығып кетуші тұлғалардың өтініштері бойынша тұрақты және уақытша тіркеу, сондай-ақ тіркеуден шығару рәсімін жүргізіп отырған.

1932 жылы Кеңес Одағында бірыңғай төлқұжат жүйесі енгізіліп және Төлқұжат-виза қызметі құрылды, кейінгісі Ішкі істер халық комиссариаты (ИХК) органдарының құрылымына енді. ТВҚ-ға «қала, жұмысшы кенттері мен жаңадан салынған аудандардың тұрғын халқының есебін жүргізу, бұл жерлерді қоғамдық-пайдалы еңбекпен қамтылмаған тұлғалардан босату, сондай-ақ жасырынып жүрген кулақтық, қылмыстық және өзге де қоғамға жат элементтерден пролетариат диктатурасын күшейту мақсатында тазарту» (БРОК мен ХКК-ның 27.12.32 г. «КСР Одағы бойынша бірыңғай төлқұжат жүйесін орнату және төлқұжаттарды міндетті түрде тіркеу туралы» қаулысы) ісі тапсырылған болатын. Атап айтқанда, ТВҚ-ның міндетіне азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу ісі енетін. 1933 жылдан бастап 1935 жылға дейін тіркелу институтының сипаты біртіндеп рұқсат ету сипатына қарай өзгеріп отырды, осылайша тіркелу мемлекеттік басқару институттарының біріне айналды.

Кеңес Одағында тіркелумен азаматтардың өмірінің барлық салалары байланысты болып отырған. Тіркелген жеріне сәйкес өзінде бала дүниеге келуі тиіс болатын медициналық мекеме, оның баруына болатын бөбекжай, бала-бақша мен мектеп белгіленетін. Тіркелу жұмысқа қабылдаудың шарты болатын және тұрғын үйде тұру құқығын беретін. Мемлекет органдары пәтердің тұрғындарын «нығыздап орналастыру» туралы шешім қабылдап және оған жаңадан тұрушыны тіркей алатын. Бұл жағдайда төлқұжатына мөртабан басылған жаңадан тұрушы азамат пәтерде тұрып жатқан азаматтардың келісімінсіз оған кіріп алуға құқылы болатын.

¹⁸ Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру мен тіркеу ережелерін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.07.2000 ж. № 1063 қаулысы/Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 2000 ж., №29, 359 бет

Билік органдары соныменқатар тұрғылықты жері бойынша алты айдан артық уақыт бойы «орынды себепсіз» неөзге жағдайларға байланысты тұрм ай жүрген азаматтарды кез-келген түрде тіркеуден шығарып тастайтын. Белгілі бір қалалар мен елдімекендерде тіркелу құжатын алу үшін жоғары инстанциялардың ерекше рұқсаты қажет болатын. Ауыл тұрғындарының арасында төлқұжаттар тек совхоздар мен режимдік аймақтарда ғана берілетін, колхозшылар өз колхозына қатты байланып отыратын және тұрғылықты жерін өзгерте алмайтын. Осылайша, КСРО Министрлер Кеңесімен қабылданған тіркелу нормалары барынша қатаң болып отырған.

Төлқұжат жүйесінің ырықтандырылуы 1974 жылы басталды, ол кезде төлқұжаттар Кеңес Одағының барлық азаматтарына берілген болатын. Бұл жағдайда тіркелу бұрынғыдай рұқсат ету институты болып қалып отырған. Өзге елдімекенге уақытша шығып кеткен жағдайда азамат сол жерде тіркеуге отыра міндетті болатын, ол туралы төлқұжатына мөртабан басылатын.

Дереккөзі: Тіркелу (тұрғылықты жері бойынша тіркелу) институты және оның эволюциясы.

Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның 25.11.2003ж. Отырысына арналған материалдар.

Қазіргі уақытта Қазақстан заңнамасында былай деп көзделген «Азаматтарды тіркеу тұрғын үйлерде, пәтерлерде, бау-бақша серіктестіктері мен кооперативтерінің саяжай құрылыстарында, жатақхана ларда, қонақ үйлерде, демалыс үйлерінде, сана торийлерде, профилакторийлерде, емдеу мекемелерінде, интернат-үйлерінде, пансионаттарда, қарттар үйлерінде, қызметтік ғимараттар мен үй-жайларда жүргізіледі» (Ережелердің 28-т.). Бұл жағдайда, тіркеуге жататын адамдар он Ұн мерзім ішінде уәкілетті органдарға мынадай құжаттарды:

- уәкілетті орган белгілеген нысандағы өтінішті;
- бұрынғы тұрған жерінен тіркеуден шыққанын растайтын құжатты;
- жеке басты куәландыратын құжатты;
- ал, әскери міндеттілер, сонымен қатар, әскери басқарманың жергілікті органдарының әскери есепке алу немесе одан шығу туралы белгісі бар әскери билетін (әскерге шақырылатындар үшін тіркеу куәлігі) тапсыруы керек» (Ережелердің 30-т.).

Ішкі көші-қон бойынша статистикалық деректерді Статистика жөніндегі агенттігі Көші-қон полициясы комитеті мен ПМ-ға жататын Халыққа қызмет көрсету орталықтарына келіп түскен ақпаратқа негізделе отырып, келу мен кету бойынша статистикалық есепке алу талондарына әйкес қалыптастырады, аталмыш талондар тіркеу және тіркеуден шығару кезінде толтырылады. Егер азамат ел ішіндегі тұрғылықты жерін өзгерткен болса, алайда бұл жағдайда бұрынғы тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шықпаған болса, онда оның көшіп-қонуы ішкі көші-қон статистикасында көрсетілмейді.

БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы және БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхит аймағына арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының баға беруіне сәйкес «көшіп-қонушыларды дәл етіп тіркеу қиындық тудырады. Бұл келуге де, шығып кетуге де, сондай-ақ халықаралық көшіп-қонушыларға да қатысты».¹⁹

Сонымен қатар зерттеу мақсаты үшін IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVII сессиясының 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 3 ІІ шешімін²⁰ ескеріп отыруымыз қажет, ол «Алматы қаласының аумағындағы көші-қон үдерістерін реттеу тәртібі н» бекітеді. Бұл

¹⁹БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы және БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхит аймағына арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы «Қазақстанның статистикалық жүйесіне ғаламдық баға беру жөніндегі баяндама». ECE-ESCAP-SPECA/PWG-Statistics/2008/7 ECE/CES/GE57/2008/ақпан, 97-б.

²⁰Әділет департаментімен 2010 жылдың 17 мамырында № 843 тіркелген.

шешімге өйкес, «Азаматтарды тұрған жері бойынша тіркеу²¹ қандай да болмасын меншік түріндегі тұрған жайларға жүзеге асырылады және Алматы қаласының әділет органдары жүргізеді. Мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үйіне немесе жергілікті атқарушы органы жеке тұрғын үй қорында жалға алған тұрғын үйге тұрған жері бойынша тіркеу, бір адамға пайдалы алаңының көлемі он бес шаршы метрден кем емес тұрғын үй нормасын ескере отырып жүзеге асырылады»

Азаматтарды тіркеу ұрақты тұратын орны бойынша тұрғын үйлерге, пәтерлерге, интернат-үйлеріне, қарттар үйіне, басымдықпен тұратын орны бойынша тұрғын үйлерге, пәтерлерге, қонақ үйлерге, жатақханаларға, демалыс үйлеріне, шипажайларға, профилакторияларға, емдеу мекемелеріне, интернат-үйлеріне, пансионаттарға, қарттар үйіне, қызметтік ғимараттар мен жайларға жүзеге асырылады».

Тіркеусіз ұру әкімшілік жауапкершілікті тудырады. 2011 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің²² (әрі қарай - ӘҚҚо)²³ 377-баб. енгізілген өзгертулерге сәйкес «тұрғылықты орны бойынша тіркеусіз тұрғаны үшін бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақшалай айыппұл салынады». Әкімшілік айыппұл сонымен қатар сол мекенжай бойынша іс-жүзінде тұрмайтын тұлғаларды тіркеген адамдарға да салынады (Кодекстің 378-бабы. «Тұрғын үй меншік иесінің не өзінің иелігінде тұрғын үйлер, ғимараттар және (не) панажайлар бар өзге тұлғалардың ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу ережелерін бұзуы»²⁴).

Көші-қон мен жастар саясатының атысты барлық заңдар мен өзге де нормативтік - құқықтық актілер бір-біріне байланыссыз түрде қабылданып отырған және сол себептен тұғырнамалық тұрғыдан біріктірілмеген.

Жоғарыда аталған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы сонау 2004 жылы қабылданған болатын. Ол мемлекеттің жастар саясатын

²¹ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тұрған жер болып азаматтардың тұрақты немесе басымдықпен тұратын елді-мекен (азаматтың басымдықпен тұратын жері азаматтың үш айдан артық тұрғатын елді-мекені боп танылады).

²² Қазақстан Республикасының Әкімшіліктік құқық бұзушылық туралы кодексі (10.07.2012 ж. қатысты өзгертулері мен толықтыруларымен)

²³ ҚР 22.07.11 ж. № 478-IV Заңына сәйкес

²⁴ 1. Тұрғын жай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғын жайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да адамдардың меншік иесіне тиесілі немесе басқа да адамдардың қарамағындағы тұрғын жайларда, ғимараттарда және (немесе) үй-жайларда нақты тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуге жол беруі - жеке тұлғаларға - бес, дара әкіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет - жеке тұлғаларға - он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тұрғын жай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғын жайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да адамдардың меншік иесіне тиесілі немесе басқа да адамдардың қарамағындағы тұрғын жайларда, ғимараттарда және (немесе) үй-жайларда тіркелген және тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуден шығару жөнінде шаралар қолданбауы - лауазымды адамдарға - он, дара әкіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет - лауазымды адамдарға - жиырма, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

«мемлекеттің жүзеге асырып отырған және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық шаралар жүйесі» ретінде айқындайды. Жастар саясатының міндеттерінің арасында Заңда «жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, жастарға жәрдем беру және әлеуметтік қызмет көрсету, жастардың әлеуметтік маңызы бар бастамаларын жүзеге асыру» айқындалған (3-баб., 2-тарм.). Заңда мемлекеттік жастар саясатының он бес бағыты аталған (5-баб.), оның бірде-біреуінде жастардың көшіп-қону мәселелері қамтылмаған.

Заңның көптеген нормалары декларация түрінде қалуда, олардың арасында «еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кепілдіктер», «жастарды – мүгедектер мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінің құқықтары мен әлеуметтік қорғау кепілдіктері», «жас отбасыларға мемлекеттік қолдау көрсету».

Жастар саясаты саласындағы жастардың көші-қон мәселелерін қозғайтын жалғыз ғана құжат, – бұл «Жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау мен дамытудың 2008-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы»²⁵. Онда былай деп айтылған «Бүгінгі еңбек нарығының сипатты белгісі - ауыл халқының (әсіресе жастардың) қалаға табиғи көші-қоны. Бұл ретте тұрғын үйге қол жеткізе алмауы мен тіркелу құжатының болмауы ауыл жастарын қалаларда жұмыспен қамтамасыз етуге ықпал етпейді ... Ішкі көшіп-қонушылардың бейімделу мүмкіндігі төмен екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Бұдан басқа, жастардың қоныс ауыстыруы мемлекеттік немесе салалық бағдарламалардан тыс қалып, әділет органдарының есепке алуы мен тіркеуінсіз, ұйымдастырылмаған түрде өтуде». Жастардың ішкі көші-қон мәселелері Тұжырымдаманың жастардың ішкі көші-қон мәселелерін мойындап отыруына қарамастан өткен 5 жыл ішінде оларды шешу үшін ешнәрсе жасалмаған.

Тұжырымдаманың авторлары былай деп жоспарлаған болатын: «Ішкі көші-қонушылардың бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға жағдай жасау, ішкі көші-қон үдерістерін және маргиналды жастардың әлеуметтенуін реттеу тетіктерін айқындау және оларды қала жағдайында бейімдеудің нысандары мен әдістерін әзірлеу мыналар:

- ауыл жастарының ішкі еңбек көші-қоны бөлігінде мемлекеттік көші-қон саясатын жетілдіру, әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер бере отырып, тоқыраған ауыл шаруашылығы аудандарына жаңа оқу орындарының түлектерін ішінара мемлекеттік бөлуді қалпына келтіру;
- ауылды жерлерде бизнес-инкубаторлар ашу;
- кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері үшін жастар практикасын таратуды арттыру;
- жұмысшы кадрларға қажеттілікті болжау;
- логистика орталықтарын, ауылда туристік инфрақұрылым объектілерін дамыту жөніндегі схемалар мен модельдік жобаларды әзірлеу, ауылды жерлерде қызмет көрсету нарығын дамыту үшін жағдай жасау;
- өңір аралық деңгейде еңбек ресурстарын ұтымды орналастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;
- жастарды тоқыраған ауылдар мен аудандардан көшіру жөніндегі схемалар мен модельдік жобаларды әзірлеу мақсатында ауылды елді мекендердің әлеуетін жіктеу мен арақатынаста кредит серіктестіктерінің аумақтық және сапалы дамуына талдау мен мониторинг жүргізу».

Алайда, одан ағы уақытта «жастарының ішкі еңбек көші-қоны бөлігінде мемлекеттік көші-қон саясатын жетілдіру» орын алмаған. Жоғарыда аталғандардың ішінде небәрі «тоқыраған ауыл шаруашылығы аудандарына жаңа оқу орындарының түлектерін

²⁵ҚР Үкіметінің 20.06.2007 ж. № 516 Қаулысымен мақұлданған

ішінара мемлекеттік бөлуді қалпына келтіру» ғана жүзеге асырылған. Жоғарыда айтылып кеткендей, «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған аймақтық даму бағдарламасымен және Қазақстан Республикасының 2003 -2015 жж. арнаған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясымен үйлестірілген ауыл ұрғындарын тиімді қоныстандыру үлгісін әзірлеуге» қатысты мәселелер толығымен орындалмаған күйінде қалып отыр. Ауылды жерде қызмет көрсету нарығын дамытуға кедергі болып отырған нәрсе бұл төлеуге қабілетті сұраныстың жоқтығы. Тұжырымдаманың тұрғын үй мәселелерін шешуге қатысты жоспарлары толық көлемде жүзеге асырылмаған болатын.

ҚР «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңына сәйкес жасы 21-ге толмаған жастар өздеріне арнап мемлекет «жұмыспен қамту шараларын қамтамасыз ететін» (5-баб. 2-тарм.) нысаналы топ болып саналады. Мысалы, мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ жоғарғы оқу орындарының, колледждер мен лицейлердің түлектерін жұмыспен қамту үшін «жастар практикасы» әзірленді (Заңның 18-2 бабы²⁶). Заңда «үкімет жастар практикасын ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібін бекітеді» (Заңның 5-1 бабы) деп көрсетілген, жергілікті атқарушы органдар «жастар практикасын ұйымдастыру» үшін жауапкершілікте болады. Жас түлектер практикасын кез келген меншік түріндегі ұйымда өте алады. Жұмыс беруші жергілікті атқарушы органмен келісімшарт жасасуға негізделі отырып практиканттарға арнап жұмыс орындарын құрады.

Заңда «жұмыс орындарының саны шектелмеген, жұмыс уақытына сипатқа ие және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен вакансиялар құрылмайды» деп айтылған. Жастар практикасы «жасы 29-дан аспаған ұйымдардың түлектерінің арасынан тіркелген жұмыссыздарға» арналған.

Практиканы өтуге оқу орнын тәмамдағаннан кейін зейнетақы аударымдары жоқ жас түлектерге ғана рұқсат етіледі. Ол үшін Алматы қ. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен оның аудандық бөлімдері МЗТО-дан зейнетақы аударымдары туралы анықтаманы сұратады. Мемлекет айына 15 000 теңге (салықтарды шегерусіз) мөлшерінде практиканттардың еңбекақысының 100%-ын төлейді.

Алматыда тіркелу құжаты жоқ жас көшіп-қонушылар үшін бұл бағдарлама жабық. Мәтіні Әкімдіктің сайтында жарияланған²⁷ жастар практикасы өтуді қалайтын оқу мекемелерінің түлектеріне арналған Жадынамада былай деп үсіндірме берілген «егер түлектің Алматы қаласында тұрақты тіркелу құжаты болмаса (басқа қаладан келген студент), онда оған Алматы қ. Еңбек биржасына барып, жастар практикасын өту үшін жолдама алып, артынша жолдаманы жұмыс берушінің заңды мекенжайы бойынша аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне ұсыну қажет». Алайда заң бойынша жастар практикасын өтуге үміткер «тіркелген жұмыссыз» болуы тиіс, ал бұл ол Алматы қаласында тіркелген жағдайда ғана мүмкін болады. Алматы қ. аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің ақпаратына сәйкес жастар практикасы Алматыда тіркелген ұлғаларға ғана арналған. Оған қоса 15 000 теңге мөлшеріндегі еңбекақы көшіп-қонушылардың Алматы қаласында 6 ай бойы тұруы үшін жеткіліксіз.

Алматыда жастар практикасы тек шектеулі өлшемде ұсынылады және жастардың жұмыссыздық мәселесін шешпейді. Мысалы, Алматы қ. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 2011-2015 жж. арналған Стратегиялық жоспарына сәйкес²⁸

²⁶ «Халықты жұмыспен қамту» туралы заңына бұл өзгертулер ҚР 27.06.2011ж. № 444-IV заңына сәйкес енгізілген болатын.

²⁷ http://www.almaty.kz/page.php?page_id=1617&lang=1

²⁸ Алматы қ. Әкімдігінің 6.01.2011 ж. № 1/5 қаулысымен бекітілген, 9.12. 2011ж. өзгертулермен. Алматы қ. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының сайтында <http://www.depcoz.narod.ru/toppage16.htm>.

2011 жылы 350 адам, 2012 жылы 200 адам, 2013-2015 жж. жыл сайын 400 адамнан жастар практикасын өтеді деп жоспарланған болатын. Бұл жоспардың қиындықсыз орындалып және артығымен орындалғаны таңқаларлық жағдай емес: 2011 ж. қорытынды есеп жастар практикасына 759 адамның жіберілгенін көрсетуде²⁹.

Айта кеткіміз келетіні, Басқарма жұмысының тиімділігі «практикаға жіберілгендердің саны бойынша» бағаланады. Жастар практикасына жіберілген 759 жастың қайсысының тұрақты жұмысқа орналаса алған-алмағаны белгісіз (жастар практикасының уақыт бойынша шектеулі болып келетінін еске сала кетейік), дегенмен жастардың жұмыспен қамтылу немесе жұмыссыздығы ауқымына әсерін тигізетін дәл осы тұрақты жұмысқа орналасу. Жұмыс әдісінің өзі мұндай есептілікті ескермейді.

Бүгінгі күні «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттің жастар саясаты туралы» заңы моральді түрде ескірген. Жаңа заң жобасы әзірленіп, 2012 ж. наурызында Парламенттің Мәжілісіне жіберілді. Депутаттар заң жобасының нормаларының сынап, оны Үкіметке талқылаусыз қайтаруды ұсынды³⁰.

Жастарға қатысты жекелеген заңдар мен бастамаларда ішкі көші-қон ағымына да ықпал етуге тырыған. Ішкі көші-қон ағымының көпшілігі ауыл жастары болып отырғандықтан, олардың мәселелері тұрғылықты жерінде, яғни тікелей ауылда шешілуі көші-қон үрдістеріне ықпалын тигізген болар еді.

Әлеуметтік сала мамандарын ауыл тарту және ауыл тұрғындарына көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту үшін, қала мен ауыл арасындағы тепе-теңсіздікті азайту үшін 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап № 111-IV «Ауылды елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету және ынталандыру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы күшіне енді.

Заңда мамандарға келесі түрдегі жеңілдіктерді ұсыну көзделген болатын:

- а) 2009 жылдың 1 шілдесінен бастап 70 айлық есептік көрсеткіш (89 100 теңге) көлемінде біржолғы көтермеақы төлеу;
- б) 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап тұрғын үй алу үшін әлеуметтік қолдау –15 жыл мерзімге бюджеттік несиені, сыйақы мөлшерлемесі 0,01% мөлшері 630 АЕК (801 990 теңге);
- в) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және ауылды елді мекендерде орналасқан әлеуметтік сала мекемелері мамандарының лауазымдық еңбекақыларын (тарифтік мөлшерлемелерді) кем дегенде 25%-ға көтеру.

Артынша, 630 АЕК-ның тұрғын үй алу үшін жеткіліксіз болуын ескеріп, бюджеттік несиенің мөлшері тұрғын үйдің нақты бағасына негізделіп отырып, алайда 1500 АЕК-дан аспайтын мөлшерде анықталатын болды. Егер сатып алынатын тұрғын үйдің бағасы бюджеттік несиенің мөлшерінен асып кеткен болса, жас маман айырмасын төлеуі тиіс.

Бұл бағдарламаның тиімділігі күмән тудырады. Фокус-топтарына қатысушылардың атап өткеніндей, лауазымдық еңбекақыларды 25%-ға көтергеннің өзінде көзделіп отырған табыс деңгейі төмен болып қалуда және жастарды ауылға баруға ынталандырмайды.

Ауыл жастарын қолдау мен жағдай жасауға 2009 – 2011 жж. арналған «Ауыл жастары» жалпы ұлттық бастама шараларының жоспары³¹ бағытталған болатын. Жоспарда «ауыл жастарының өзекті мәселелерін, жастар ұйымдарының белсенділігін анықтау бойынша өңірлік зерттеулер, ауыл шаруашылығы саласындағы бизнес-жоспарлардың байқауларын

²⁹ Сол жерде.

³⁰ Валиев Т. Госзабота о молодежи для галочки. //Голос Республики. - №10 (232). – 16.03.2012

³¹ ҚР Премьер-министрінің 25.05.2009 ж. №76-р өкімімен бекітілген.

өткізу, ауыл жастарына арнап бизнес-клубтарды ұйымдастыру» және өзге де шаралардың орындалуын қамтамасыз ету ескерілген болатын.

Бағдарлама туралы базалық ақпарат www.akorda.kz Президент сайтында көрсетілген. Бағдарламада «әлеуметтік қолдау шаралары 2009-2011 жж. республикалық бюджетте ескерілген бюджеттік бағдарламалар шеңберінде жалпы сома 21,5 млрд. теңгеге мөлшерінде жүзеге асырылатын болады» деп жоспарланған.

«Ауыл жастары» бастамасының негізгі бағыттары:

1. Ауыл жастарының мәселелеріне мониторинг және талдау жүргізу;
2. Ауыл жастарының әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін, соның ішінде білім алуға, денсаулық сақтауға жағдай жасау, жұмыспен қамту, жас отбасыларға қолдау көрсету шараларын жүзеге асыру;
3. ауылдағы ақпараттық теңсіздікті азайту (БАҚ-қа мемлекеттік ақпараттық тапсырыс жасау);
4. ауылға келіп жатқан жас мамандарды қолдау (көтермеақы, тұрғын үй беру, жеңілдікпен несие беру);
5. жастардың үкіметтік емес ұйымдарын дамыту және қолдау (жергілікті бюджет шеңберінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс);
6. ауыл жастарының азаматтық қатысу деңгейі мен көшбасшылық дағдыларын арттыру;
7. салауатты өмір салтын қалыптастыру және жастар арасында девианттық белгілердің деңгейін азайту (әлеуметтік қызметтер, спорттық байқаулар мен жарыстар, бос уақытын ұйымдастыру);
8. дарынды жастарды дамыту және қолдау (байқаулар, сыйлықтар, фестивальдер, көрмелер);
9. ауыл жастарының дамуына арнап жағдай жасауға арналған нормативтік - құқықтық базаны жетілдіру.

Өкінішке орай, жоғарыда аталғандардың қайсысының орындалғанын бағалау қиын, себебі не Үкімет сайтында, не тиісті министрліктердің сайттарында (ҚР БҒМ, ҚР АШМ) жоспарланған зерттеулердің нәтижесі көрсетілмеген. Фокус-топтарында талқылағандай, мемлекет органдарының бұл бастаманың жүзеге асырылу барысын аз хабарлап отырғандығы соншалықты, ол тіпті жастар саясаты мен ішкі юші -қон мәселелерімен айналысатын мамандардың өздері үшін елеусіз қалып отыр.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің сайтында жарияланған «Ауыл жастары» бағдарламасының 2009 ж. қорытындысы бойынша нәтижелеріне жүргізілген қысқаша шолу³² келесі түрдегі нәтижелер туралы баяндауда: «2009 жылы «Ауыл жастары» жалпы ұлттық бастамасының келесі бағыттар бойынша іске асырылуы тиімді түрде орындалуда:

- ауыл жастарының әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету;
- білім алуға, денсаулық сақтауға жағдай жасау, жұмыспен қамту, жас отбасыларға қолдау көрсету шараларын жүзеге асыру;
- ауылдағы ақпараттық теңсіздікті азайту (БАҚ-қа мемлекеттік ақпараттық тапсырыс);
- «Дипломмен - ауылға» жобасын жүзеге асыру шеңберінде ауылға келіп жатқан жас мамандарға қолдау көрсету (көтермеақы, жеңілдікпен несие беру);

³² Уатаева Л., Тәрбие жұмысы мен жастар саясаты департаментінің бас сарапшысы. 28.02.2010.

- салауатты өмір салтын қалыптастыру және жастар арасында девианттық белгілердің деңгейін азайту (спорттық байқаулар мен жарыстар);
- дарынды жастарды дамыту және қолдау (байқаулар, сыйлықтар, фестивальдер, көрмелер)».

Ағымдағы түрінде есеп беру, өкінішке орай, аталмыш бастаманы үзге асырудың қорытындысымен байланысты сауалдарға жауап бермейді. Мысалы, республикалық және жергілікті бюджеттерде қаржы бөлудің алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге қаншалықты ықпал еткені туралы, жоспарланған шаралардың қаншалықты іске асырылғаны туралы, ауыл жастарының мәселелеріне мониторинг пен талдау жұмыстарын кімнің жүргізгені туралы ақпарат берілмеген.

Ауыл жастарының әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктері, соның ішінде білім алу, денсаулық сақтау, жұмысқа орналасу, жас отбасыларды қолдау шараларының қалайша қамтамасыз етіліп отырған түсініксіз болып қалуда. Ауылдағы ақпараттық теңсіздікті төмендету үшін қандай шара қабылданды? БАҚ-қа мемлекеттік ақпараттық тапсырыс беру ауылдағы ақпараттық теңсіздіктің төмендеуіне қалайша ықпалын тигізуде?

Ауылға келуші жас мамандардың саны туралы, төленген көтерме ақылардың көлемі мен ұсынылған тұрғын үйдің саны туралы деректер берілмеген. Ауылдағы жастардың үкіметтік емес ұйымдарын, олардың қызметін дамыту мен қолдау үшін және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қолдау көрсету үшін қандай шаралар қабылданған? Ауыл жастарының азаматтық қатысу деңгейі мен көшбасшылық дағдыларын арттыру үшін не жасалған? Осы мақсаттарға қол жеткізген-жеткізбегенін қалайша тексеруге болады?

«Ауыл жастары» бастамасын іске асыру барысында ауылда салауатты өмір салтын қалыптастыру және ауылдық жастар арасында девианттық белгілердің деңгейін азайту бойынша алған қойылған міндеттер шешіліп отырды ма?

Сірә, бұл сауалдарға Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті берген болар еді, себебі үкіметтің және тиісті министрліктердің сайттарында мұндай ақпарат жоқ.

Фокус-топтарына қатысушылардың мұндай жалпыұлттық бастама жайлы білмегені таң қаларлық жағдай. Зерттеу барысында оны іске асыру туралы жалғыз ашық ақпаратты таба алмадық. Жекелеген үзік-үзік сұхбаттар бойынша «Ауыл жастары» бастамасының қаншалықты іске асырылғанына баға беру мүмкін емес. Жеңілдік шартымен қанша несие берілген? Зерттеу шеңберінде «Ауылдық ипотека» бағдарламасы бойынша (оның сенімді өкілі (агенті) болып «Ауыл шаруашылығын қаржыландыру қоры» бекітілген) «2010 жылдан бастап 4 747 жастардың тұрғын үй сатып алуға арнап 0,01%-бен займдар алғанын, ал берілген несиелердің жалпы сомасының 6 млрд. рубльден ақанын»³³ анықтауға мүмкіндік туды.

Ауылды жерлердегі кадр жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін «Нұр Отан» партиясының жастар қанаты - «Жас Отан» 2010 жылы «Дипломмен - ауылға» партиялық жобаның тұжырымдамасына ұйытқы болды. Тұжырымдама 2008 жылы қабылданған Ауылға жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамту, мәдениет және спорт мамандарын қолдау туралы заңын, сондай-ақ жоғарыда аталған «Ауыл жастары» бастамасын қайталап отырды. Аталмыш бастама шеңберінде келесі екі бағыт бойынша электронды қор құру жоспарланған болатын:

³³ ҚР-ның 4700-нан астам жас маманы 0,01%-бен несие алды. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Несиелендіру департаментінің директоры Медет Тоқпайдың 14.03.2012 ж. ұхбаты <http://www.kursiv.kz/novosti/v-kazakhstan/1195222196-svyshe-4-tys-700-molodyx-specialistov-v-rk-poluchili-kredity-pod-001.html>

1. толық байланыс деректерімен (резюме, объективті хаттар) жобаға қатысушылар қоры;
2. аймақтар бойынша бос вакансиялар қоры.

«Жас Отан» өзін «ауылға баруға дайын жас мамандар мен оларға келешекте жұмыс беретіндердің арасындағы делдал ретінде қойды».

Мұндай электронды деректер қорының құрылған-құрылмағаны белгісіз. Оларды қаржыландыруға арнап бюджеттік қаражаттар бөлініп отырған деп ойлаймыз. Жастар ұйымдары өкілдерінің пікірінше, жастар саясатына бөлініп отырған ақшаның басым бөлігі Жас Отан мен Жасыл Елге түсіп отырады.³⁴

Ауыл жастарына қатысты бастаманың біреуі қай жерде аяқталып, екіншісі қай жерде басталатынын анықтау қиын. Басты сауал: оларға бюджеттік ресурстар қалай үлестіріледі? Жоғарыда аталған «Ауыл жастары. 2009 ж. қорытындысы» есебінде Тәрбие жұмысы мен жастар саясаты департаментінің бас сарапшысы Л. Уатаеваның айтуынша «Дипломмен - ауылға!» жобасы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен іске асырылуда. Бұл жағдайда Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жас Отанның партиялық бастамасын жүзеге асыруының себептері көрсетілмеген.

2012 ж. Президенттің сөйлеген сөзінде жастар мәселесі де аталған болатын. Оның айтуынша, 2012-2014 жж. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджетте 16 мыңнан астам жас мамандарды тарту үшін 21,6 млрд. теңге қаржы көзделген.³⁵

«Бүгінде «Ауыл жастары», «Дипломмен – ауылға!», «Жастар практикасы» және «Жасыл ел» жалпыұлттық жобаларды қаржыландырудың жиынтық көлемі 37,7 млрд. теңге ні құрады. «Жасыл ел» бағдарламасының белсенділері барлық ел бойынша 43 миллионнан астам жас ағаштар отырғызды. Бұл 80 мың гектар жаңа жасыл желек.

2020 жылға дейін жас отбасыларға арнап 1,2 млн. шаршы метр тұрғын үй салу көзделіп отыр. Қазақстанда әрбір төртінші мемлекеттік қызметкер – жас маман. Жастардың спортпен айналысуына арнап жағдай жасалуда. Тек былтырғы жылдың өзінде бір жарым мыңнан астам жаңа спорт нысандары ашылды.

Жұмысымыздың маңызды бағыты – жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру. «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасының шеңберінде «Жастар практикасы» бағыты сәтті түрде іске асырылып отыр. Бұл мақсаттарға арнап ағымдағы жылы 2,7 млрд. теңге қаржы бөлінді, бұл 15 мың жас тұлғаны қамтуға мүмкіндік беретін болады.³⁶

Жастар саясатын мемлекеттік реттеуде «2012 жылдық қараша айына қарсы Үкіметтің 2020 жылға арналған Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының жобасын әзірлеуге тиіс болуымен»³⁷ байланысты өзгерістер орын алады деп күтілуде. Оған қоса, 2012 жылдың соңына дейін мемлекеттік жастар саясатының мәселелері бойынша жаңа заң қабылданатын болады.³⁸

«Білім және ғылым министрлігінің құрылымында Жастар саясаты жөніндегі комитет құру, ал аймақтарда тиісті басқармалар құру» жоспарлануда. Облыстардың және Астана,

³⁴Жастар саясаты: тірек үлгісінен. Мемлекеттің жастар саясатын қалаудың нәтижелері . <http://www.ipr.kz/kipr/3/1/50#.T7o6Ank9VqY>

³⁵Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 27.04.2012ж. Қазақстан халықтары Асамблеясының XIX сессиясында өйлеген сөзі http://www.akorda.kz/ru/page/vystuplenie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-na-xix-sessii-assamblei-naroda-kazakhstan-27-04-2012_1340715076

³⁶Сол жерде

³⁷Сол жерде

³⁸Сол жерде

Алматы қалаларының әкімдері Жастар істері жөніндегі аймақтық кеңестерге өздері жетекшілік етуі тиіс»³⁹.

Жастарға арналған жаңадан әлеуметтік баспалдақтар құру үшін Үкіметке «жастарға арналған әлеуметтік баспалдақ құру бойынша заңнамалық және әлеуметтік-экономикалық шаралардың жүйелік жинағын әзірлеу»⁴⁰ туралы тапсырма берілді.

Білім және ғылым министрлігіне «Гумилев ат. Еуразия институтының жанынан «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығын құру мәселесін қарастыру» тапсырылды⁴¹.

Жоғарыда аталғандармен қатар Президент Нұр Отанның жастар қанатының жұмысын күшейту туралы өкім берді: «Нұр Отан» партиясының Орталық аппаратына «Жас Отан» 2020 ж. дейінгі іс-әрекетінің стратегиясын әзірлеп және бекітуді тапсырамын»

Қорытынды

Кейінгі жылдары мемлекет органдары ішкілік -қон мен жастар саясаты саласына қатысты бірнеше заңнамалық бастамаларды әзірлеп енгізді. Бұл жағдайда мемлекеттің жастар саясаты жастардың көші -қонын қарастырмайды, ал юші -қон үрдісін реттейтін заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілер жеке түрде қабылданған болатын және олар жастар саясаты саласындағы бастамалармен тұғырнамалық тұрғыдан біріктірілмеген.

Бұл бастамалар олар өздеріне қатысты адамдардың қатысуынсыз және олардың пікірін ескерусіз әзірленуде, бұл олардың тиімділігін едәуір төмендетеді. Фокус-топтарының қатысушылары талқылау барысында бұл бастамаларды «ауылға арналған бағдарламалардың ақшасын бөліп қию» деп атады.

Есеп комитетінің мәлімдеуінше, мониторинг пен ведомствоаралық іс-әрекет «Нұрлы көш» бағдарламасына ғана қатысты емес, сондай-ақ ауылдағы әлеуметтік сала қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету мен ынталандыруға бағытталған «Дипломмен - ауылға!», «Ауыл жастары», «Жастар саясаты» және т.б. қалған барлық бастамаларға қатысты ұйымдастырылмаған. Аталмыш бастамаларды іске асыру қандай әрекеттер жасалғанын және қойылған мақсаттарға қол жеткізілген бе жоқ па мұны қадағалап шығудың ешбір мүмкіндігі жоқ. Бюджеттік қаражаттардың ашық түрде үлестірілмеуі, есептіліктің әлсіздігі және көзге байқалатындай нәтижелердің жоқтығы «Ауыл жастары» сияқты қаржылық тұрғыдан алғанда ауқымды болып келетін бастамалардың ауыл жастарының жағдайының іс-жүзінде жақсаруына әкеледі деп үміттенуге мүмкіндік бермей отыр.

«Жастар саясаты» бағдарламасының тиімділігіне баға беру мүмкін емес, себебі Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «практикаға жіберілгендердің саны» бойынша ғана есеп береді, яғни тек уақытша жұмысқа орналасқандар жайлы есеп береді. Практиканы өтуден кейін жұмысқа орналасқандардың саны, яғни жастарға арнап тұрақты жұмыс орындарының құрылуы басты көрсеткішке айналуда тиіс. Басқарманың есебінде мұндай деректер жоқ, және есептілік нысанында ондай көрсеткіш ескерілмеген.

Жастарды білім ғана кейін ауылға қайтаруға арналған әрекеттер олардың тартымдылығына қарамастан жан-жақты ойластырылмаған бастама болып қалуда, себебі ауыл мен аудандардағы инфрақұрылымды дамытпай кадрларды үлке дейін ұстап қала алмайды. Фокус-топтарының қатысушылары атап өткендей, ауылды жерлерде өркениетті өмірге арналған су құбыры, үздіксіз электрмен қамту, газ, жолдар, Ғаламтор, спорттық және мәдени нысандар тәрізді ең қарапайым жағдайлар жасалмаса, жастар ол жерлерде қалмайды. Ауылды жерлерде мұндай инфрақұрылым бюджеттік қаражаттың есебінен құрылғанның өзінде оны үнемі жұмыс күйінде ұстап отыру қажет. Ауылда жұмыс

³⁹Сол жерде

⁴⁰Сол жерде

⁴¹Сол жерде

орындарын құрмай, ауыл шаруашылығы мен өңдеу кәсіпорындарын дамытпа й ауыл тұрғындарының жағдайын жақсарту мүмкін емес.

Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеп отырудың қиындығы елеулі мәселеге айналып отыр. Бірде бір мемлекет органы Алматысында қанша ішкі көшіп-қонушылардың тұратынын және оның ішінде қаншасы жастар екенін білмейді.

Тіркеусіз тұрып жатқан ішкі көшіп-қонушылар үшін айыппұлдық шараларды қатайту көші-қон ағымдарының азаюына әкелмей, қайта керісінше заң бұзушылықтар санының артуы мен сыбайлас жемқорлықтың күшеюіне ықпал етуде. Қалалардағы жұмыссыз жастардың көбеюі, өмір сүру деңгейінің төмендігі әлеуметтік шиеленістің артуына әкеледі. Алматыда жас көшіп-қонушылардың саны өсуде – бұл өзімен санасу қажет болатын объективті ақиқат. Олардың мәселелерін өздерін ауылға қайтаруға үміттенбей Алматыда шешу қажет.

2.2. Көші-қон мен жастар саясатын басқарудың мемлекет органдары

«Көші-қон ағымдарын басқарудың негізгі ұстанымдары» мен Үкіметтің, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволардың осы саладағы құзырлықтары «Халықтың көші-қоны туралы» заңымен белгіленеді. 2012 жылдың сәуір айында көші-қон заңнамасына енгізілген өзгертулерге сәйкес, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ішкі көшіп-қонушыларды көшіру квотасы қолданылатын болады (8-баб., 3-тарм.).

2010 жылы ЕХӘҚМ Көші-қон комитеті мен оның аймақтық органдары таратылды⁴² және оның орнына өз құзырлығы шеңберінде көші-қон ағымдарын реттеу және халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіру әрекеттерін жүргізіп отыруға уәкілетті ҚР Ішкі істер министрлігінің (ҚР ІІМ) Көші-қон полициясы комитеті құрылған болатын.⁴³

Ішкі көші-қон ағымдарының есебін ҚР ІІМ мен Статистика жөніндегі агенттігі жүргізіп отырады. ҚР ІІМ-нің қарамағындағы Халыққа қызмет көрсету орталықтары тұрғылықты жері бойынша тұрғын халықтың келуі мен кетуі жайлы белгі соғып,, тіркеп отырады, бұл ішкі көшіп-қону кезіндегі қозғалыстарды есепке алып отыруға мүмкіндік береді. ҚР ІІМ Көші-қон полициясы комитеті ішкі көші-қон бойынша бүкіл ақпаратты жинақтауды қамтамасыз етеді. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі тұрғын халықтың келуі мен кетуі бойынша деректерді аймақарқимасында, сондай-ақ жынысы, жасы, ұлты, білімі бойынша жинақтап отырады.

ІІМ Көші-қон полициясы комитеті ішкі көші-қонға қатысты:

- өз құзырлығы шеңберінде халықтың көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- мемлекет органдарының халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі қызметіне ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;
- көші-қон үрдістерін реттеу саласындағы шаралар жүйесін әзірлейді;
- көші-қон үрдістеріне мониторинг жүргізеді;
- ҚР халықтың көші-қоны туралы заңнамасының орындалуын бақылайды;
- халықтың көші-қоны мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

⁴²Көші-қон комитетінің қарамағында болған төрт мемлекеттік мекеме Көші-қон полициясы комитетінің қарамағына берілген, олар - Қарағанды, Шымкент, ОҚО Ақсу кент., және Ақтау қ. Оралмандарды бейімдеу мен ықпалдастыру орталықтары

⁴³ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйегіндегі № 1009 «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттырудың кейбір шаралары туралы» қаулысы.

- ҚР Үкіметіне ішкі көшіп-қонушыларды көшіру квоталарын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізеді;
- ішкі көшіп-қонушыларды көшіру квоталарын облыстарға, республикалық маңызы бар қалалар мен астанаға үлестіреді;
- ҚР азаматтарын есепке алып және тіркейді;
- ҚР азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеп және тіркеуден шығарады;
- уақытша тұру орнына келіп жатқан ҚР азаматтарын уақытша жүрген орны бойынша есепке тіркейді;
- осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңдарымен, ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілерімен ескерілген өзге де құзырлықтарды жүзеге асырады.

Жастар саясатын қалыптастыру мәселесі өзінің құрамына Жастар саясатының комитеті кіретін Білім министрлігінің құзырлығын а жатады. Оған қоса, жоғарыда айтылып кеткендей, өзге министрліктер де жастардың мәселелерін шешу ісіне тартылған, мысалы Ауыл шаруашылығы министрлігі ауыл жастарына қатысты бірқатар бастамаларды іске асыру үшін жауапты болатын.

Алматыда жастар саясатын іске асыру үшін 2009 жылдың қаңтар айында құрылған Жастар саясаты мәселелері басқармасы жауапты, алайда жастардың көші-қон мәселелері оның құзырлығына жатпайды.⁴⁴

Оған қоса, Алматы қ. Жастар саясатын дамытудың мемлекеттік қоры (ЖСДМҚ) бар, ол Алматы қаласы Әкімінің 2001 ж. 2 наурызындағы № 118 шешімімен жастар істері жөніндегі және мемлекеттің жастар саясатын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган ретінде құрылған⁴⁵. ЖСДМҚ бірнеше бағыт бойынша жұмыс жүргізетін болады деп жоспарланған болатын, олар: жастарға арнап әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын құру; ерекше өзге түскен түлектерге стипендия тағайындау және өзге түрде қолдау көрсету; жастардың жұмыспен қамтылуына жәрдем көрсету; жастар шығармашылығын, спорт, ғылымды дамытуға арналған ірі жобаларды іске асыру және т.б. ЖСДМҚ-ның 2011 жылға арналған жұмыс жоспары қарағанда оның қазіргі уақыттағы қызметі фестивальдер, әскери-спорт ойындары, акциялар және т.б. тәрізді имидждік шараларды жүргізуге бағытталған. Іс-жүзінде, жастардың көші-қоны және Алматы қаласында тұратын жас көшіп-қонушылардың алдында тұрған мәселелер ЖСДМҚ-ның мүддесіне жатпайды.

Жастар саясатының тиімділігін арттыру үшін кеңес беру - кеңесу органы – ҚР Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес құрылды (Президенттің 1.07.2008 ж. № 625 Жарлығы)⁴⁶.

Кеңестің негізгі міндеттері:

- жастарға қатысты кешенді мемлекеттік саясаттың басымдылықтарын айқындау, аталмыш саясатты әзірлеу және іске асыру бойынша ұсыныстар жасау;
- Қазақстан Республикасының Президентін жастар арасындағы жағдай туралы хабардар ету;
- Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін талдау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

⁴⁴ Оған қоса Алматы қ. Жастар саясатының мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Алматы қ. жастардың ішкі көші-қон мәселелерін талқылауға арналған фокус-топқа шақыру қағазын елеусіз қалдырды.

⁴⁵ Алматы – жастар қаласы. Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру. 2011 ж. 99-б.

⁴⁶ www.akorda.kz

- Мемлекеттің жастарға қатысты саясатының өзге де маңызды мәселелерін талқылау.

Жастар саясаты жөніндегі кеңес отырыстарының хаттамалары жұртшылық үшін жариялы емес, сол себептен ондақандай мәселелердің талқыланғаны белгісіз. Жастар саясатының осы уақытқа дейін жастардың көші-қоны мәселелерін қозғамағандығына қарағанда Кеңес әзірге аталмыш мәселеге жеткілікті көңіл бөлмей отыр деген қорытынды жасауға болады.

Қорытындылар

Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың тиімділігі ведомствоаралық іс-әрекеттердің әлісіздігіне орай, мемлекет органдарының қызметі бойынша толық есеп бермеуі және ашықсыздығына орай төмендеуде.


Алматыда жастар саясатының мәселелерімен айналысатын екі мемлекет органының: Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма мен Жастар саясатын дамытудың мемлекеттік қорының болуына қарамастан жас көшіп-қонушылардың мәселелері олардың бірде-біреуінің мүддесіне жатпайды. Бұл мекемелер негізінен жастар саясатының көріністік бөлігімен: фестивальдер, акциялар және т.б. ұйымдастырумен айналысады, ал Алматыға өзге аймақтардан келген жастардың басым көпшілігі өз мәселелерімен өздері айналысуда.

2.3. Алматы қаласындағы ішкі көші-қон мен жастар көші-қонының статистикасы

Қазақстан ішіндегі өкпi -қон ауылдар мен экологиялық қолайсыз аймақтардан экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың экономикалық жағдайы анағұрлым қолайлы аймақтарға қарқынды түрде көшуімен сипатталуда.

Кейінгі онжылдықта ішкі көші-қонның барынша тартымды бағыттарына Алматы, Атырау және Маңғыстау облыстарымен қатар, Астана мен Алматы қалалары жатады. Қосымшадағы 1-кестеде жүрсетілген ішкі көші-қон сальдосы бойынша деректер осы беталыстың көрнекі дәлелі. Астана мен Алматы қалалары ішкі көшіп-қонушылардың ең көп қоныс аударатын мекендері: 2011 жылғы қорытындылар бойынша, көші-қонның ең жоғары оң таңбалы сальдосы қалыптасқан. Алматы қ. оң таңбалы сальдо 2010 жылғы 8,8 мың адамнан 2011 жылы 22,5 мың адамға дейін артты, Астана қ. оң таңбалы сальдо 2010 жылғы 33,8 мыңнан 2011 жылы 31,1 мыңға дейін азайды. Көші-қонның теріс таңбалы сальдосы қалыптасқан өңірлердің арасында Жамбыл (11,2 мың), Оңтүстік-Қазақстан (9,9 мың) және Шығыс-Қазақстан (9,3 мың) облыстары ілгері келеді (1-сурет).

1-сурет. 2010-2011 жж. ішкі көші-қон сальдосы, адам



Дереккөзі: ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректері

Ішкі юші -қонды есепке алу статистикасы азаматтарды тіркеу~~әж~~ тіркеуден шығару кезінде толтыратын талондарға негізделген. Олар ҚР Статистика жөніндегі агенттікке ҚР ІІМ-ға қарасты Халыққа қызмет көрсету орталықтарынан, үсіп отырады. Алайда талондарда азаматтарды тек есептен шығару немесе тұрғылықты жері бойынша тіркеу негізінде есепке алынып отырады. Көбінесе. жұмыс іздеумен қалаға кетіп жатқан ауыл тұрғындарының жаңа орнында тіркелуге мүмкіндігі болмайтындықтан олар ауылда тіркеуде қала береді.

2009 жылы өткізілген халық санағы қала және ауыл тұрғындарының арақатысын анықтамады: ауыл ұрғындары үлесінің артқанын көрсетті.⁴⁷ Егер 1989 ж. халық санағының қорытындысы бойынша қала тұрғындары 57,1%, ал ауыл тұрғындары – 42,9% құраған болса, 2009 ж. халық санағының қорытындысы бойынша, Қазақстандағы қала тұрғындарының үлесі 54,1%, ал ауыл ұрғындарының үлесі – 45,9% құрады⁴⁸. Бір жағынан, мұны келесі жағдаймен түсіндіруге болады: «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» Заңына сәйкес⁴⁹ республикалық, қала және облыс маңызындағы қалалардың әкімшіліктеріне бағыну аймақтарынан тысқары орналасқан қалалық кенттер ауылды жерлерге өзгертілген болатын. Соның нәтижесінде қала тұрғындарының саны 2006 ж. 8 833,3 мың адамнан 2007 жылы 8 265,9 мың адамға азайды, ал ауыл ұрғындарының саны соған сәйкес 6 563,6 мың адамнан 7 305,6 мың адамға көбейді. Екінші жағынан, қалада тіркелудің қиындығы ауыл тұрғындарының санын статистикалық жағынан қолдауға ықпал етеді.

Сірә, мұның өзге себебі де болуы мүмкін. Ауылды қолдау бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған бюджеттік қаражаттар аймақтардағы ауыл тұрғындарының санына негізделе отырып бөлінеді, сол себептен жергілікті орындардағы атқару билігі аталмыш көрсеткішті азайтуға мүдделі емес.

2009 ж. халық санағына сәйкес Қазақстанда еркектер мен әйелдердің тең пропорциясымен жасы 14 пен 29 аралығында 4,5 млн. азамат болды⁵⁰. Осылайша, жастар ел халқының 28% құрады. Қалада жастар ауылға қарағанда (2,02 млн.) көбірек тұрады – 2,48 млн. Алайда, жасы туралы айтатын болсақ, ауылды жерлерде 14 жастағы (қалада 128,0 мың, ауылда – 145,7 мың), 15 жастағы (қалада 134,6 мың, ауылда – 150,1 мың) жастар көбірек тұрады. Алайда жасы 15-тен асқан жастардың басым бөлігі қалада тұрады. Біздің ойымызша, бұл жастардың 9 сынып бітіре салысымен ауылдан кете бастауымен байланысты. Мысалы, 16-19 жас аралығындағы қала жастарының саны 693,3 мың, ал ауыл жастарының саны 567,0 мың адамды құрайды, яғни айырмасы қазірдің өзінде 126,3 мың адамды құрауда. Әрі қарай айырма арта береді: 20-24 жас аралығындағы қалалық жастардың саны 913,3 мың, ал ауыл жастарының саны - 691,8 мың. 25-28 жас аралығындағы жастардың қалалардағы саны - 618,6 мың адам, ауылда - небәрі 468,0 мың. Бұл деректердің жалақы іздеумен ауылды жерлерден қалаға келген, қалада тіркелмеген жастарды есепке алмайтынын ескеру қажет.

Гендерлік теңдік жағынан, қалада жастар арасында әйелдерге қарағанда (51,1%) еркектер (48,9%) аз тұрады, ал ауылда керісінше жадай орын алуда: мұнда жастардың арасында еркектерге қарағанда (51,5%) әйелдердің саны аз (48,5%).


⁴⁷Халықтың көші-қоны. ҚР-дағы 2009ж. Ұлттық халық санағының қорытындысы. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана 2011.

⁴⁸Қазақстан Республикасындағы халық санағы. Қысқаша қорытынды. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана 2010. с.5

⁴⁹2006 ж. 4 қарашасындағы №184-ІІІ, 2007 ж. 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген

⁵⁰Қазақстан Республикасының жастары. 2009ж. Ұлттық халық санағының қорытындысы. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана 2010.

2-сурет Қазақстан аймақтары бойынша жастар саны




Дереккөзі: ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Қазақстан Республикасының жастары. 2009 ж. Ұлттық халық санағының қорытындылары.

Ең көп жастар тұратын өңірлер: Оңтүстік-Қазақстан облысы (723,7 мың адам, немесе елдегі жас азаматтардың жалпы санының 16,1%), Алматы облысы (510,5 мың адам, немесе 11,3%) және Алматы қаласы (424,0 мың адам, немесе 9,4%).

Алматының ішкі көшіп-қонушылар үшін тартымды болуы оның инфрақұрылымының дамуымен ғана емес, сондай-ақ жоғарғы оқу орындарының көп санымен түсіндіруге болады⁵¹. Мұнда Қазақстан жоғарғы оқу орындарының үштен бір бөлігі орналасқан: 2010 жылы Қазақстанның 149 жоғарғы оқу орнының 52-сі Алматыда орналасқан, 2011 жылы 146 жоғарғы оқу орнының 47-і Алматының үлесіне тиесілі болды. Оған қоса, 2011 жылы 804 техникалық және кәсіби білім беру мекемесінің 69-ы Алматыда болды⁵².

3-сурет. Алматы қ. жастардың 2011ж. жасы бойынша көші-қоны



⁵¹ Қазақстанның өңірлері. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана 2012., 11-б.

⁵² Сол жерде.


Дереккөзі: Алматы қ. Статистика департаменті http://rus.almaty.gorstat.kz/social_sp/page/2/

Алматы қ. Статистика департаментінің деректері бойынша, 2012 ж. қаңтарда Алматы халқының арасында жастардың үлесі 31,5% (456,1 мың) құрады⁵³. Жастық категориялар бойынша 17 мен 22 жас аралығындағы жастар басым болуда – бұл келуші жастардың 73,7%-ы, орта мектепті бітіргеннен кейін білім алу мен жұмыс іздеуге өзге облыстардан келген жастар. Бұл деректерде Алматы қ. тіркелген жас көшіп -қонушылар ғана көрсетілген.

2011 жылы Алматыға тұрақты түрде тұру үшін 33,4 мың жастар келді – бұл барлық келушілердің 72,3%-ы (соның 22,0 мыңы әйелдер). 11,5 мың адам шығып кеткен, бұл барлық шығып кетушілердің 48,3% құрайды (6,7 мыңы - қыздар). Осылайша, оң таңбалы сальдо 21,9 мың жас юшіп -қонушыны құрады. Жастардың арасында бәрінен де 18 жастағы тұлғалар көп кездеседі – 7,6 мың.

2011 жылы Алматының 47 жоғарғы оқу орнында (оның 10-ы - мемлекеттік) 183,2 мың студент⁵⁴ оқыған (соның ішінде 105,4 мың бойжеткен, 4-сурет). Студенттердің жас аралығы өте ауқымды болып келеді: 16 жастан бастап 29 жасқа дейін, дегенмен соның басым бөлігін 17-22 жас аралығындағы жастар құрайды.

4-сурет. Алматы қ. жоғарғы оқу орындарында оқып жүрген студенттердің жасы




Дереккөзі: Алматы қ. Статистика департаменті. Алматы қаласының 2011-2012 оқу жылының басына қатысты жоғары оқу орындары

Студенттердің арасында ақылы негізде оқытылатындардың саны басым болуда – 130, 3 мың, мемлекеттік білім беру гранттарының есебінен 50,0 мың және мемлекеттік тапсырыстың есебінен тағы 2,8 мың студент білім алуда (5-сурет).

5-сурет. Бюджеттің есебінен және ақылы негізде оқитын студенттер

⁵³ Алматы қаласындағы халықтың 2011 ж. қаңтар-желтоқсан айларындағы көші-қоны. Алматы қ. Статистика департаменті http://rus.almaty.gorstat.kz/social_sp/page/2/

⁵⁴ Алматы қаласының 2011-2012 оқу жылының басына қатысты жоғарғы оқу орындары http://rus.almaty.gorstat.kz/social_sp/



Дереккөзі: Алматы қ. Статистика департаменті. Алматы қаласының 2011-2012 оқу жылының басына қатысты жоғарғы оқу орындары

Қорытынды

Алматы көбінесе жас ішкі көшіп-қонушылар үшін тартымды қала. 2011 ж. қалаға келген барлық көшіп-қонушылардың 72,3%-ы – 14 пен 29 жас аралығындағы жастар. Бұл Алматы қ. халқының арасында жастардың жоғары үлесін – 31,5% қамтиды. Жастардың елеулі ағымы бұл қалада жоғарғы оқу орындарының жоғары мөлшерде шоғырлануымен негізделген. Жастар саясаты саласында шешім қабылдау үшін жауапты жастардың мәселелеріне көбірек көңіл бөліп отыру қажет.

Статистикалық деректерді талдау көрсетіп отырғандай, келешекте жастардың 15 жасқа толғаннан кейін ауылдан кете бастауына байланысты ауыл тұрғындары қартаю отыратын болады. Дегенмен қалада тіркелудің қиындығына орай ішкі көші-қонды шүбәсіз түрде есепке алу қиын болып отыр. 2009 ж. халық санағының қорытындысы бойынша кейінгі жиырма жылда ауыл тұрғындарының 3%-ға статистикалық көбеюі ауыл тұрғындарының нақты жылыстауы мен оның қарқынды түрде қалаға көшіп-қонуын көрсетпейді.


Ескеретін жағдай, жыл сайын Алматы қаласына келуші жастарға қарағанда одан кетуші жастардың саны азайып келеді. Оған қоса, Алматыда ұрып жатқан жастардың нақты санын есептеп шығару мүмкін емес, себебі тіркелусіз тұрып жатқан ішкі көшіп - қонушылардың саны есепке алынбайды.

3. Алматыдағы жастар көші-қонын зерттеу нәтижелері

3.1. Респонденттерге қатысты жалпы сипаттама

Сауалнамаға Алматыда тұратын, 14 пен 29 жас аралығындағы 1000 жастар қатысты (6-сурет). Сауалнамаға қатысушылардың 52,6% -ы еркектер, 47,4%-ы - әйелдер. Алматыда тұратын жас көшіп-қонушылардың басым бөлігі қазақтар - 84,9%, ұлты орыс респонденттер – 4,2%, ұйғырлар – 3,3%, татарлар – 1,3%, кәрістер - 0,8%, украиндер - 0,2% және өзге ұлттарға 5,3% -ы тиесілі.

6-сурет. Респонденттердің жасы




Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Сауалнамаға қатысқан жастардың 73,1%-ы еркін үйленбеген, 21,4%-ы–некеде тіркелген, 3%-ы–некеде тіркелмеген, 2,2% - ажырасқан және 0,3% жұбайларынан бөлек тұрады.

7-сурет респонденттердің білім беру деңгейін көрсетеді. Сауалнамаға қатысушылардың үштен бір бөлігінің аяқталмаған жоғары білімі бар, 26,6% - орта мектепті бітірген, 18,2% - дипломымен аяқталған жоғары білімі бар.


7-сурет. Респонденттердің білімі



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Респонденттер Қазақстанның барлық өңірлерін танытады (8-сур.).

8-сурет. Жас көшіп-қонушылардың бастапқы тұрғылықты жері



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Респонденттердің арасында Алматы (28,1%), Оңтүстік-Қазақстан (18,9%) және Жамбыл (15,7%) облыстарынан келушілер көп. Бұны бірқатар себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, елдің оңтүстігіндегі отбасылар дәстүрлі түрде көп балалы отбасылар болып келеді. Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша, тек қана Оңтүстік-Қазақстан облысында барлық елдің жастарының 16% тұрады (2-сур.). Екіншіден, аталған облыстарда халықтың жан басына шаққандағы жалпы аймақтық өнімнің (ЖАӨ) ең төмен көрсеткіші орын алуда⁵⁵: ел бойынша небәрі 30-40%. Сол себептен бұл облыстардағы номиналдық ақшалай табыстар Қазақстан бойынша ең төмен табыс болып келеді. Мысалы, 2011 жылы Оңтүстік-Қазақстан облысындағы халықтың номиналдық ақшалай табысы Алматы қаласындағы тұрғын халықтың орташа табысының небәрі 34%-ын, Жамбыл облысында – 38%, Алматы облысында – 43% құрады⁵⁶.

Деректерге жүргізілген барынша толық талдау көрсетіп отырғандай, респонденттердің 58%-ы ауылдан/селодан келген, 15%-ы халқының саны 100 мың адамды құрайтын қалалардан, ал 27% - халқының саны 100 мыңнан асатын қалалардан келген.

1-кесте. Жас көшіп-қонушылардың бастапқы тұрғылықты жері

Алматыға көшіп келгенге дейінгі тұрғылықты жері:		
Халқының саны 100 мыңнан асатын қала	Саны	270
	%	27
Халқының саны 100 мыңға дейін қала	Саны	150
	%	15
Село/ауыл	Саны	580
	%	58
Барлығы		1000

Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

⁵⁵ Автордың «Қазақстан өңірлері» басылымының деректеріне сүйенумен жүргізген есептеулері. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана 2012., 16-б.

⁵⁶ Автордың «Қазақстан өңірлері» басылымының деректерінің негізінде жүргізген есебі. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана 2012., 12-б.

«Сіздің отбасыңыздың мүшесі сізбен бірге Алматыда тұра ма?» деген сұраққа 43,1%-ы ия, ал 56,9% - жоқ деп жауап берді. Ия деп жауап берген респонденттер өздерімен тұратын отбасы мүшелерін де атап өтті: жалпы ағанда 450 адам. Осылайша, бұл зерттеу сауалнамаға 1000 тікелей қатысушының жағдайын ғана емес, сонымен қатар 450 ішкі көшіп-қонушының – отбасы мүшелерінің жағдайын көрсетуде.

Респонденттер өздерімен бірге келесі туыстарының тұратынын атап өтті: әйелі/күйеуі – жауап бергендердің 44,4%-ы, ағасы/інісі - 36,9%, әпке/қарындас/сіңлісі - 27,3%, баласымен бірге тұратындардың саны да сондай, 23,3% - анасы, 20,9% - қызы, 17,3% - әкесі, 2,4% - қалыңдығы/күйеуі, 0,3% - әжесі.

Бірге тұратын отбасы мүшелері негізінен жастар: респонденттердің 93,1%-ы туыстарының жасын 18-30 жас деп көрсетті, 37,5% - 5 жасқа дейін, 19,9% - 5 пен 10 жас аралығы. Жауап бергендердің 30,4%-ы ғана 30 бен 50 жас аралығындағы туыстарымен бірге тұрады, ал 20,5% - жасы 50-ден асқан туыстарымен тұратын болып шықты.

Жас көшіп-қонушылардың өздерімен бірге тұратын туыстарының білім деңгейі қандай? Респонденттердің 91%-ы отбасы мүшелерінің орта білімі бар екенін, 50,3% - орташадан жоғары, 1,3% - университеттік, 1,3% - бастауыш және 2% - білімінің жоқ екендігін көрсетті.

«Сіз келесі бес жыл ішінде Алматыда қалуды немесе бақа жерге қоныс аударуды жоспарлап отырсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің 68%-ы келесі бес жыл ішінде Алматыдан кетуді жоспарламайтынын айтты, 22,3% әлі белгілемеген, 5,4% – туған қаласына қайтып оралуды жоспарлауда, 3,1% - басқа жерге көшіп кетуді жоспарлауда және 1,2% – басқа елге кетіп қалғысы келеді.

Қалуды жоспарлап отырған 680 респонденттің басым бөлігінің аяқталмаған жоғарғы білімі бар (226 – оқуын жалғастырып жүрген студенттер); 141 респонденттің аяқталған жоғарғы білімі бар, 181 – орта мектепті бітірген, 66 - техникум/колледж бітірген, тағы 46-ы техникумда/колледжде оқиды.

Жұмыспен қамтылу бойынша қалуды жоспарлаған респонденттердің 50,1%-ын жалданбалы қызметкерлер, 40,3% – студенттер, 15% - өз-өзін жұмыспен қамтығандар құрайды.

Алматыдан кетуді жоспарлап отырған тұлғалар өзінің жоспарын келесі себептермен түсіндірді: «туыстарына жақынырақ жерге көшіп және жеке басының өмірін құру» - 76,9% респондент; «жұмыс іздеу және одан арғы уақытта жұмысқа орналасу» - 15,3% жас көшіп-қонушылар; «білім алу үшін шетелге кету» - 3,5% респондент. Жауап бергендердің 1,8%-ы өзінің шешімін Алматыдағы бағаның қымбаттығымен, тұрғын үй не жұмыс жоқтығымен әрі қолайсыз экологиямен түсіндірді. Респонденттердің 1,4%-ы Астана қ. олар үшін ілгері жылжуға мүмкіндіктер көбірек болады деп санайды. Жауап бергендердің 1,1%-ы кетудің себептері ретінде мемлекеттен көмектің жоқтығын, сыбайлас жемқорлық пен ілгері жылжу үшін мүмкіндіктердің жетіспеушілігін атауда.

«Сіздің ата-анаңыздың біреуі не екеуі қоныс аударушы /оралман ба?» деген сұраққа респонденттің 4,6%-ы анасының, 4,9%-ы әкесінің оралман екенін айтты. Сауалнама ішкі көшіп-қонушылардың жағдайын зерттеуге арналғандықтан, жауап бергендердің арасында алдымен Қазақстанның өзге өңіріне қоныс аударып, артынша Алматыға келген жас оралмандардың бірнеше сауалнамасы ғана болды.

«Сіз қандай да бір дінге не месе конфессияға жатасыз ба және ия десеңіз қайсысына жатасыз?» деген сұраққа 91,6%-ы мұсылман дініне, 4,2% – православие, 4,1%-ы өзін ешбір дінге жатқызбайтынын, ал 0,1%-ы – католик екенін айтты.

Бұл жағдайда, қай конфессияға жатуына байланыссыз жауап бергендердің 91,9%-ы өзін діндер деп санайды, 8,1%-ы өзін құдайға сенбейтіндер қатарына жатқызады⁵⁷. Сауалнамада бұл сұрақтарды бөле отырып, біз респонденттердің конфессияға не діни салт-дәстүрге жатуы сол діннің (мұсылмандық христианство, буддизм, иудаизм) салт-дәстүрлерін ұстанатынына негізделдік. Құдайға сенуші адам – бұл құдайға сенетін және соның уағыздары бойынша өмір сүруге тырысатын адам.

Қорытынды

Алматыға көшіп келуші жастардың басым бөлігі қазақтар және олар жастардың үлесі жоғары болып келетін елдің оңтүстік облыстарынан келген. Респонденттердің төрттен үш бөлігі халқының саны 100 мың адамнан аз ауылдар мен қалалардан келген.

Респонденттердің 28,5%-ның жасы 20-дан төмен, тағы бір үштен бір бөлігінің жасы - 20-22 жасты құрайды. Респонденттердің басым бөлігінің білімі орта білімнен жоғары (70%). Негізінен, жас көшіп-қонушылар (68%) Алматыда жақын арадағы бес жыл бойы қалуды жоспарлауда.

Алматыдағы жас көшіп-қонушылардың барлығы бірдей жақсы білім алған деп айтуға болмайды. Жоғарыда айтылып кеткендей, тұрғын халықтың барынша осал топтарынан құралған көшіп-қонушылар сұхбат алушылармен байланысқа шықпады және сауалнаманың сұрақтарына жауап беруден бас тартып отырды.

Респонденттердің төрттен үш бөлігі ешқашан некеге отырмаған, ал 21,4%-ы тіркелген некеде тұрады. Респонденттердің арасында тіркелмеген некеде тұратындар, бөлек тұратын не ажырасқандар да бар. Жауап бергендердің 43%-ы Алматыда отбасы мүшелерімен бірге тұрады, олардың 93%-ы 18 бен 30 жас аралығындағы туыстарымен бірге тұрады.


3.2. Көшу себептері

Респонденттерді көшуге мәжбүрлеген қандай себеп? Бұл сауалға жауап берген кезде респонденттер жауаптардың біреуден артық нұсқасын таңдай алатын. Жас көшіп-қонушылардың 57,4%-ы үшін бұл «білім алу», 54,1% үшін - «табыстың жеткіліксіздігі» болды. Респонденттердің 43,4%-ы себеп ретінде «бұрынғы тұрғылықты орны бойынша жұмыс/еңбекақы болмағанын», 31,8%-ы – «өзінің өмір сүру деңгейі қанағаттандырмағанын», ал 21,5%-ы - «отбасылық себептерді» атап өтті. «Медициналық қызметтердің жеткіліксіздігі» жауап бергендердің 1,5%-ы үшін «өте маңызды» және 3,3%-ы үшін «елеулі» болды, барлығы 4,8%.

22 жастағы бойжеткен Қостанай облысының Арқалық қаласынан келді. Оның 26 жастағы ағасы ауыр науқасқа шалдыққан және оған үнемі медициналық көмек қажет. Барлық отбасы (әке-шешесі, ағасымен) көшіп келуге мәжбүр болды. Қазіргі уақытта олар Шырақ ықшамауд анында 2 бөлмені жалдап тұрып жатыр. Талғар қ. туыстарының үйінде тіркелген.

⁵⁷ Бұл сауалдар зерттеудің басында сауалнаманы сынақтан өткізгеннен кейін өлінген болатын. Сынау барысында кейбір респонденттер өздерін құдайға сенуші деп санайтынын, алайда бірде-бір дәстүрді дінге жатқызбайтынын және діни салт-дәстүрлерді ұстанбайтынын көрсетті. Бұл респонденттер өздерін тенгриандықтар деп атады.

9-сурет. Көшу себептері




Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Егер жауаптарды гендерлік теңдік жағынан қарастыратын болсақ, Алматыға көшіп келген бойжеткендер үшін көшуге білім алу, медициналық қызметтердің жеткіліксіздігі, отбасылық себептер, осында туыстары мен достарының болуы тәрізді әлеуметтік себептер түрткі болғаны анықталады. Жас көшіп-қонушы ер адамдар үшін табыстың жеткіліксіздігі және өмір сүру деңгейіне қанағаттанбауы тәрізді экономикалық себептер маңыздырақ..

Жас көшіп-қонушылардың Алматыда тұру ұзақтығы олардың жасына байланысты: респонденттің жасы неғұрлым жоғары болған сайын, ол Алматыда соғұрлым ұзақ тұрады.

10-сурет. Алматыда тұру ұзақтығы



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Респонденттердің 11,5%-ы Алматыда ары кеткенде бір жыл ұрады, оның 77,4%-ы 1990-1994 жж. аралығында туған (10-сур., 2-кесте). 71,5%-ы Алматыда 1 жылдан 3 жылға дейін тұрады, 1991-1993 жж. аралығында туған. Алматыда 3 жылдан 5 жылға дейін тұратын респонденттердің арасында 72,3%-ы 1987-1991 жж. туылған. Алматыда 10 жылдан астам уақыт бойы көбінесе 1984-1988 жж. туғандар (73,0%) тұрады.

2-кесте. Респонденттің жасы мен Алматы қаласында тұру ұзақтығының арақатысы

	Сіздің Алматыда жүргеніңізге қанша уақыт болды					Жалпы		
	бір жылға жетпейді	1 жылдан 3 жылға дейін	3 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан 10 жылға дейін	10 жылдан артық	Саны	%	
1 983			2	0,7%	6	2,2%	8	0,8%

1 984	3	2,6%	3	1,1%	5	1,8%	59	21,6%	12	18,8%	82	8,2%
1 985	1	0,9%	10	3,7%	15	5,3%	40	14,7%	5	7,8%	71	7,1%
1 986			6	2,2%	22	7,8%	38	13,9%	6	9,4%	72	7,2%
1 987	6	5,2%	10	3,7%	30	10,7%	34	12,5%	6	9,4%	86	8,6%
1 988	3	2,6%	11	4,1%	30	10,7%	28	10,3%	5	7,8%	77	7,7%
1 989	6	5,2%	15	5,6%	32	11,4%	27	9,9%	1	1,6%	81	8,1%
1 990	9	7,8%	30	11,2%	61	21,7%	17	6,2%	3	4,7%	120	12,0%
1 991	13	11,3%	40	15,0%	50	17,8%	10	3,7%	6	9,4%	119	11,9%
1 992	8	7,0%	82	30,7%	23	8,2%	4	1,5%	8	12,5%	125	12,5%
1 993	35	30,4%	39	14,6%	6	2,1%	4	1,5%	4	6,3%	88	8,8%
1 994	24	20,9%	15	5,6%	3	1,1%	2	0,7%	6	9,4%	50	5,0%
1 995	6	5,2%	6	2,2%	1	0,4%	3	1,1%	2	3,1%	18	1,8%
1 996	1	0,9%					1	0,4%			2	0,2%
1 998					1	0,4%					1	0,1%
Итого	115	100,0%	267	100,0%	281	100,0%	273	100,0%	64	100,0%	1 000	100,0%

Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Қорытынды

Алматы білім алғысы келетін не тұрақты табыс көзін іздейтін көшіп-қонушы жастарды тартады. Респонденттердің 57,8%-ы үшін көшудің себебі білім алу болды, 45,1% үшін – бұрынғы тұрғылықты орны бойынша табысының жеткіліксіз болуы. 43,4%-ы жұмыстың жоқтығын атады, 31,8%-ын өмір сүру деңгейі қанағаттандырмайтын, ал жауап бергендердің 21,5%-ы отбасылық себептерді атады.

Көшу туралы шешім қабылдағанда себептердің гендерлік теңдік жағынан айырмашылығы бар. Қыздар үшін әлеуметтік себептер, ал жігіттер үшін экономикалық себептер маңыздырақ.


Респонденттердің 6,4%-ы ғана Алматыда 10 жылдан астам уақыт бойы тұруда. 11,5%-ы бір жылдан аз уақыт тұрып жатыр, ал қалған төрттен үш бөлігінің Алматыда тұру ұзақтығы 1-3 жыл, 3-5 жыл және 5-10 жыл аралығындағы мерзімді құрайды.

3.3. Тұрғын үй жағдайлары және тіркелу

Жауап бергендердің жас көшіп-қонушылардың небәрі 9,7%-ы ғана меншікті пәтерінде немесе ата-аналары/туыстарымен бірге тұрады. Респонденттердің 18,6%-ы жатақханада тұрады – бұл студенттер. 54,3%-ы қаланың шетінен жалға алынған бөлмелерде (4-5 адамнан), үйлерде (2-3 отбасымен бірігіп) тұрады. Респонденттердің 15,4%-ы туыстарымен бірге тұрады. Жауап бергендердің 2%-ы «жұмыс орны бойынша берілген» бөлмелерде – көлік жуу орындарында тұрады.

1987-1994 жж. туған көптеген студенттердің жатақханада тұруын санамағанда, көшіп-қонушының жасы мен тұрғын-үй жағдайларының арасында сондай бір байланыс жоқ (3-кесте). Сонымен қатар студенттердің көпшілігі жатақханада тұрады, сондай-ақ өз тұрғын үйі бар, пәтер жалдап тұратындар немесе туыстарымен тұратындар да кездеседі.

11-сурет. Көшіп-қонушылардың тұрғын үй жағдайы



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Жалданбалы жұмыскерлер – бұл оларға қатысты белгілі бір заңдылықты айқындайтын маңызды топ. Тұрғын үй мәселесін шешуге мүмкіндігі немесе тұратын үйі бар респонденттердің іс-жүзінде жұмыс тауып, өзін тұрақты табыс көзімен қамтамасыз етуге үміті көбірек. Өз үйінде тұратындардың арасында 42,3%-ы (41 респондент) жалданбалы жұмыскерлер. Пәтер жалдап тұратын респонденттердің 57,1%-ы (310 адам) жалданып жұмыс істейді. Туыстарымен 67 жалданбалы жұмысшы тұрады – бұл туыстарымен тұратындардың 43,5%-ы.

3-кесте. Жасы мен тұрғын үй жағдайының өзара байланысы


	Сіз қазір қайда тұрып жатырсыз									
	өз үйіңде		пәтер жалдап тұрамын		туыстарыммен тұрамын		жатақханада		басқасы	
1 983			8	1,5%						
1 984	7	7,2%	63	11,6%	10	6,5%	1	0,5%	1	5,0%
1 985	6	6,2%	53	9,8%	9	5,8%			3	15,0%
1 986	10	10,3%	53	9,8%	7	4,5%			2	10,0%
1 987	6	6,2%	52	9,6%	20	13,0%	4	2,2%	4	20,0%
1 988	6	6,2%	52	9,6%	11	7,1%	5	2,7%	3	15,0%
1 989	5	5,2%	58	10,7%	12	7,8%	4	2,2%	2	10,0%
1 990	9	9,3%	63	11,6%	18	11,7%	26	14,0%	4	20,0%
1 991	15	15,5%	45	8,3%	19	12,3%	39	21,0%	1	5,0%
1 992	8	8,2%	50	9,2%	12	7,8%	55	29,6%		
1 993	8	8,2%	23	4,2%	17	11,0%	40	21,5%		
1 994	10	10,3%	15	2,8%	13	8,4%	12	6,5%		
1 995	6	6,2%	8	1,5%	4	2,6%				
1 996					2	1,3%				
1 998	1	1,0%								
Жиыны	97	100,0%	543	100,0%	154	100,0%	186	100,0%	20	100,0%

Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Тіркелуі

Респонденттердің 45,8 %-ы Алматыда тіркелген, 54,2%-ы тіркелмеген. Респонденттердің 12,5%-ы ғана Алматы қаласында өзінің тұрғылықты мекені бойынша тіркеуге тұрған. Көшіп-қонушы жастардың 18,3%-ы жатақханада уақытша тіркелген. Респонденттердің 50,9%-ы бұрынғы тұрғылықты орны бойынша не өзге елдімекенде тіркелген. Жауап бергендердің 15%-ы жұмысқа тұру үшін тіркеуді сатып алған не месе таныстарында тіркелген. Жұмыста респонденттердің 0,2%-ы тіркелген. Респонденттерден сауалнама арқылы алынған ақпаратқа сай, Алматыда 6 ай мерзімге тіркелуді 200-300 долл. сатып алуға болады. Респонденттер тіркелуді сатып алудың қажеттігін келесі себептермен түсіндірді: «балаларға жәрдемақы алу үшін», «баланы бала-бақшаға тіркелусіз алмайды» және т.б.

12-сурет. Тіркеу



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

«Сізбен бірге отбасы мүшелеріңіз тіркелген бе?» сауалына жауап бергендердің 25,5%-ы «ия» деп, ал 74,5%-ы – «жоқ» деп жауап берді.

Алматыда тіркеусіз тұрып жатқан респонденттер тіркелуінің болмау себептерін Алматыда өзінің тұрғын үйінің жоқтығын (52,4%), не тіркелудің қажетсіздігін (34,3%), бюрократиялық кедергілерді (8,9%), тұрғын үйдің заңдастырылмауын (1,4%) және т.б. көрсетті (13-сур.)

13-сурет. Алматы қ. тіркелуінің болмау себептері



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Қорытынды

Жауап берген жас көшіп-қонушылардың тең жартысынан артығы жалға алынған пәтерлер мен үйлерде 4-5 адамнан, немесе бірнеше отбасы болып тұрады. Респонденттердің 10%-нан аз бiлiгi ата -анасы туыстарымен өз пәтерінде не үйінде тұрады. Жатақханада тұратындар сол жерде уақытша тіркелген.

Студенттердің барлығы бірдей жатақханамен қамтылмаған. Жауап бергендердің 15,4%-ы туыстарымен тұрады, ал 2%-ы – жұмыс орны бойынша, көлік жуу орындарында тұрады. Тұрғын үй мәселесінің шешілуі жұмыс табуының мүмкіндігін арттырады.

Респонденттердің 45,8%-ның Алматыда тіркелу құжаты бар және небәрі 12,5%-ы тіркелген жерінде тұрады. 15%-ы тіркелу құжатын жұмысқа орналасу, балаларға жәрдемақы алу, балаларды бала-бақшаға орналастыру және т.б. үшін сатып алған.

Көшіп-қонушылардың жартысынан көбінің Алматыда тіркелу құжаты жоқ, бұрынғы тұрғылықты жері бойынша, ауылда не қалада тіркелген. Бұл деген өзге, олардың қозғалыстары ішкі көші-қон мен жұмысқа орналасу статистикасында көрсетілмейді. Көшіп-қонушылар тіркелусіз қандай да бір әлеуметтік бағдарламаларға, мысалы «Жастар практикасы» тәрізді бағдарламаларға қатыса алмайды. Тіркелусіз жас көшіп-қонушылар жұмыссыз ретінде де тіркеле алмайды, аталмыш нысаналы топтың қысуына арналған курстар мен оқыту бағдарламаларына да қатыса алмайды.


Тіркелу құжатының жоқтығының негізгі себебі ретінде респонденттер тұрғын үйдің және тіркелу үшін мүмкіндіктің болмауын атауда.

3.4. Көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу

Респонденттердің небәрі 1,4%-ы ғана электрқуаты және газбен қамту тәрізді қызмет көрсетуге қол жеткізе алмай ашырып айтты. Респонденттердің 2,5%-ы орталықтандырылған сумен қамтуға қол жеткізе алмай отырғанын, 6,3 %-ы өліктік қызметтерге шектеулі түрде қол жеткізіп отырғанын, ал 11%-ы тұрғылықты орнының маңында сауда орындарының жоқтығын атады.

Бала-бақшаларға қатысты сауалға 91 респондент бұл мәселе олар үшін өте маңызды деп жауап берді. Оның 83,5%-ы олар үшін бала -бақшаға баланы орналастыру үлкен мәселе екенін де атап өтті. Респонденттердің берген жапаутарының арасында мынадай ақпараттар да кездесіп отырды: «Бала-бақша қымбат (айына 25 мың теңге) оған қоса 200 доллар пара беру керек. Жас отбасыларға көмек көрсетілмейді». «Үш балам бар, 2 үлкен баламды бала-бақшаға орналастыру үшін 250 және 200 доллар төледім. Қызым 3 жаста, өзіммен бірге жұмысқа ертіп барамын. Үлкен балам мектепке барған кезде қызымды бала-бақшаға бере алам, ол үшін тағы 200 доллар керек». «Бала-бақшаға кезекте тұрмын, әр балаға арнап 30 мың теңге ден төлеп қойдым, меңгеруші тізімге енгізіп қойды, орын босаған кезде хабарласамын деп уәде етті». «2 баламды (4 және 2,5 жастағы) бала-бақшаға орналастыру үшін 400 доллар қажет. Келістім, ақша жинап жатырмын».

14-сурет. Көшіп-қонушылардың Алматы қ. көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуі



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Медициналық қызметтерге қол жеткізуі

Жауап бергендердің 43,7%-ы ауырып кезде дәрігерге көрінбегенін айтты. 56,3%-ы медициналық көмекке жүгінген. Дәрігерге қаралған респонденттердің 50,5%-ы ақылы клиникаларға қаралған, 28,6% - тұрғылықты орны бойынша емханаға, 24% - студенттік емханаға, 5% - таныс дәрігерлеріне қаралған, және 1,6% - жедел жәрдем шақыртқан.

Медициналық қызметтерге қол жеткізу көшіп-қонушы жастардың жұмысының бары не жоқтығына қалай қатысты болып отырғанын қарастырайық (4-кесте). Тұрғын үйге қатысты жағдайдағыдай, жалданбалы жұмыскерлер мен студенттердің мүмкіндігі көбірек. Олардың басқаларына қарағанда тұрғылықты жері бойынша емханалық қызметтерді жиі алуға мүмкіндігі бар (63 жалданбалы жұмысшы және 83 студент), және бұл олардың басқа көшіп-қонушыларға қарағанда меншікті ұрғын үй інің барымен байланысты. Респонденттердің бұл тобы да ақылы медициналық көмекке көбірек жүгінеді: 158 жалданбалы жұмысшы және 69 студент. Жалданбалы жұмыскерлер мен студенттердің арасында сонымен қатар таныс дәрігерлеріне қаралу практикасы көбірек тараған.

Жалданбалы жұмыскерлер үшін медициналық қызметтерге қол жеткізу, мысалы өз-өзін жұмыспен қамтып отырғандар мен кәсіпкерлікпен айналысатындарға қарағанда тұрақты табысының болуымен түсіндіруге болады.

Қазіргі уақытта студент мәртебесі жеткілікті табыстың немесе отбасындағы белгілі бір құндылықтардың (білімге құштарлық, балаларына білім беруге тырысу) болуына қажет етеді, бұл көбінесе тұрғын үйдің болуы, медициналық қызметтерге қол жеткізу сияқты өзге де игіліктердің болуымен байланысты. Студенттер студенттің емханада олар Алматыда тіркелмегеннің өзінде қарала алады, олардың ақылы медициналық мекемелерге не ұрғылықты орны бойынша емханаға қаралуға мүмкіндігі жоқ. Жалданбалы қызметкерлердің студенттік емханаға қаралуын көрсететін жауаптар кейбір студенттердің жұмыс істейтіндігімен, ал кейбір жалданбалы қызметкерлердің сырттай оқитындығымен түсіндіруге болады.

4-кесте. Медициналық қызметтерге қол жеткізуі көшіп-қонушының жұмыспен қамтылуына тәуелділігі

	Медициналық қызметтерді пайдалану				
	тұрғылықты орны бойынша емханада	студенттік емханада	ақылы клиникада	таныс дәрігеріне/емшісіне қаралған	жедел жәрдем
Өз-өзін жұмыспен қамтып отырған	20	20	34	5	2
Жеке кәсіпкер	8	1	12	2	
Бюджеттік қызметкер	7	1	6	3	
Жалданбалы қызметкер	63	18	158	13	7
Ақы алмайтын үй қызметкері	7	4	17	3	
Жұмыссыз	7	9	20		
Оқушы/студент	83	129	69	10	
Декретте	3		3		
Үй шаруасындағы әйел	7		11		
Жиыны	161	135	283	28	9

Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Респонденттер медициналық қызметтер оларды қанағаттандырмайтынын атап өтті. «Тегін медицинаның сапасы өте төмен, ал ақылы медициналық қызметтер өте қымбат», - деп атады көбінесе әйел респонденттер.

Медициналық көмек сұрамаған респонденттер (15-сур.) оны қажет етпегенін (47,4%), өз бетінше емделумен айналысқанды жөн көре тінін (41,0%), тіркелген жері бойынша дәрігерге көріну үшін ауырған кезде Алматыдан кетіп қалатынын (4,9%) атап өтті. Өзге респонденттер мұның себебі ретінде тіркелу құжатының болмауын (4,1%), ақылы емханаға қаралу үшін қаражаттың жетіспеушілігін (4,1%), сондай-ақ емханалардың тұрғылықты жерінен алыс орналасуын (1,6%) атады.

15-сурет. Респонденттердің дәрігерге қаралмау себептері




Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Білім беру қызметтеріне қол жеткізуі

Білім беру қызметтеріне қол жеткізуге қатысты сауалға респонденттердің 70,6 %-ы білім алуға қол жеткізе алатынын, ал 29,4%-ы – қол жеткізе алмайтынын атады.

Білім алуға қол жеткізген 706 жас **жүшіп-қонушының** 280-і жоғары оқу орнын не колледжді бітірген, 217-нің оқуын ата-анасы не туыстарыөлеуде, 164-і бюджеттік қаражаттар (гранттар) есебінен **қиды** 20-ы сырттай **қиды** және оқуының ақшасын өзі төлейді. 17 респондент гранттарды өзге көздерден алып отыр: Американың Орталық Азиялық білім беру қоры (US-CAEF), Татишев атындағы қор, Сауд Орталығы, сондай-ақ Назарбаев атындағы гранттар. 8 жас көшіп-қонушы өзге қаражат есебінен оқиды.

16-сурет. Білім беру қызметтеріне қол жеткізуі



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Теріс жауап берген респонденттер білім алу қызметтерінің қол жеткізе алмайтынын төмен табыс деңгейімен түсіндірді (75,9% - «оқуды менің және жан-ұямның қалтасы көтермейді»), 10,2%-ы білім алудың қажеттігін көріп отырған жоқ, көшіп-қонушылардың 4,8%-ның оқуға уақыты жоқ, 3,8%-ы қаражаттың болмауына байланысты **құын** тоқтатқан, 1,4%-ы денсаулық жағдайына байланысты оқи алмайды, ал 3,8%-ы «қажетті білім деңгейі жоқ» деп санайды.

17-сурет. Білім алу қызметтеріне қол жеткізе алмау себептері



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Мұнда «білім алудың қажеттігін көріп отырған жоқпын» жауабына берілген жауаптың бірі келтірілген.

24 жастағы бойжеткен Жамбыл облысының Мойынқұм ауылынан келген, сатушы болып істейді. «Менің бірнеше құрбым ақылы негізде оқыды, жоғарғы оқу орнын аяқтағаннан кейін жұмыс таба алмады. Біраз уақыт ешнәрсемен айналыспай жүрді. Мамандығы бойынша тәжірибесі болмаса жұмысқа алмайды. Алған жағдайдың өзінде «сынақ мерзіміне» алады және 6 ай тегін жұмыс істеп алып жұмыстан шығарып тастайды – сен керек емессің. Нәтижесінде, олардың барлығы сатушы болып орналасты».

Қаржылық қызметтерге қол жеткізу

«Сіз үшін қаржылық қызметтер (ссуда немесе несие алу, денсаулығын не меншік мүлкін сақтандыру тәрізді) мүмкін бе?» сауалына респонденттердің 23,2%-ы «иә» деп, 76,8%-ы «жоқ» деп жауап берді.

Респонденттердің 12,4%-ы шағын несиелер алған, 12,5%-ы ресми қаржылық қызметтерді пайдаланған (көпшілік жауап). Респонденттер шағын несиені әкесі не жұбайы алған жағдайларда да «иә» деп жауап беріп отырған.

28 жастағы әйел, тұрмыста, қызы 8 айда. Өскеменнен келген. Өзінің отбасына тиесілі жеміс-көкөніс дүкенінде сатушы болып жұмыс істейді. Жеке кәсіпкер куәлігі әкесінің атына рәсімделген, соның атына несие алынып қазіргі уақытта сол өтелуде. Отбасымен жабылып жүріп Алматының шетіне үй салған. Респондент Өскемен қ. университеттің физика-математика факультетін бітірген, жекеменшік мектепте ұжым болып істеген. Азғана жалақыға өмір сүру қиын болды, сол себептен жұмысты тастап әкесіне көмектесуге тура келді.

«Сіздің банкіде есепшотыңыз бар ма?» деген сұраққа респонденттердің 43,0%-ы «иә», ал 57,0%-ы «жоқ» деп жауап берді.

Банкілік есепшот пенумжспен қамтылу арасында байланыс бар. Жалданбалы жұмыскерлер мен студенттер банкілік қызметтерді алушылардың басым бөлігін құрайды. Банкіде есепшоты бар респонденттердің 65,3%-ы студенттер, ал 32,3%-ы – жалданбалы

жұмыскерлер (5-кесте). Мұны еңбекақы мен стипендиялардың карталық есепшоттарға аударылып отыратындығымен түсіндіру керекі.

5-кесте. Респонденттің жұмыспен қамтылу түрі мен банкіде есепшоты болуының өзара байланысы

	Сіздің банкіде есепшотыңыз бар ма?		Жиыны
	ия	жоқ	
Өз-өзін жұмыспен қамтушы	59	110	169
Кәсіпкер	22	16	38
Бюджеттік қызметкер	14	8	22
Жалданбалы жұмысшы	139	308	447
Ақысы төленбейтін үй қызметкері	15	22	37
Жұмыссыз	19	40	59
Оқушы/студент	281	147	428
Декретте	3	3	6
Үй шаруасындағы әйел	2	11	13
Жиыны	430	570	1 000

Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

«Сіздің неліктен банкте есепшотыңыз жоқ?» деген сұраққа (жауаптың бірнеше түрін таңдауға болатын) респонденттердің 78,3%-ы «маған банкте есепшот ашудың қажеті жоқ» деп, 15,1% – «менің банктегі есепшотқа салатын ақшам жоқ», 2,5% – «мен банктерге сенбеймін» деп жауап берді, қалған респонденттер өзге себептерді атады (18-сур.).

18-сурет. Қаржылық қызметтерге қол жеткізе алмау себептері



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Қорытынды

Балалары бар жас өсіп-қонушылардың 83,5%-ы бала бақшаға баланы орналастыру мүмкіндігі аз екенін атап көрсетті. Респонденттердің басым бөлігінің электрқуаты, су құбыры, қоғамдық көлік пен нарық қызметтеріне қол жеткізе алмайды. Баласын балабақшаға орналастыра алған респонденттердің 16,5%-ның басым көпшілігі балабақшалардың меңгерушілеріне пара беруден бастап тіркелу құжатын сатып алуға дейін заңсыз әрекеттерге баруға мәжбүр болған.

Респонденттердің жартысынан көбі Алматыда медициналық көмек алған. Өздеріне медициналық көмек қажет болғандардың тең жартысынан артығы (50,3%) ақылы емханаға, 28,6%-ы тұрғылықты орны бойынша емханаға, 24%-ы студенттік емханаға қаралған.

Респонденттердің басым бөлігі білім алуға қол жеткізген. Білім алуға мүмкіндігі болмаған 29,4% респонденттердің 75,9%-ы «оқуды менің және жан-ұямның қалтасы көтермейді» деп атаса, небәрі 3,8%-ы қажетті білім деңгейінің жоқ екендігін айтты.

Еліміздегі банкілердің басым бөлігі орналасқан Алматы қаласында тұратындығына қарамастан көшіп-қонушы жастардың тең жартысынан астамында банкілік есепшоты жоқ. Мұндай көрсеткіштер қаржылық реттеушінің халықтың банкілік қызметтермен қамтылуына мұқият баға беруіне үрткі болуға тиіс. Банкілік есепшоттың жоқ болу себептері туралы сұраққа респонденттердің 93,4%-ы «есепшотқа салатын ақшам жоқ», «маған есепшот керек емес» деп жауап берді.

Банкілік есепшоты бар ұлғалардың басым көпшілігі жалданбалы жұмыскерлер мен студенттер. Жауап бергендердің небәрі 12,4%-ы ғана несие алған және 12,5%-ы өзге қаржылық қызметтерді пайдаланған.

3.5. Көшіп-қонушылардың жұмыспен қамтылуы, табысы мен ақша аударымдары


Алматы қаласының Статистика департаментінің деректеріне сәйкес, 2011 жылы 15-24 жас аралығындағы тұрғын халықтың арасындағы жұмыссыздық деңгейі 6,6% құрады. Егер бұл деректерді 25-29 жас аралығындағы жастарға қатысты жұмыссыздық көрсеткіштерімен қарастыратын болсақ, онда орташа деңгейі 6,9%-дан сәл жоғары болып шығады.

Бұл көрсеткіштер нақты жағдайды көрсетпейді, олар Жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелгендерді есепке алуға негізделген. Жоғарыда айтылып кеткендей, Жұмыспен қамту орталығына Алматы қ. тіркелгендер ғана есепке тұра алады. Тіркелуі жоқ көшіп-қонушы жастар есепке тұра алмайды.

Жұмыспен қамтылуға қатысты сұраққа жауап берген кезде респонденттерге жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауына болатын. Жауап берген көшіп-қонушы жастардың 44,7%-ы өздерін «жалдамалы жұмыскерлер» тобына жатқызды. Олар көбінесе қызмет көрсету саласында, яғни сатушы немесе кафе, мейрамхана, ұлулық салондарында, көлік жуу орындарында және т.б. жерлерде жұмыс істейді. Жалдамалы жұмыскерлердің арасында сонымен қатар бір мезгілде өзін-өзі жұмыспен қамтып отырғандар, желілік маркетингпен, жекеменшік тасымалдаумен айналысатындар, штаттан тыс бухгалтерлер және т.б. жұмыс істейтіндер бар. Кейбір жалдамалы жұмыскерлер күндізгі не сырттай оқу бөлімдерінің студенттері. Студенттердің арасында шетел тілі сабақтарын беретіндер, өз курстастарына қазақ тілін оқытатындар, демалыс күндері базардағы туыстарын алмастарып отыратындар кездеседі, олар іс-жүзінде өзін-өзі жұмыспен қамтитындар.

Тұтастай алғанда, жауап бергендердің 16,9%-ы өздерін өзін-өзі жұмыспен қамтитындарға жатқызады, респонденттердің 5,9%-ы – жұмыссыздар, 3,7% - ақысы төленбейтін үй қызметкерлері, 2,2%-ы мемлекет секторында еңбек етеді, 1,3% - үй шаруасындағы әйелдер, 0,6% – декреттік демалыста.

19-сурет. Көшіп-қонушылардың жұмыспен қамтылуы



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Жас көшіп-қонушылардың кәсіпкерлік белсенділігі онша жоғары емес: респонденттердің небәрі 3,8%-ның ғана патенті немесе жеке кәсіпкердің (ЖК) куәлігі бар. Көп жағдайда патент не ЖК куәлігі әкесінің, анасының не өзге туыстарының атына тіркелген. Жеке кәсіпкерлердің көпшілігі саудамен айналысады: сусын, жеміс-көкөніс сату үшін базарда орын (немесе дүкенді) жалға алу арқылы.

«Сізге жұмысқа орналасуға кім көмектесті» деген сұраққа 50,8%-ы жұмысты өз бетінше тапқанын айтты, 48,1% – туыстары мен таныстары арқылы, 0,5% – кадр агенттігі арқылы және небәрі 0,2% – жұмыспен қамту қызметі арқылы тапқанын айтты.

Жұмысқа орналаса алмағандардың 66,2%-ы мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жүргенін, 60,0% - жұмыс тәжірибесінің жоқтығын, 15,4% - тиісті біліктілігінің жоқтығын және 7,7% – тіркелу құжатының жоқтығын (жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға болатын) айтуда.

Өздерін жұмыссыздар санатына респонденттер мемлекет органдарының соларға берген мәртебесіне емес, істің нақты жағдайына қарай жатқызады. Жұмысқа орналаспаған респонденттердің бірде-бірі Алматы қ. Жұмыспен қамту орталығында тіркелмеген. Себебі аудандық жұмыспен қамту орталықтарының кез келгенінде тіркелу үшін азаматтардың қалада тіркелу құжаты болуға тиіс.

Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке алу

Жұмыссыздар – бұл өздеріне байланысты болмайтын себептермен табыс әкелетін еңбек қызметімен айналыспайтын, жұмыс іздеп жүрген және еңбек етуге дайын еңбекке жарамды жастағы тұлғалар.

Жұмысқа орналасуды қалайтын тұлғалардың тұрғылықты орны бойынша уәкілетті органға жұмысқа тұруға көмек сұрап жүгінуіне болады

Жұмыс іздеп жүрген тұлғаны жұмыссыз деп тану туралы шешімді уәкілетті орган келесі құжаттар ұсынылған жағдайда қабылдайды:

1. жеке куәлігі (төлқұжат)
2. еңбек қызметін растайтын құжаттар
3. әлеуметтік жеке кодын тағайындау туралы куәлігі (ӘЖК)
4. салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТТН)

Оған қоса, жұмыс іздеп жүрген тұлға алған табыстары туралы мәліметтерді қоса тіркейді (өтінімдік сипатқа ие).

Уәкілетті орган құжаттар ұсынылған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей өтінім берген тұлғаларды олардың тұрғылықты орны бойынша жұмыссыздар ретінде тіркейді.

Уәкілетті органда тіркелген жұмыссыздар он күнтізбелік күн ішінде кемінде бір рет уәкілетті органда тіркеліп отыруы тиіс, ал ауылды жерлерде тұратын жұмыссыздар кем дегенде айына бір рет ауыл (село), ауылдық (селолық) аймақ әкімінде тіркеліп отыруы тиіс.

<http://e.gov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/library2/trud/tryd/trudoustroistvo/article/5193&lang=ru>

Жұмысқа орналасқан 640 респонденттің небәрі 30,8%-ы келісімшарт бойынша ресми түрде (жалпы іріктеменің 20,3%-ы) тіркелген. 335 адам ауызша уағдаласу бойынша жұмыс істейді, 52 адам тіркелген шағын және орта кәсіпорында (ШОБ) жұмыс істейді (респонденттердің бір бөлігінің патенті не ЖК әлугі отбасы мүшелерінің атына тіркелген), 48 адам ешқайда тіркелмегенін айтты (ақысы төленбейтін үй қызметкерлері).

«Жұмыста неліктен ресми түрде тіркелмеген?» деген сұраққа 36,5%-ы өзімнің жанұяммен жұмыс істеймін деп, 24,1% - жұмыс берушімен екіжақты келісім бойынша еңбекақы мөлшері жоғары болу үшін бейресми түрде жұмыс істеймін деп, 25,1% - жұмыс тұрақсыз деп жауап берді, 12,4% – жұмыс берушінің қызметкерлерді ресми түрде тіркегісі келмейтінін, 1,5% - мұның «жұмыс берушіге» ыңғайлы екенін айтты.


1000 респонденттің небәрі 42,5%-ы ғана зейнетақы қорымен келісімшарт жасасқан , 57,5%-ы келісімшарт жоқ деп жауап берді . Қазіргі уақытта зейнетақы қорына міндетті аударымдар жұмыс берушімен ресми келісімшартын жасасқан респонденттерге ғана арнап жүргізіледі (жауап бергендердің небәрі 20,3%-ы). Барлық іріктеменің ішінде респонденттердің небәрі 2,9%-ы зейнетқы жинақтау қорына өз еркімен аударым жасағанын айтты.

Табыс

Респонденттің/оның отбасының (егер некеде болса) ай сайынғы табысының деңгейі өзімен бірге ұрып жатқан отбасы мүшелерінің барлық табысының, еңбекақысының, зейнетақысының және өзге табыстарының есебімен көрсетілді.

Респонденттердің 49,6%-ы үшін негізгі табыс көзіне жалдамалы жұмыстан түскен табыс жатады, туыстардың материалдық көмегі жауап бергендердің 38,6%-ы үшін маңызды , 18,1%-ы өзін -өзі жұмыспен қамту арқылы табыс табуда, респонденттердің 15,0%-ы стипендия алады, жұбайының табысын 5,1%-ы атады. Жәрдемақы, арнаулы әлеуметтік көмек пен зейнетақылар респонденттердің соған сәйкес 2%, 0,2% және 0,3%-ның жауабында кездеседі.


20-сурет. Респонденттердің ай сайынғы табысы



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Жас көшіп-қонушылардың тең жартысынан астамының (57,1%) ай сайынғы табыс 55 мың теңгеден аспайды. Айына 45-55 мың теңге алатын жас өшіп -қонушылардың үлесі барынша жоғары болуда - 17.7%.

21-сурет. Жас көшіп-қонушылардың табысы



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Жас көшіп-қонушылардың табыс деңгейінің біліміне тәуелділігін анықтау үшін біз біліміне қарай респонденттердің әр тобы бойынша табыстың ең жоғары меншікті салмағын анықтап шықтық (Қосымшадағы 2-кесте)

Аяқталмаған орта білімі бар жас көшіп-қонушы 35 мың теңгеден 45 мың теңгеге дейінгі табысқа үміттен алады – бұл осы санаттағы респонденттердің 25%-ның табыс мөлшері. Аяқталған орта білімі табыс деңгейін арттыруға мүмкіндік береді: орта білімі бар респонденттердің 24,8%-ы 45 мың теңгеден 55 мың теңгеге дейін табыс алады.

Арнайы орта білімі бар мамандар үшін де дәл осындай жағдай қалыптасқан. Техникум не колледж бітірмеген респонденттер айына 25 мың теңгеден 35 мың теңгеге дейін табыс алады (осы топта 21,2%). Аяқталған арнайы орта білімі бар жастар үшін табыс деңгейі 55 мың теңгеден 65 мың теңгеге дейін артуда (респонденттердің 20,7%-ы).

Аяқталмаған жоғары білімі бар респонденттердің 19%-ның орташа айлық табысы 35 мың теңгеден 45 мың теңгеге дейін, жоғары білімі бар респонденттердің 19,2%-ы 75 мың теңгеден 85 мың теңгеге дейін алады. Табыс мөлшеріндегі мұндай елеулі айырмашылық келесі жағдаймен негізделген болуы мүмкін: студенттер толық емес жұмыс күні істейді сол себептен олардың жалақысы олардың жалда нбалы қызметкер ретінде жұмысқа тұрғаннан кейін үміттенуіне болатын жалақыдан төмен болып келеді.

Неғұрлым жоғары табысқа ие болу жоғары білімге тікелей байланысты.

Жоғары білімді жастардың 13,2%-ы, аяқталмаған жоғары білімі бар респонденттердің 2,3%-ы, аяқталған арнайы орта білімді жастардың 7,2%-ы және аяқталмаған арнайы орта білімді жастардың 1,5%-ы с 85 мың теңгеден 95 мың теңгеге дейін табыс алады.

Жоғары білімді респонденттердің 13,2%-ы, аяқталмаған жоғары білімі бар респонденттердің 3,8%-ы, аяқталған арнайы орта білімді жастардың 4,5%-ы және

аяқталмаған арнайы орта білімді жастардың 7,6%-ы айына 95 мың теңге ден 200 мың теңгеге дейін табыс алады.

17439 теңгеден аз (күнкөріс минимумы) ақшаны негізінен студенттер (33 респондент) алады. Колледждегі стипендия негізінен айына 7000 теңгені, ал жоғары оқу орнында 15000 теңгені құрайтынын ескерсек бұл орынды жағдай. Стипендия алушы студенттердің басым бөлігі аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, бюджеттік қаражаттар (гранттар) есебінен қып, жатақханада тұрады. Күнкөріс минимумынан төмен табысын 13 респондент атап кетті: жалданбалы жұмысшы, өзін-өзі жұмыспен қамтушы, ақы алмайтын үй қызметкері және жұмыссыздар.

25 мың теңгеге дейінгі табысты негізінен студенттер (79 респондент) атап кетті. Табысы бұдан да төмен топтағыдай бұл жатақханада тұратын, стипендия, бюджеттік қаражаттар (гранттар) алып жүрген және ата-анасынан/туыстарынан айына 10-15 мың теңге мөлшерінде жәрдем алып отыратын жастар. Одан басқа тағы 31 респондент дәл осындай табыс деңгейін атап кетті: жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар, және жекелеген жалданбалы қызметкерлер.

35 мың теңгеге дейінгі табысты стипендия алатын жатақханада -аналары көмектесетін, жатақханада тұратын немесе достарымен бірге бірге жалдап тұратын студенттер (95 респондент) алады. Бұл категорияда жалданбалы жұмыскерлер, жұмыссыздар, мемлекеттік секторының өкілі, сондай-ақ декреттік демалыстағы әйел де бар.

45 мың теңгеге дейінгі табысты да негізінен студенттер (72) алады, алайда бұл топта жалданбалы жұмыскерлер (59) мен өзін-өзі жұмыспен қамтушылар (29) көп. Студенттер өзге топтардағыдай стипендия және ата-анасынан ақшалай көмек алып отырады. Көбінесе орта білімі бар жалданбалы жұмыскерлер базарларда не орталық базарда сатушы болып, бағыттық автобустарда бақылаушы болып, сауда орындарында контейнерлері, бутиктері не сауда орындары бар таныстары мен туыстарының қол астында жұмыс істейді. Жастардың жұмыс беруші таныстары мен туыстары арнайы салық режимі бойынша жұмыс істейді: ЖК кәсіпшісі, біржолғы талондары немесе патенттері бар (автобус жүргізушілердің). Бұл топ жұмыс берушілермен өзінің еңбек қатынастарын «ауызша уағдаласу» негізінде орнатады. Бұл топтағы өзін жұмыспен қамтушылар әртүрлі істермен айналысады: жүк тасиды, шар сатады, таныс/туыстарының баласын қарайды, сатуға тауар алады (газет, журнал, жеміс-көкөніс) және оларды теміржол бекеттерінің перрондарында, демалыс саябақтарында, ОӘД мен сауда орталықтарының маңында сатады. Олардың еңбектік қызметі ешқандай рәсімделмеген. Бұл топта жұмыссыздар мен ақы алмайтын үй қызметкерлері бар.

Айына 45-55 мың теңге табысты негізінен жалданбалы жұмыскерлер (101), студенттер (66) алып отырады, арасында өзін-өзі жұмыспен қамтушылар, жұмыссыздар бар.

Бұл топқа негізінен жоғары және арнайы орта білімі бар, алайда мамандығы бойынша жұмыс таба алмаған жалданбалы жұмыскерлер жатады. Қазіргі уақытта олар кафеде, ірі сауда орталықтарында (ОӘД, МЕГА, Қарқара) сатушы болып жұмыс істейді. Олардың еңбектік қызметі ресми түрде рәсімделген (жұмыс берушілер зейнетақы қорына аударымдар жасап отырады) немесе ресми түрде рәсімделмеген, алайда таза еңбекақысы көрсетілген келісімшарты бар.

Жоғары оқу орындарындағы оқуға грант алып отырған студенттердің (мысалы Американың Орталық Азиялық білім беру қорынан (CAEF) немесе Татишев атындағы қордан) ай сайынғы табысына ата-ана/туыстарының көмегі кіреді.

Айына 55-75 мың теңге табысты негізінен жалданбалы жұмыскерлер (83 респондент) алады, стипендия алатын және қосымша жұмыс істейтін (32), сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған студенттер (25) және т.б. бар. Бұл топтағы жалданбалы қызметкерлер базарларда жүк тасушылар, ірі сауда орталықтарында (ОӘД, МЕГА, Қарқара) күзетші,

даяшы, менеджер және сатушы ретінде жұмысқа орналасқан, кейбіреулері ТҚО-да жұмыс істейді.

Айына 75 мың теңге ден артық табысқа негізінен жекеменшік салондарының фирмалардың жұмыскерлері, бухгалтерлер, менеджерлер және т.б. ие. Бұл категорияда сондай-ақ туыс/таныстарымен (әкесі, шешесі, жұбайы) сауда нүктелерін жалға алып немесе арнайы салық режимі: жүргізушілік патенттер не ЖК куәліктері бойынша жұмыс істейтін жастар да бар. Одан бос уақытында қосымша еңбек етіп табыс табатын студенттер де бар.

Көшіп-қонушылардың ақша аударымдары

Жауап бергендердің 33,1%-ы «Сіз 2011 жылы туыстарыңызға ақша жібердіңіз бе?» деген сұраққа «иә» деп жауап берді. Респонденттер бұл тобында барлық категориялар қамтылған: жалданбалы жұмыскерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтыған, студенттер және жұмыссыздар. Бәрінен де жиі ақша аударымдарын жалданбалы жұмыскерлер жіберуде (6-кесте).

6-кесте. Ақша аударатындардың жұмыспен қамтылуына байланысы

Жұмыспен қамтылуы	Сіз 2011 жылы туыстарыңызға ақша жіберген бе едіңіз		Жиыны
	Иә	Жоқ	
Өзін-өзі жұмыспен қамтитын Кәсіпкер	72	97	169
Бюджеттік қызметкер	21	17	38
Жалданбалы жұмыскер	11	11	22
Ақы алматын үй қызметкері	227	220	447
Жұмыссыз	1	36	37
Оқушы/студент	4	55	59
Декретте	39	389	428
Үй шаруасындағы әйел	6	6	6
Жиыны	13	13	13
Жиыны	331	669	1 000

Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Аударымдарды жіберушілердің арасында да барлық жастық топтар қамтылған: 1983-1995 жж. туғандар. Бұл топта 1984-1990 жж. аралығында туған респонденттер көбірек.

Ақша аударымдарын жіберетін жастардың білім деңгейіне келер болсақ, көбінесе аударымдарды орта білімді жастар – 43,2% жібереді, олардан кейін жоғары білімі бар көшіп-қонушылар – 21,8%, және техникум аяқтағандар – 13,9%.

Табыс деңгейінің, әсіресе Алматыда тұру бағасымен салыстырғанда онша жоғары болмауына қарамастан жас көшіп-қонушылар туыстарына ақша жіберіп отыруға мәжбүр, себебі олардың тауып отырған табысы туыстары мен жақындарының жалғыз күнкөріс көзі. Өз туыстарына ақша жіберіп отырған респонденттердің 22,4%-ның табысы 45-55 мың теңгені құрайды, 18,4%-ы 55-65 мың теңге және 15,7%-ы 65-75 мың теңге алады.


Жас балаларын ауыл, ата-аналарының қолында тұруға жіберген отбасылар бар (Алматыда бала-бақшаға орналастыруға мүмкіндік болмауына байланысты), жас ата-анасы ай сайын оларға 35-40 мың теңге аударып отырады. Жас көшіп-қонушылардың арасында туыстарына операция жасау үшін ірі сомалар қажет болып отырған жастар (мысалы, респонденттің біреуінің әкесіне буындарын ауыстыру операциясын жасауға 1

млн. 700 мың теңге ақша қажет), сондай -ақ туыстарынан жақындарын емдету үшін не жерлеу үшін қарызға ақша алған және қазіргі кезде қарызын қайтарып жатқан жастар да бар.

28 жастағы әйел Ақтөбеден келген. Жекеменшік киім тігу және жөндеу салонында жұмыс істейді, ай сайынғы табысы 60 мың теңге. Күйеуі Қызылордада вахталық әдіс бойынша жұмыс істейді: 15 күн жұмыста, 10 күн үйде. Күйеуінің айлық жалақысы 80 мың теңге. 2010 жылы жас отбасы анасын жерлеу үшін 300 мың теңге қарыз ақша алған болатын, 2011 жылы сол қарызды қайтарып отырды.

Көшіп-қонушылардың бір жыл ішінде туыстарына аударып отыратын қшаға келер болсақ: жауап бергендердің 35,3%-ы жылына 100 мың теңге, 34,7% - жылына 200 мың теңге, 18% - жылына 300 мың теңгеге дейін және 6,3% - 500 мың теңгеден астам соманың ақшасын жібереді.

22-сурет. 2011 ж. жіберілген ақша аударымдарының орташа көлемі



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

2011 жылы қашалай аударымдарды 410 адам алаң. Алушылардың тобына үй шаруасындағы әйелдер мен декреттегі әйелдерді санамағанда жұмыспен қамтылу типі бойынша барлық категориялар жатады. Аударымдардың 80,9%-ы ай сайынғы табысы 55 мың теңгеден аз соманың аударып отыратын респонденттердің үлесіне тиесілі. Негізінен аударымдарды студенттер алып отырады, олардың үлесіне алынған аударымдардың барлық көлемінің үштен екі бөлігінен артығы тиесілі болып келеді (7-кесте).

7-кесте. Білім деңгейі және аударымдар алу

Білім деңгейіңіз қандай ?	Сіз 2011 жылы туыстарыңыздан ақша алған ба едіңіз				Жиыны	
	Ия		Жоқ		Саны	%
	Саны	%	Саны	%		
мектептің 9 сыныбын аяқтамаған			3	0,5%	3	0,3%
мектептің 9 сыныбын аяқтаған	1	0,2%	12	2,0%	13	1,3%
орта мектебін аяқтамаған	3	0,7%	13	2,2%	16	1,6%

орта мектебін аяқтаған	22	5,4%	244	41,4%	266	26,6%
аяқталмаған техникум/колледж	42	10,2%	24	4,1%	66	6,6%
аяқталған техникум/колледж	12	2,9%	99	16,8%	111	11,1%
аяқталмаған жоғары білімі	282	68,8%	61	10,3%	343	34,3%
дипломымен аяқталған жоғары білімі	48	11,7%	134	22,7%	182	18,2%
Жиыны	410	100,0%	590	100,0%	1 000	100,0%

Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Аударымдарды алушылар тізімінде студенттерден кейін жалданбалы жұмыскерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жұмыссыздар, ақы алмайтын үй қызметкерлері. Ата-аналары мен өзге туыстары негізінен медициналық қызметтердің ақысын төлеуге, жүргізуші куәлігін алуға, жұмыс істеу үшін бастапқы жарна төлеуге және бизнесті дамытуға (дүкенді жалға алуға) арнап ақша аударады.

Жас өшіп -қонушылардың табыс дәгейі неғұрлым төмен болған сайын, олардың аударымдар алып отыру ықтималдығы да соғұрлым арта түсуде. Табысы 17439 (күнкөріс минимумы) теңгеден бастап 45 мың теңгеге дейінгі мөлшерді құрайтын респонденттердің басым бөлігі туыстарынан ақшалай аударымдар алып отырады (8-кесте).


8-кесте. Табыс деңгейі және аударымдар алу

Ай сайынғы табыс деңгейі	Сіз 2011 жылы туыстарыңыздан ақша алған ба едіңіз ?				Жалпы	
	ия		жоқ		Саны	%
17439 теңгеден өмен табыс	26	6,3%	13	2,2%	39	3,9%
17459 және 25000 теңге аралығында	74	18,0%	20	3,4%	94	9,4%
25000 және 35000 теңге аралығында	94	22,9%	24	4,1%	118	11,8%
35000 және 45000 теңге аралығында	77	18,8%	66	11,2%	143	14,3%
45000 және 55000 теңгеаралығында	61	14,9%	116	19,7%	177	17,7%
55000 және 65000 теңгеаралығында	35	8,5%	103	17,5%	138	13,8%
65000 және 75000 теңгеаралығында	9	2,2%	79	13,4%	88	8,8%
75000 және 85000 теңгеаралығында	14	3,4%	78	13,2%	92	9,2%
85000 және 95000 теңгеаралығында	7	1,7%	47	8,0%	54	5,4%
95000 және 200000 теңгеаралығында	13	3,2%	44	7,5%	57	5,7%
Жиыны	410	100,0%	590	100,0%	1 000	100,0%

Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Егер алып отырған аударымдардың орташа жылдық көлеміне қарайтын болсақ, жас көшіп-қонушылардың үштен бір бөлігі жылына 100 мың теңгеге дейін, 22,6%-ы - жылына 200 мың теңгеге дейін, 15,8% - жылына 300 мың теңгеге дейін табыс табады.


23-сурет. 2011 жылы алынған ақша аударымдарының орташа көлемі



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Туыстары жіберген ақша аударымдарының 87,3%-ы тамақ өнімдерін сатып алуға, 81,8%-ы жүріп-тұру шығындарын төлеуге, 46,6%-ы (сома студенттің бюджеттен қаражат (грант) алу-алмауына байланысты өзгеріп отырады) оқуының ақшасын төлеуге және 3,9%-ы өзге шығындарын төлеуге арналған.

24-сурет. Алынған ақша аударымдарының жұмсалыу бағыты



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Қорытынды

Респонденттердің 44,7%-ы жалданбалы жұмыскерлер. Алайда жауап бергендердің небәрі 20,3%-ы ғана ресми түрде тіркелген немесе еңбектік келісімшарты бар, жұмыс берушілер тек осы категориядағы жұмыскерлерге арнап зейнетақы қорларына аударымдар жасайды. Респонденттердің 33,5%-ы ауызша уағдаласу негізінде жұмыс істейді және тағы 5%-ы ешқандай түрде тіркелмеген.

Алматы қ. Жұмыспен қамту қызметтері мен кадр агенттіктері жас көшіп-қонушылар сияқты осал топпен жұмыс істемейді. Алматыдан қалай жұмыс таптыңыз деген сауалға жұмыс істеп жүрген 640 респонденттің небәрі 3-і ғана кадр агенттігін және 1-і жұмыспен қамту қызметін атады. 326 адам жұмысты өз бетінше іздеп тапқан, жауап бергендердің 308-і туыстары мен таныстары арқылы орналасқан.

Респонденттердің небәрі 3,8%-ның ғана патенті немесе Жеке кәсіпкерлік куәлігі бар.

57,1% респонденттің ай сайынғы табысы 55 мың теңгеден аз соманы құрайды. Алматыдағы жас көшіп-қонушылардың табысы ебекақыдан, туыстарының қаржылай көмегінен, өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыстар мен стипендиялардан құралады. Респонденттің білім деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын, оның табысы да соғұрлым жоғарылай түсуде.

Респонденттердің 33,1%-ы туыстарына ақша салып отырған. Алматыдағы өмір деңгейінің қымбат болуы мен табыс деңгейінің төмен болуына қарамастан жас көшіп-қонушылар туыстарына ақша салып отыруға мәжбүр, себебі олардың табысы олардың туыстарының жалғыз ғана күнкөріс көзі болып табылады.

Басым бөлігін студенттер құрайтын респонденттердің 41%-ы туыстарынан қашалай аударымдар алып отырады. Бұл аударымдар тамақтануға, жүріп-тұру мен білім алу шығындарын төлеуге арналатын.

3.6. Әлеуметтік мәртебе

Респонденттің әлеуметтік мәртебесін анықтау үшін «Сіз не сіздің отбасы мүшелеріңіз әлеуметтік көмек және/не әлеуметтік қамсыздандыру ала ма?» сауал қойылды. Бұл жағдайда аталмыш сауал респондентпен бірге Алматыда ұратын туыстарына ғана емес, оның барлық отбасы мүшелеріне қатысты болатын. Жауап бергендердің 26,0%-ы «Ия», 74,0% – «жоқ» деп жауап берді.

«Ия» деп жауап бергендерге олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамтудың қай түрін алатынын нақты көрсету ұсынылған болатын.

«Ия» деп жауап бергендерді 53,1%-ы отбасы мүшелерінің арасында зейнетақы алушылардың, 30,9%-ы – өзге жәрдемақы, және 16,4% - 1 жақса дейін бала күтіміне байланысты жәрдемақы алушылардың бар екенін атады.

25-сурет. Отбасы мүшелері алып отырған әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтуы



Дереккөзі: жастаркөші-қоныбойынша деректер қоры

Өздерінің отбасы мүшелері әлеуметтік көмек алады деп жауап берген респонденттердің 50%-ы студенттер, 39,2% - жалданбалы жұмыскерлер, 18,8% - өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.

Бұл жағдайда өздерінің отбасы мүшелері әлеуметтік көмек алады деп жауап берген респонденттердің 50%-ы 1990-1993 жж. туған, бұл студенттер туралы деректермен байланысты болып келеді.

9-кесте. Жасы мен отбасы мүшелерінің әлеуметтік көмек алуының өзара тәуелділігі

Респонденттің туылған жылы	Сіз не отбасы мүшелеріңіз әлеуметтік көмек аласыз ба				Жиыны	
	Ия		Жоқ		Саны	%
	Саны	%	Саны	%		
1 983	1	0,4%	7	0,9%	8	0,8%
1 984	19	7,3%	63	8,5%	82	8,2%
1 985	21	8,1%	50	6,8%	71	7,1%
1 986	9	3,5%	63	8,5%	72	7,2%
1 987	21	8,1%	65	8,8%	86	8,6%
1 988	26	10,0%	51	6,9%	77	7,7%
1 989	16	6,2%	65	8,8%	81	8,1%
1 990	31	11,9%	89	12,0%	120	12,0%
1 991	36	13,8%	83	11,2%	119	11,9%
1 992	41	15,8%	84	11,4%	125	12,5%
1 993	22	8,5%	66	8,9%	88	8,8%
1 994	13	5,0%	37	5,0%	50	5,0%
1 995	3	1,2%	15	2,0%	18	1,8%
1 996			2	0,3%	2	0,2%
1 998	1	0,4%			1	0,1%
Жиыны	260	100,0%	740	100,0%	1 000	100,0%

Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Әлеуметтік көмек алмайтын 74% респонденттің 92,3%-ы мұқаждық көрушілер категориясына жатпайтынын айтты, 3,1%-ы қандай жәрдемақылардың бар екенін білмейді, ал 2,1 %-ы жәрдемақы рәсімдеудің тым көп түрлі анықтамалар мен құжаттарды қажет етеді деп санайды, ал қалғандары өздерінің жәрдемақы алмауының өзге себептерін атады (26-сурет).

26-сурет. Респонденттердің әлеуметтік көмек алмауының себептері



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры


«Сіз/Сіздің отбасыңыз үшін барынша маңызды мәселелерді атаңыз» (бірнеше нұсқасын таңдауға болады) сауалына жауап берумен респонденттер мыналарды атады (27-сур.):

- тұрғын үйдің болмауы – 67,4%;
- жұмысқа орналасу, және соған сәйкес тұрақты табыс – 53%;
- білім алу/білім алу мүмкіндігі – 36,1%.

Мынадай жауап та болды: «Үкіметпен көзделген бағдарламалар жүзеге асырылмай отыр, мысалы «Ауыл» бағдарламасы.

Ата-анасы Қытайдан қоныс аударған жас жігіт мәселелер туралы сауалға «жұмысқа орыс тілін білмей орналасу қиын» деп жауап берді.

27-сурет. Респонденттердің шешуді қажет ететін мәселелері



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Жауап бергендердің 8%-ы олардың алдында тұрған мәселелерді біржақты етіп түсіндіре алмады – мұндай респонденттердің арасында табыс деңгейі әртүрлі тұлғалар кездеседі. Мысалы, табыс деңгейі айына 25 мың теңгеден төмен болып келетін респонденттердің жауабы мынадай:

- білмеймін (негізінен 1-2 курстың бюджеттік студенттері);
- көп балалы отбасы үшін 8000 теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек жеткілісіз;
- төмен стипендия (7000 теңге);
- анасы 4 баланы жалғыз тәрбиелеуде және мемлекеттің әлеуметтік көмегі қажет;
- әкесі алимент төлемейді.

Айлық табысы 35 мың теңгеге дейінгі сомандырайтын респонденттер «грантқа ауысқысы келеді», «жатақханада орындардың жетіспеушілігін» атауда, «қоғамдық көліктегі төлемақы қымбат, студенттерге жеңілдіктер жоқ» деп шағымдануда.

Қорытынды

1000 респонденттің әр төртіншісі оның отбасы мүшелерінің әлеуметтік көмек және/не әлеуметтік қамту ақысын алып отырғанын айтты, солардың жартысынан артығы зейнетақыны атады. Өздерінің отбасы мүшелері әлеуметтік көмек алатын респонденттердің тең жартысы студент.

Отбасы мүшелері әлеуметтік көмек алмайтындардың басым бөлігі (92,3%) мұқтаждық көріп отырғандардың санатына жатпайтынын айтты, 3,1%-ы әлеуметтік көмектің қандай түрлері болатынын білмейміз деді және 2,1%-ы әлеуметтік көмекті ресімдеудің бюрократиялық кедергілерін атады.

Алматыдағы жас көшіп-қонушыларды ең алдымен тұрғын үй жұмыс және білім алу мәселелері толғандырады.

3.7. Әлеуметтік және саяси белсенділік

Сауалнама шеңберінде респонденттерге ұйымдардың берілген тізімінен олар өздерінің қызметіне қатысып отыратын ұйымдарды таңдау ұсынылды. Азаматтардың мешіт/шіркеудің, сондай-ақ спорттық, көркемдік, музыкалық, білім беру, гуманитарлық, бос уақытын өткізу не қайырымдылық ұйымдарына қатысуы «қоғамдық қатысу» деп қаралған болатын. Қоғамдық қатысуға қатысты келесідегідей екі өрсеткіш таңдалды: азаматтардың осындай ұйымдарға қатысу ауқымын бағалауға мүмкіндік беретін дәреже, және тереңдігі – ол біреуден артқ ұйымның қызметіне қатысуын көрсетеді. Сонымен қатар, респонденттердің кәсіподақтардың, саяси партиялардың, кәсіби бірлестіктердің, тұтынушы және экологиялық ұйымдардың қызметіне қатысуы туралы деректер жинақталды. Мұндай қатысу «саяси қатысу!» ретінде бағаланған болатын және мұнда да ұйымдардың қызметіне қатысу дәрежесі мен тереңдігі айқындалды.

Қоғамдық қатысудың дәрежесі мен тереңдігі

Респонденттердің 22,7%-ы мешіт/шіркеу, спорттық, рекреациялық, көркемдік, музыкалық, білім беру, гуманитарлық не қайырымдылық ұйымдары тәрізді әлеуметтік бағытталған ұйымдардың қызметіне «белсенді» түрде қатысып отырады. Респонденттердің 6,3%-ы саны біреуден асатын әлеуметтік бағытталған ұйымдарда «белсенді» (негізінен бұл спорт пен музыкамен айналысатын студенттер).

23,5%-ы мерзімді түрде (апта сайын, айына бір/екі рет не жылына бірнеше рет) спорттық клубтардағы адамдардың арасында, волонтерлік ұйымда не қызмет көрсету ұйымында (ойындарда жанкүйер болу үшін стадионға барып отырады, футбол ойнайды) уақыт өткізеді.

Респонденттердің 11,7%-ы тым болжада бір әлеуметтік -бағытталған ұйымның жұмысына қатысатынын айтты. Мұндай респонденттердің арасында 1,7%-ы саны біреуден асатын әлеуметтік бағытталған ұйымның қызметіне қатысады (негізінен бұл спорттық, музыкалық, гуманитарлық не қайырымдылық ұйымдарының жұмысына қатысатын студенттер).

Жас көшіп -қонушылардың 9,6%-ы айына кемінде бір рет спорттық волонтерлік қызметке уақытын бөледі.

10-кесте. Қоғамдық қатысудың дәрежесі мен тереңдігі

1.1		Қоғамдық қатысудың дәрежесі	19.3
	1.1.1	Әлеуметтік бағытталған ұйымдардың қызметіне қатысу	22.7
	1.1.2	Әлеуметтік бағытталған ұйымдардағы волонтерлік қызмет	11.7
	1.1.3	Жергілікті қауымдастықтың өміріне қатысу	23.5
1.2		Қоғамдық қатысудың тереңдігі	5.9
	1.2.1	Саны біреуден асатын әлеуметтік бағытталған ұйымның қызметіне қатысуы	6.3
	1.2.2	Саны біреуден асатын әлеуметтік бағытталған ұйым волонтерлік қызмет	1.7
	1.2.3	Жергілікті қауымдастықтың шараларына кем дегенде айына бір рет қатысу	9.6

Дереккөзі: жастаркөші-қоныбойынша деректер қоры

Саяси қатысудың дәрежесі мен тереңдігі

Бұл көрсеткіш азаматтардың саяси белсенділігінің деңгейін (үндеулерге қол қою, көтерілістерге қатысу, митингілерге бару), сондай-ақ олардың кәсіподақтар, саяси партиялар мен әсіби бірлестіктер, сондай-ақ тұтынушылық не экологиялық ұйымдар тәрізді саяси бағытталған ұйымдардың қызметіне қатысуын айқындайды.

Респонденттердің 9,7%-ы саяси бағытталған бір ұйымның қызметіне қатысады және респонденттердің небәрі 2,2%-ы ғана мұндай біреу ден өп ұйымдардың қызметіне тартылған.

Жауап бергендердің 3,9%-ы саяси бағытталған бір ұйымда волонтерлік қызметті не атқарады, ал 0,5%-ы саяси бағытталған біреуден көп ұйымдарда волонтер болып жұмыс атқарады (мысалы, студенттердің кәсіподақ комитеті және «Нұр Отан» партиясының жастар қанаты).

Кейінгі бес жыл ішінде респонденттердің 7,0%-ы үндеулерге қол қою, және/не көтерілістерге қатысу және/не митингілерге бару тәрізді шараларға қатысқан болатын. Олардың небәрі 0,3%-ы ғана кейінгі бес жыл ішінде барлық аталған категориядағы шараларға қатысқан. Бұл жағдайда жас көшіп-қонушылардың 54,7%-ы үндеулерге ешқашан қол қоймайтынын, 64,4% - ешқашан көтерілістерге қатыспайтынын, ал 63% - митингілерге қатыспайтынын атап өтті. Мысалы, *Азаматтық қоғам индексі*н бағалау кезінде халықтың арасында жүргізілген сауалнамада, «қоғамдық қатысуға» қатысты жауаптар мынадай болды: 63,8%-ы ешқашан үндеулерге қол қоймай тынын, 74,8% - ешқашан көтерілістерге қатыспайтынын, және 58,1% - митингілерге қатыспайтынын атап өтті⁵⁸. Мұндай жауаптарды жиналыстар мен митингілерге қатысты заң дық тұрғыдан шектеумен түсіндіруге болады.

Жастар өзге тұрғын халыққа қарағанда тек үндеулерге қол қою мәселесінде ғана анағұрлым белсенді болуда. *Азаматтық қоғам индексі*н бағалау кезіндегідей «қоғамдық қатысу» деңгейі «саяси қатысу» деңгейінен жоғары.

Барынша **жары** белсенділікті негізінен студент жастар танытуда, олар : жатақханалардағы топ басшылары, студенттік кәсіподақтардың не мәслихаттардың, экологиялық ұйымдардың мүшелері, сондай-ақ «ЖасОтан» партиясының мүшелері. Респонденттердің 3,1%-ы (студенттер) экологиялық ұйымдардың қызметіне қатысады. Оның 2,5%-ы (25 ад.) қоршаған ортаны қорғау ұйымдарының волонтері.

Студент емес респонденттердің саяси қатысуы негізінен «НұрОтан» партиясындағы мүшелігімен шектеліп отырады. Бұл респонденттер оларды партияға оқып жүрген кезде жазып алғандарын атап өтті. Жауап бергендердің жалпы санының небәрі 5,0%-ы ғана саяси партияның мүшелері, қалған 95,0% - партияда жоқ.

11-кесте.Саяси қатысудың дәрежесі мен тереңдігі

1.4		Саяси қатысудың дәрежесі	6.9
	1.4.1	Саяси бағытты ұстанатын ұйымдардың қызметіне қатысуы	9.7
	1.4.2	Саяси бағытты ұстанатын ұйымдардағы волонтерлік қызмет	3.9
	1.4.3	Азаматтық белсенділік	7.0
1.5		Саяси қатысудың тереңдігі	1.0
	1.5.1	Саяси бағытты ұстанатын саны біреуден асатын ұйымның қызметіне қатысу	2.2
	1.5.2	Саяси бағытты ұстанатын саны біреуден асатын ұйымдағы волонтерлік қызмет	0.5
	1.5.3	Әртүрлі саяси қызметтегі жеке белсенділігі	0.3

⁵⁸ Meruert Makhmutova, Aitzhan Akhmetova (2011). CivilSocietyIndexinKazakhstan. StrengtheningCivilSociety. CIVICUS Civil Society Index 2008-2010. Analytical country report. Public Policy Research Center. Almaty.

Сенім

Азаматтық қоғам индексіні әзірлеу барысында елдегі әлеуметтік-мәдени жағдайға баға беру, сонымен бірге қоғамдағы сенімдік көзқарастың деңгейін анықтау жүргізілген болатын⁵⁹. Мұнда сенімдік көзқарас елдің әлеуметтік капиталы ретінде қарастырылады. Фукуяманың пікірінше, қоғамдағы сенімдік көзқарас өсіп-өркендеудің «мәдени кілті», ал сенімдік көзқарасы төмен елдердің экономикалық даму әлеуеті шектеулі болып келеді. Азаматтық қоғам индексіне баға беру үшін жүргізілген зерттеу барысында респонденттердің небәрі 18,5%-ы ғана (барлық халықтың арасынан жасы бойынша шектелусіз іріктеме жасау) басқа адамдарға сенуге болады деп жауап берді.

Осы зерттеу аясында жас көшіп-қонушыларға мынадай сауал қойылған болатын: «Жалпы Сіз көпшілік адамдарға сенім білдіруге болады немесе адамдармен қарым-қатынаста сақ болу керек деп ойлайсыз ба?» Респонденттердің небәрі 21,6%-ы ғана адамдарға сенуге болады деп жауап берді, ал 78,8%-ы сақ болу керек деп жауап берді. Жас көшіп-қонушылардың арасында тұтастай тұрғын халыққа қарағанда адамдарға сенушілер сәл көбірек болып шықты. Мұны респонденттердің жастығымен түсіндіруге болады. Дегенмен халықтың бұл тобындағы сенімділік деңгейі тым төмен.

Білім неғұрлым жоғары болса, сенімділік таныту соғұрлым жоғары болуы мүмкін деген біздің гипотезамыз расталмады (13-кесте). Аяқталмаған жоғары білімі бар жастар, көбінесе студенттер біршама жоғары сенімділік танытуда. Басқа адамдарға сенім білдіретін тұлғалардың 45,8%-ның аяқталмаған жоғары білімі бар. Басқа адамдармен қарым-қатынаста сақ болу керек деп санайтын респонденттердің небәрі 31,1%-ның ғана аяқталмаған жоғары білімі бар. Алайда басқа адамдарға сенім танытпайтын жастардың саны тұтастай алғанда көбірек, сол себептен аяқталмаған жоғары білімі бар топтағы респонденттердің 99-ы басқа адамдарға сене алады, ал 244 – басқа адамдарға сенбейтін болып отыр.

Сенім білдіру қабілеті мен бейімділігі сонымен қатар отбасындағы тәрбиемен, өмір сүру салтымен, дәстүрлермен және қоғамдағы мәдениет деңгейімен байланысты.

12-кесте. Сенім білдіру деңгейінің білім деңгейіне тәуелділігі

Сіздің білім деңгейіңіз қандай	Сенуге болады				Жиыны	
	Сенуге болады		Абай болу керек		Саны	%
	Саны	%	Саны	%		
мектептің 9 сыныбын аяқтамаған			3	0,4%	3	0,3%
мектептің 9 сыныбын аяқтаған	4	1,9%	9	1,1%	13	1,3%
орта мектебін аяқтамаған	5	2,3%	11	1,4%	16	1,6%
орта мектебін аяқтаған	35	16,2%	231	29,5%	266	26,6%
аяқталмаған техникум/колледж	12	5,6%	54	6,9%	66	6,6%
аяқталған техникум/колледж	24	11,1%	87	11,1%	111	11,1%

⁵⁹ Сол жерде.

аяқталмаған жоғары білімі	99	45,8 %	244	31,1 %	343	34,3%
дипломымен аяқталған жоғары білімі	37	17,1 %	145	18,5 %	182	18,2%
Жиыны	216	100,0 %	784	100,0 %	1 000	100,0%

Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Институттарға сенімдік көзқарас

Респонденттердің билік пен азаматтық қоғам институттарына сенім арту деңгейі белгілі бір институттарға деген сенім білдіруі жнінде тікелей сауаға негізделе отырып бағаланған болатын.

Ең алдымен жас көшіп-қонушылар мешіт/шіркеулерге сенімділік танытуда (жауап бергендердің 57,9%-ы). Мешіт/шіркеулерге сенім білдіру деңгейінің жоғары болуына қарамастан ол өзін діндар деп санайтын респонденттердің деңгейінен анағұрлым төмен болуда.


Өзіне деген сенім білдіру деңгейі бойынша келесі институт - армия (жауап бергендердің 44,1%-ы), үшінші орында (респонденттердің 38,3%) – телевидение (29-сур.). БАҚ/Ғаламтор, жастар мен қайырымдылық ұйымдары сәл кейін қалуда, және содан кейін үкімет – 33,3%.

Респонденттер брінен де аз мөлшерде кәсіподақтарға – небәрі 10,8% және саяси партияларға сенім артады – небәрі 19%. Жас көшіп-қонушылардың саяси партияларға сенім арту деңгейі біздің бүкіл халық арасында жүргізген сауалнама жауабына сәйкес келді⁶⁰, ал кәсіподақтарға сенім арту деңгейі бүкіл халықтың арасындағы сенім арту деңгейінен екі есе өмен . Біз мұны былай деп түсіндіреміз: Кеңес одағында заманында өмір сүріп, шипажайлар мен демалыс үйлеріне кәсіподақ жолдамалары н алған азаматтар кәсіподақтарға бұрынғыдай сенуде. Жастар болса кәсіподақтардың қызметін көрмейді, соның нәтижесінде оларға сенбейді.

Полиция (20,7%) мен ірі компанияларға (21,8%) деген сенім арту деңгейі де жоғары емес. Респонденттердің 25%-ы парламентке, әкімдіктерге/мәслихаттарға, қоршаған ортаны қорғау ұйымдарына, соттарға сенім артады.

⁶⁰Сол жерде.

28-сурет. Билік пен азаматтық қоғам институттарына сенім арту



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры


Коммуникация құралдары

Респонденттердің небәрі 1,4%-ы ғана ұялы телефоным жоқ деп жауап берді, 98,6%-ның ұялы телефоны бар.

Жауап бергендердің 22,3%-ы Ғаламторды пайдалана алмаймыз деп жауап берді, 77,7%-ы Ғаламторды еркін пайдаланады.

Ғаламтарды пайдалана алатындардың 58,7%-ы (455 адам) оны күнделікті пайдаланады, 23,5%-ы - аптасына үш не одан көп рет, 10,5% - екі аптада бір не екі рет, 5%-ы - айына 2-3 рет пайдаланады, 2,3%-ы айына бір рет не одан сирек пайдаланады.

29-сурет. Ғаламторды пайдалану жиілігі




Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Ғаламторды күнделікті пайдаланатын 455 респонденттің 50,8%-ның аяқталмаған жоғары білімі бар және 21,5%-ның – дипломымен аяқталған жоғары білімі бар. Ғаламторды аптасына үш не одан көп рет пайдаланатындардың (яғни 185 адамның) 39,5%-ның аяқталмаған жоғары білімі бар, 25,9%-ның – аяқталған орта білімі бар, 15%-ы техникум/колледж аяқтаған, ал 13%-ның дипломымен аяқталған жоғары білімі бар.

Көбінесе жас көшіп-қонушылар Ғаламторды әлеуметтік желілерде (Facebook, ВКонтакте) қатынасу үшін пайдаланады – 87,3%, жұмыс (оқу) бабымен – 50,7%, жаңалықтар оқиды – 36,2%, жұмыс іздейді - 8,9% және бизнеспен айналысады – 5,2% (31-сур.).

30-сурет. Ғаламторды пайдаланудың мақсаты



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Респонденттер бос уақытын қалай өткізеді


Респонденттердің 39,5%-ы *апта сайын* уақытын ата-анасымен/туыстарымен бірге өткізеді (жауап бергендердің басым бөлігі аға-іні, әпке-қарындастарымен жалданбалы пәтерлерде тұрады); 61,8% – достарымен уақыт өткізеді; 36,0% - жұмыстағы әріптестерімен уақыт өткізеді (жұмыс істеуші жастар); 6,7% – өз мешітіне келушілермен; 7,0% – спорттық клубтардан танитын адамдарымен; 8,8% –киноға барады және 2,9% – түнгі клубтарға/кафелерге барады (негізінен, бұл сол жерде істейтін жастар).

Жастардың 19,3%-ы *айына бір не екі рет* уақытын ата-анасымен/туыстарымен бірге, 25,3% – достарымен, 7,2% – шіркеуге/мешітке келушілермен өткізеді, 40,8% – киноға барады және 13,3% – түнгі клубтарда/кафелерде уақыт өткізеді.

Жастардың 40,8%-ы *жылына небәрі бірнеше рет* уақытын ата-анасымен/туыстарымен бірге өткізеді, 22,3% –киноға барады, 7,0% – уақытын шіркеуге/мешітке келушілермен өткізеді, 28,1% –концерттерге барады және 25,5% – түнгі клубтарда/кафелерде уақыт өткізеді.

Бос уақытын келесі түрде ешқашан өткізбейтіндер: жұмыстағы әріптестерімен - 46,0%; шіркеуге/мешітке келушілермен - 79,1%; спорттық клубтағы достарымен - 76,5%. Бос уақытын мәдени түрде өткізуге жас көшіп-қонушылардың уақыты сондай көп бола бермейді: 69,1%-ы театрларға бармайды, 59% –концерттерге және 58,3% – түнгі клубтарға/кафелерге бармайды, 22,3% –киноға бармайды.

31-сурет. Жастар бос уақытын қайда өткізеді



Дереккөзі: жастар көші-қоны бойынша деректер қоры

Қорытынды

Жас өшіп -қонушылардың әлеуметтік белсенділігі олардың саяси белсенділігіне карағанда жоғары. Респонденттердің 22,7%-ы әлеуметтік бағытталған ұйымдардың қызметіне қатысады, ал саяси бағыттағы ұйымдардың қызметіне небәрі 2,2% ғана қатысады. Жауап бергендердің 11,7%-ы әлеуметтік бағыттағы ұйымдарда небәрі 3,9% – саяси бағыттағы ұйымдарда волонтер ретінде жұмыс істейді.

Азаматтық белсенділік үндеулерге қол қоюмен және/не көтерілістерге қатысу және/не митингілерге барумен шектеледі. Жауап бергендердің небәрі 7,0%-ы соңғы бес жыл ішінде осындай шараларға қатысқан, және небәрі 0,3%-ы осы шаралардың барлығына қатысқан. Бұл жағдайда респонденттердің 54,7%-ы үндеулерге ешқашан қол қоймайды, 64,4% –көтерілістерге, 63% – митингілерге ешқашан қатыспайды.

Қоғамның әлеуметтік капиталын көрсететін сенім білдіру деңгейі өте төмен. Сіз көпшілік адамдарға сенім білдіруге болады деп ойлайсыз ба?» деген ұзаққа «ия» деп респонденттердің 21,6%-ы ғана жауап берді. Сенім білдіру деңгейінің осыншама төмен болуы елдің бұдан арғы дамуын шектеп отыратын фактор.

Билік пен азаматтық қоғам институттарына сенім арту деңгейі де жоғары болмауда. Жауап берген жас көшіп-қонушылардың тең жартысынан артығы мешітке/шіркеуге сенім білдіреді (алайда өзін дін дар деп санайтындар діни мекемелеріне сенім білдірушілерге карағанда анағұрлым көбірек). 44,1%-ы әскерге, 38,3% телевидениеге сенім білдіреді. Бәрінен де кәсіподақтарға (10,8%), саяси партияларға (19%), (20,7%) полиция мен ірі компанияларға (21,8%) сенім білдірушілер аз. Респонденттердің небәрі үштен бірі ғана Үкіметке, жастар ұйымдары мен гуманитарлық/қайырымдылық ұйымдарына сенім артса, небәрі төрттен бірі Парламентке, қоршаған ортаны қорғау ұйымдарына, соттарға , маслихаттарға сенім артады.

Респонденттердің көпшілігінің ұялы телефондары бар, 77,7%-дан артығы Ғаламторды пайдалана алады. Респонденттердің тең жартысы оны күнделікті, төрттен бір бөлігі аптасына үш рет не одан жиі пайдаланады. Ғаламторды пайдаланушылардың басым бөлігі студенттер мен жоғары білімді респонденттер.

4. Қорытынды мен ұсыныстар

Жастар мәселесі ХВҚ, ЭЫДҰ, ХЕҰ тәрізді халықаралық ұйымдардың басты назарында болып отыр, аталмыш ұйымдар әлемнің барлық елдеріндегі саясаткерлерді жастарды қандай мәселелер толғандыратынын білуге, осы белсенді категориядағы азаматтардың маргиналдану тәуекелін азайту үшін жастарды жастар саясатына қатысты мәселелерді талқылауға, оларды оқытуға және оларға арнап жұмыс орындарын құруға, жастар мәселесін шешуге арналған шаралар қабылдауға шақырады.,

ХВҚ-ның пікірінше, «халықтың жалпы санында жастар үлесінің артуы алдағы уақытта жан басына шаққанда экономиканың өндірістік күш-қуаты артатынын әрі демографиялық жағдайдың жақсаратынын көрсетеді. Бүгінгі күні табыстың тез өсуі мен кедейлікті азайтудың уақыты жағынан шектеулі мүмкіндіктер бар. Бұл мүмкіндіктер халықтың жалпы санындағы еңбекке жарамды тұрғындардың үлесі салыстырмалы түрде жоғары болып отырған кезеңге дейін орын алады. Бұл жағдай тек мүмкіндіктерді ғана емес, сонымен қатар жұмыс орындарының жеткілікті мөлшерде құра алалмайтын елдердегі саяси-әлеуметтік тұрақсыздықтың жоғары тәуекелін білдіреді»⁶¹.

ЭЫДҰ-ға мүше-елдерге дағдарыстың тигізген әсерін зерттей келе, ЭЫДҰ дағдарыстан бәрінен де көп зардап көрген халықтың барынша осал тобы - жастар болды деген қорытындыға келді⁶². 2011 ж. бірінші тоқсанында ЭЫДҰ елдеріндегі жастар арасындағы (15-24 жаста) жұмыссыздық ересек адамдардың арасындағы (25 -тен жаңы) жұмыссыздықтың 7%-мен салыстырғанда 17,3%-ды құрады. «Жұмыссыздық бойынша деректер, жастардың еңбек нарығында тап болып отыратын мәселелердің бір бөлігін ғана көрсетеді», - деп санайды баяндаманы авторлары. Оқу және қайта даярлау бағдарламаларымен қамтылмаған жұмыссыз жастар үшін әсіресе жастар ұзақ уақыт жұмыссыз қалған жағдайларда олардың маргиналдануы мен еңбек нарығынан шығып қалу қатері едәуір арта түседі. 2010 ж. 4-тоқсанында ЭЫДҰ-ның 30 елінде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 12,6% құрады, 2008 жылы осы топтағы жұмыссыздық деңгейі 10,6% құраған болатын. Бұл дегеніміз, осы статистикамен қамтылған 22,3 млн. жастардың 14,6 млн-ы белсенді болмаған және оқымаған, ал 7,7 млн. жұмыссыз болған. «Алдағы жылдарда жас мектеп үлестерінің алдыңғы буынға қарағанда жұмыс табуға мүмкіндігі азаяды», - деп ескертеді ЭЫДҰ сарапшылары.

ХЕҰ деректері бойынша⁶³ 2011 жылы әлемде 74,5 млн. жастардың жұмысы болмаған, соған сәйкес жастар арасындағы жұмыссыздық 12,6% құраған.

Бұл жағдайдан шығудың қандай жолдары бар? «Жұмыс орындарын құру үшін шаралар қабылдау - бұл мәселені шешудің маңызды бөлігі, алайда бұл шаралар жастарға қатысты барлық мәселелерді шеше алмайды», - деп ескертеді баяндаманы авторлары. «Біріншіден, үшк -жігерді жастарды еңбек нарығына қол жеткізуіндегі айырмашылықтардың орын алу мәселесінің ұзақмерзімді шешімін табуға арнап жұмсау қажет. **Балалардың мүддесін қорғау, ерте жастан бастап білім алуға жағдайлар жасау сияқты шаралардан бастаған жөн, әсіресе бұл табыс деңгейі төмен, халықтың осал топтарына жататын отбасыларда ұратын балаларға қатысты. Бастауыш, орта мектептерде балалардың міндетті түрде оқуына бағытталған жағдайда ғана бұл**

⁶¹ IMF, Finance & Development. March 2012

⁶² OECD (2011), OECD Employment Outlook 2011. Editorial. Unfinished Business: Investing in Youth.

⁶³ ILO (2012), Global Employment Trends for Youth 2012, c.14

шаралардың тиімділігі арта түседі (автор ерекше белгілеп қойған). Бұл балалардың мектепті тастап кетпеуіне әсер етеді».

«Мұндай шаралар оқу бағдарламаларының еңбек нарығындағы жағдайларға сай болып отыруын қамтамасыз етуге арналған өзгерістермен сүйемелденіп отыруы тиіс. Бұл білім беру жүйесінің еңбек нарығындағы сұранысқа қарай өзгеріп, білім беруде, соның ішінде кәсіби оқу мен қайта даярлаудан өтуге арналған әртүрлі бағыттарды ұсынып отыруды көздейді», - деген ұсыныс жасауда ЭЫДҰ.

Жастар еңбек нарығына жол ашу үшін ЭЫДҰ үкімет басшыларына фискалды (бюджеттік-салықтық) біріктіру мақсатында түсетін пайда мен шығындары тиімді болатын шараларды таңдап отыруды ұсынады. ЭЫДҰ -ның пікірінше, барынша осал және маргиналдану қатеріне бейім жастарға көбірек бағытталуы тиіс. «Жастардың жұмыс істеуге дайын бола салысымен жұмысқа орналасып кетуіне көмектесетін бағдарламаларды әзірлеу барынша тиімді болмақ». Бұл дегеніміз, жастарға, мысалы Алматыға көшіп келгеннен кейін емес, мектептің жоғарғы сыныптарында-ақ алдағы жоспарларын белгілеуге көмектесе бастауы керек.

Қазақстанда енгізіліп отырған «Жастар практикасы» бағдарламалары өзге елдердің тәжірибесіне негізделген. Мысалы, Global Employment Trends for Youth 2012 дағдарысқа қарсы шаралардың шолуында Болгарияның мысалы келтірілген, ол дағдарыспен күрес шеңберінде «Youth Work Experience» бағдарламасын іске қосты, аталмыш бағдарлама бойынша жұмыс берушілердің жоғары оқу орындарының не колледждердің түлектеріне жұмыс орындарын ұсынуына арналған жартыжылдық гранттармен қамтамасыз етеді. Өкінішке орай, Қазақстанда «Жастар практика» бағдарламасын жүзеге асырудың тиімділігі бағдарлама бойынша, соның ішінде бюджеттік қаражаттардың игерілуі бойынша есептіліктің жұмысқа орналастырылған жастардың саны бойынша (яғни тұрақты жұмыспен қамтылу көрсеткіші бойынша) емес, жұмысқа орналасу кепілдігін бермейтін уақытша практикаға жіберілгендердің саны бойынша жүргізілуіне байланысты төмен.

«Қайсыбір елдер жұмыс берушілерді жұмыс тәжірибесі жоқ жастарды жұмысқа алуға ынталандыру мақсатында еңбекақы үшін жәрдем ақша (субсидия) береді. Жалған стимулдарға жол бермеу үшін мұндай жәрдем ақшалардың нысаналы мақсаты болуы тиіс, мысалы, олар тежана шағын және орта кәсіпорындарға, не тек студенттерге қатысты еңбектік келісімшарттарға арналып отыруы тиіс», - деп көрсетуде ЭЫДҰ.

«Оқу мен жұмысты үйлестіретін, әрі кәсіби оқу мен кәсіби даярлауды мектепте оқыған кезде жүргізіп отыратын бағдарламаларды кеңірек қолданып отыру қажет», - деп ұсынады ЭЫДҰ сарапшылары. Бұл Қазақстанда кеңес заманында болған оқу-өндірістік комбинаттар (ОӨК) жүйесін еске салады, ол кезде жоғарғы сынып оқушылары мектептің жоғары сыныбында оқу кезінде мамандық ала алатын.

ЭЫДҰ сарапшылары мынадай ұсыныс жасады: «Барынша қарқынды көмек әлеуметтік топтан тысқары қалу қаупіне барынша бейім келетін жастарға бағытталуы тиіс. Оқуды тастап кеткендерді мектепке қайтару әрекеттері тиімсіз бола тындықтан мектептен тыс кәсіби даярлауға мүмкіндік жасау керек. Мұндай бағдарламалар практика мен жетекшілікті үйлестіріп отыруы мүмкін, бұл осы топтағы жастарды оқытудың барынша тиімді стратегиясына айналмақ».

ЭЫДҰ-ның пікірінше: «Жастарға инвестиция жұмсау, олардың жұмысқа тұруына арналған мүмкіндіктер жасау – бұл ұзақмерзімді әлеуметтік-экономикалық болашақты қамтамасыз етуге бағытталған тиімді саясаттың кепілі».

«Институттардың, саясаткерлер мен тұтастай қоғамның жастардың не айтып отырғанын тыңдағаны маңызды. Қауымдастықтар деңгейінде, қалалар мен елдер е жастарға өз мәселелерін, идеяларын тақылап отыруға және өзгерістерге ынталандырып отыруға мүмкіндік беретін форумдар болуы керек. Шешім қабылдау үшін жауапты органдарда

жастардың өкілдері болуы тиіс. Оған барынша осал топтар, халықтың кедей не білімі аз топтарының өкілдері кірген жағдайда бұл процесс одан ары тиімді болады», - дейді ХВҚ⁶⁴.

Жас көшіп-қонушылардың мәселелерін дереу шешу Қазақстанның экономикасын дамыту үшін қажет. Жүргізілген зерттеу негізінде және халықаралық институттардың ұсыныс-тілектерін ескере отырып, жастар көшіп-қонына қатысты кешенді мемлекеттік саясатты әзірлеуге бағытталған ұсыныстар даярланды. Ұсыныстар екіжақты: бір жағынан олар қазіргі кезде Алматыда ұрып жатқан жас көшіп-қонушылардың мәселелерін шешуге, екінші жағынан – ауылдар мен шағын қалалардан Алматыға көшуді жоспарлап отырған жас көшіп-қонушыларға бағытталған.

Алматы

Алматыда жастар көшіп-қонының сальдосы оң таңбалы болып қалуда, себебі кетуші жастарға қарағанда келуші жастардың саны көп. Нәтижесінде 2012 жылдың 1 қаңтарына қатысты ресми статистикаға сәйкес жастардың үлесі қаланың бүкіл халқының 31,5% құрауда. Оған қоса, Алматыда тіркелмеген жас көшіп-қонушылар көп. Зерттеуімізге қатысушылардың тең жартысынан артығы бұрынғы тұрғылықты жері бойынша тіркелген.

Біздің пікірімізше, жас көшіп-қонушыларды ауылға қайтару саясаты қазіргі кезде тиімсіз болмақ. Тіркелу мәселелерін шешуге, жұмысшы мамандықтарға оқытуға және жаңадан жұмыс орындарын құруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу анағұрлым тиімді болуы мүмкін.

ХЕҰ жас көшіп-қонушылардың мәселелерін қауымдастықтар деңгейінде, яғни жекелеген қалаларда қызмет көрсету, тұрғын үй, жұмыспен қамту және кәсіби қайта даярлау саласындағы бағдарламаларды дамыта отырып шешуді ұсынады. Өкінішке орай, Алматы қ. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен Алматы қ. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының стратегиялық бағдарламаларында жас көшіп-қонушылардың мәселелері ескерілмеген.

Ішкі көшіп-қонушылардың Алматыда тұрғын үйінің және жұмысының болмауы сияқты өзекті мәселелердің елеусіз қалуы әлеуметтік мәселелердің шоғырлануы мен халықтың осы әлеуметтік-белсенді бөлігінің маргиналдануына әкеледі. Жүргізілген зерттеулерге негізделі отырып келесі ұсыныстар әзірленді:

Алматы қ. жергілікті атқару органдары:

- жас көшіп-қонушылардың нақты санын бағалауға, соның ішінде Алматыда тіркелмеген барлық жас көшіп-қонушыларға аудан әкімдіктерінде не қала аудандары бойынша Жұмыспен қамту мен әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінде тіркелуге мүмкіндік беретін Алматы қ. ішкі көшіп-қонушылардың есепке алу жүйесін әзірлесін.
- Осы деректерге негізделі отырып жас көшіп-қонушылардың тұрғылықты орны бойынша әлеуметтік және медициналық қызметтерге, соның ішінде арнаулы әлеуметтік көмек, балаларға арналған жәрдемақылар мен өзге де жеңілдіктерді алуға, бала-бақшаларға, мектептерге және т.б. қол жеткізуін қамтамасыз етсін.
- Алматы қ. Статистика департаменті жастар арасындағы жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамтушылар бойынша шүбәсіз статистиканың жүргізілуін қамтамасыз етсін.
- Осы деректерге негізделі отырып ішкі жас көшіп-қонушыларға көмек көрсетудің кешенді қалалық бағдарламасы әзірленсін, аталмыш бағдарлама барлық мүдделі

⁶⁴IMF, Finance & Development, March 2012

тараптардың қатысуымен жүзеге асырылып және осы зерттеуде анықталған мәселелерді: тіркелу, тұрғын үй, жұмыспен қамтылу, бала -бақшаларға қол жеткізу және т.б. шешуге бағытталған болуы тиіс.

- Жоғары оқу орындары мен колледждердің әкімшілігімен әріптестік жасай отырып барлық тұрғын үйге мұқтаж жастарды қамтамасыз ету үшін жоғары және арнайы-орта оқу мекемелерінің студенттеріне арналған жатақханалар салсын.
- Отбасы жоқ жас көшіп-қонушыларға өздерінде бір қалыпты төлемақы төлеп тұруға мүмкіндік беретін муниципалды жатақханалар салынсын.
- Инфрақұрылым нысандарымен, яғни бала-бақшалармен, мектептермен, емханалармен қамтылған жастардың тұрғын үй кешендерінің құрылысын дамытсын.
- Тіркелу құжаты бар жас көшіп-қонушыларға жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер телімдерін бөлсін; бұл тіркеуден өтудің жақсы стимулына айналуы мүмкін.
- Жалға алынған тұрғын үйдің муниципалды нарығын дамытсын.
- www.almaty.kz сайтында Алматыда «Жастар практикасы» бағдарламасының қалайша жүзеге асырылғаны, қанша тұрақты жұмыс орны құрылғаны және соған қанша бюджеттік қаражаттың жұмсалғаны туралы деректерді жарияласын.
- «Жастар практикасы» бағдарламасының бұдан арғы жүзеге асырылуына түзету енгізісін, яғни бағдарламаның тиімділігінің мақсаттық көрсеткіші ретінде «жастардың практикаға жіберілуі» емес, жастар үшін құрылған тұрақты жұмыс орындарының ақырғы көрсеткіштері, яғни практиканттардың қайсысының тұрақты келісімшарт жасасумен жұмыс орнында бекіп қалғаны туралы деректер қабылдансын.
- Жастар саясаты бағдарламасы бойынша орындарды ұсынып отырған жұмыс берушілерді мұқият түрде іріктеп отырсын, олардың практика аяқталғаннан кейінгі тұрақты жұмыс орнын құру үшін қолында бар мүмкіндіктерін зерттеп отырсын.
- Азаматтарды жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша, Мемлекеттік жұмыс қамту орталықтары Жекеменшік жұмыспен қамту агенттіктерімен (ЖЖА) бірге,, бос жұмыс орындары (вакансиялар) бойынша деректер қорын жетілдірсін: ЖЖА-ларды аудандық Жұмыспен қамту орталықтарымен бірге күнделікті жаңартылып отыратын, онлайн режимінде көпшілікке ашық Алматы қ. еңбек нарығындағы бос жұмыс орындары (вакансия) жайлы бірыңғай деректер қорын құруға қатысты ынталандырып отырсын.
- Жергілікті бюджет қаражаттарының есебінен ЖЖА -лардың арасында жас көшіп-қонушыларға кәсіби бағыт-бағдар беруді қамтамасыз етуге қатысты байқау ұйымдастырсын: негізгі білім-дағдыларын анықтау және артынша жыл бойы еңбек нарығындағы бос жұмыс орынды ұсыну. Тиімділігінің көрсеткіші ретінде кәсіп алған көшіп-қонушылардың санын емес, жұмысқа орналасқандардың саны көрсетілсін.
- Колледждер мен лицейлер арасында бюджет қаражаттарының есебінен жас көшіп-қонушыларға арналған нарықта сұранысқа ие мамандықтар бойынша (жүргізушілер, бухгалтерлер, аспаздар, шаштараздар және т.б.) бастапқы білім-дағдыларын дамыту үшін үш айлық және алты айлық тренингілер өткізуге байқау жарияласын.

- Жас көшіп-қонушыларды оқуға қызықтыру үшін оларға оқу кезінде стипендиялар төлеп, қалалық көлікте тегін жүріп-тұруға жол жүру билеттерін, тамаққа және өмір сүруге ақша бөліп отырсын.
- Мұндай тренингілер мерзімді практика мен жетекшілік үйлестірілген түрде өткізіліп отыруы тиіс. Бұл жағдайда жетекші қол астындағы үйренушілердің жетістіктеріне қарай еңбекақысына үстеме төлем түрінде сыйақы алып отыруы тиіс.
- *Жастар ісі жөніндегі аймақтық кеңеске* маслихат депутаттарының, БАҚ, тиісті қалалық мекемелердің, сарапшылардың, ҮЕҰ, донорлық ұйымдардың қатысуымен, Алматы қ. жас көшіп-қонушыларына арналған бағдарламаларды іске асыруға тұрақты түрде мониторинг жүргізу бойынша бақылау кеңесінің міндеті жүктелсін. Кеңестің отырыстары осы салада жұмыс істейтіндердің барлығының: аудандық жұмыспен қамту орталықтарының, ЖЖА-лардың, лицейлер мен колледждердің қатысуымен өткізіліп отыруы тиіс. Отырыстар кемінде айына бір рет өткізіліп отырылуы тиіс. Талқыға салынған мәселелердің тізімі мен тиісті ұйымдардың есеп берулері көрсетілген хаттамалар оларға емін-еркін қол жеткізуге болатындай түрде Ғаламторда жарияланып отыруы тиіс.

Үкіметке

- Балалар мен жастар арасында теңсіздік бар екенін мойындасын және теңсіздікті елдің бұдан ары қарай дамуына еніп тұрған басты қауіп-қатер ретінде мойындасын.
- Адами капиталды дамытуға арналған инвестицияларды мемлекеттік саясаттың басымдылығы деп белгілесін.
- Жастардың мәселелерін шешудің алдын ала ескерту (превентивті) шарасы ретінде балаларды, әсіресе табыс деңгейі төмен және халықтың осал топтарына жататын отбасылардағы балаларды ерте жастан бастап оқытудың сапасын жақсартумен қатар, олардың мүддесін қорғауды күшейту керек. Осы шаралардың тиімділігін арттыратын жағдай: балалардың міндетті түрде мектепте оқуы.
- Заңнаманы жетілдіріп, ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу рәсімін жеңілдетсін, ол үшін ішкі көшіп-қонушылардың барлығын аудан әкімдіктерінде не жұмыспен қамту бөлімдерінде тіркеу мүмкіндігін ескеріп, олардың қалалардағы тұрғылықты орны бойынша әлеуметтік бағдарламаларға қол жеткізуін қамтамасыз етсін. Бұл көшіп-қонушыларды келген ортаға бейімдеу, қалалық инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік бағдарламаларды (бала-бақшалар, балаларға төленетін жәрдемақы, арнаулы әлеуметтік көмек және т.б.) әзірлеу үшін қала-ауылдағы тұрғын халықтың дәл санын, сондай-ақ қалалардағы ішкі көшіп-қонушылардың дәл санын анықтауға мүмкіндік береді.
- «Ауыл жастары», «Дипломмен - ауылға!», «Жастар практикасы» және өзге де 2009-2011 жж. жүзеге асырылған бағдарламалардың толық нәтижелері Үкіметтің және салалық министрліктердің (ҚР БҒМ; ҚР АШМ, ҚР ЕХӘҚМ) сайттарында жарияласын.
- «Жастар практикасы» бағдарламасына түзетулер енгізілсін, яғни өзін уақытша емес, тұрақты жұмыс орындары туралы деректерге негізделіп отырып бағалау үшін бағдарламаның тиімділік көрсеткіштерін өзгертсін.
- «Жастар практикасы» бағдарламасын екі ағымға бөлумен оған қол жеткізуді кеңейтсін: бірінші бөлімі жоғары оқу орындары мен колледж түлектеріне, ал екіншісі – кәсіби даярлау курстарынан өткендерге арналуы тиіс.

- 2020 ж. дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын әзірлеу ісіне сарапшылар қауымдастығын, үкіметтік емес секторды, донорлық және жастар ұйымдарын қатыстырсын. Бұл бөлімге жастар көші-қонына арналған жеке бөлімді енгізісін. Тұжырымдаманың жобасын БАҚ-тарда жариялап және жобаны бекітуден бұрын талқыласын.
- Үкімет «жастарға арнап әлеуметтік баспалдақты құрастыру бойынша заңнамалық және әлеуметтік-экономикалық шаралардың жүйелік жинағы» бойынша идеяларды жинақтауға және оны талқылауға ұйытқы болсын. Үкіметтің сайтында талқылауды ұйымдастырсын, ол үшін тұрақты түрде жұмыс істейтін онлайн-форум құрылсын.
- Жоғарғы сынып оқушыларына арнап олардың түрлі мамандықтармен танысуына арнап кәсіби бағыт-бағдар беруді қамтамасыз етсін.
- Орта мектептерде жоғарғы оқу орындары мен колледждерге түспей қалған мектеп түлектерінің жұмыссыздар санын көбейтпеуі үшін жоғарғы сынып оқушыларын жергілікті/аймақтық нарықта сұранысқа ие болып отырған мамандықтарға (жүргізуші, тракторшы, комбайн жүргізуші, бухгалтер, аспаз, шаштараз және т.б.) үйретуге арналған оқу-өндірістік комбинаттар жүйесі жаңғыртылсын.
- Жергілікті атқару органдарын жоғарғы оқу орындары мен колледж басшыларымен әріптестікте тұрғын үйге мұқтаж болып отырған барлық жоғары және орта-арнайы оқу мекемелерінің студенттеріне арнап жатақханалар салып отыруға міндеттеу мақсатында заңнаманы жетілдірсін.
- Қалаларда отбасы жақ жас көшіп -қонушылардың бір қалыпты төлемақы төлеп тұруына мүмкіндік беретін муниципалды жатақханалардың құрылысын ескеріп, заңнаманы жетілдірсін.
- Тиісті инфрақұрылым нысандарымен: бала -бақшалармен, мектептермен, емханалармен қамтамасыз ете отырып жастардың тұрғын үй кешендерінің құрылысын ескеріп, заңнаманы жетілдірсін.
- Тіркелу құжаты бар жас көшіп -қонушыларға жеке тұрғын үй құрылысына арнап жер телімдерін беруді ескеріп, заңнаманы жетілдірсін.

Ұлттық банк

- Азаматтарды банкқызметтермен қамту деңгейін арттыру үшін халықтың табыс деңгейі төмен топтарына арналған қаржы қызметтерінің арнайы ұсынысын дамытсын.
- Зейнетақы жүйесін реформалау барысында жас көшіп-қонушылардың 80%-ның зейнетақы аударымдары мен жартысынан артығында зейнетақы есепшоттарының жоқтығына арналған шараларды әзірлесін.

Азаматтық қоғам

- Балалар мен жастар арасындағы теңсіздікті түсінуге ықпал ету және Үкімет пен жергілікті атқару органдарын ең алдымен жастардың барынша осал топтарының сұранымдарын шешіп отыруға шақыру.
- Одан ары қарай да зерттеулер жүргізіп, жастар мәселесіне қатысты білім деңгейін көтерсін.
- 2020 ж. дейінгі Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын әзірлеуге белсенді түрде ат салыссын.

- «Жастарға арналған әлеуметтік баспалдақты қалыптастыру бойынша заңдық және әлеуметтік-экономикалық шаралардың жүйелік жинағын талқылауға ұйытқы болсын.
- Алматы қаласында жас өсіп -қонушыларға ақпараттық қолдау көрсету орталықтарын құрсын.
- Жас өсіп -қонушыларға арналған қызметтерді дамытсын және сол арқылы ішкі көшіп-қонушыларды жаңа ортаға бейімдеу мен ықпалдастыруға арналған жағдай жасасын.
- «Жастар практикасы» бағдарламасы мен жастардың және жас көшіп-қонушылардың мәселелерін шешуге арнаған өзге де бастамалардың жүзеге асырылуына тұрақты мониторинг жүргізіп отырсын, мониторингтің нәтижелерін талқылап отырсын.
- Ауылдық аймақтарды дамытудың, ауылды жаңғыртудың, онда жұмыс орындарын құрудың мүмкіндіктері мен механизмдері жайлы көп тараптық пікірталас жүргізуге ұйытқы болсын, аймақтарды, ауылдарды дамытудың қолданыстағы бастамаларының мүмкіндіктері мен шектеулерін және көптарптық әріптестіктің келешектегі мүмкіндіктерін белгілесін.

Халықаралық ұйымдар

- Ішкі өсіп -қонға, жастар арасындағы жұмыссыздыққа, өзін -өзі жұмыспен қамтып отырғандардың мәселелері мен жастардың ШОБ кәсіпорындарына қатысуына арналған мерзімді зерттеулерге қолдау көрсетіп отырсын.
- Осыған ұқсас мәселелерді шешудің халықаралық тәжірибесін ұсынсын.
- Жастардың дамуын қолдау үшін үкіметтің, жастар ұйымдарының, ғылыми топтардың, азаматтық қоғам ұйымдарының, жекеменшік сектор мен БАҚ-тардың өзара байланыстарының кеңеюіне ықпал етсін.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 22.07.2011 ж. № 477- IV «Халықтың көші-қоны туралы» заңы (27.04.2012 ж. қатысты өзгертулермен).
2. Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңы. ҚР 27.06.2011 № 444-IV заңына сәйкес енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен.
3. Қазақстан Республикасының 7.07.2004 ж. № 581 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы.
4. Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарын дамытудың 2004-2010 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 10.07.2003 ж. № 1149 Жарлығымен бекітілген.
5. «Нұрлы көш» бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 02.12.2008 ж. № 1126 қаулысы.
6. «Аймақтарды дамыту» бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 26.07.2011 ж. № 862 қаулысы.
7. «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 31.03.2011 ж. № 316 қаулысы.
8. Жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау мен дамытудың 2008-2015 жж. арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 20.06.2007 ж. № 516 қаулысымен мақұлданған.
9. Қазақстан Республикасының 2007-2015 жж. арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 28.08.2007 ж. № 399 Жарлығы.
10. «Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу ережелері». ҚР Үкіметінің 01.12.2011 ж. № 1427 қаулысы.
11. Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру мен тіркеу ережелерін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.07.2000 ж. № 1063 қаулысы // Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 2000 ж., № 29
12. «Ауыл жастары» жалпыұлттық бастамасының 2009-2011 жж. арналған іс-шаралар жоспары. ҚР Премьер-министрінің 25.05.2009 ж. № 76-өөкімімен бекітілген.
13. ҚР Үкіметінің 30.09.2010 ж. № 1009 «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттырудың кейбір шаралары туралы» қаулысы.
14. Халықаралық көші-қон ұйымы (2005). Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарийі // Халықаралық көші-қон құқығы, № 2.
15. Н. Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам. <http://www.kazpravda.kz/c/1341882404/>
16. Алматы қ. аумағындағы көші-қон үрдістерін реттеу тәртібі. IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының 2010 жылғы 12 сәуірдегі XXVII сессиясының № 311 шешімімен бекітілген. Әділет департаментімен 17.05.2010 ж. № 843 тіркелген.
17. БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы және БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхит аймағына арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы «Қазақстанның статистикалық жүйесіне ғаламдық баға беру бойынша баяндама». ECE-ESCAP-SPECA/PWG-Statistics/2008/7 ECE/CES/GE57/2008/февраль
18. Алматы қ. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 2011-2015 жж. арналған стратегиялық жоспары. Алматы қ. әкімінің 6.01.2011 г. №

19. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия. «Қазақстан Республикасындағы оралмандардың, азаматтығы жоқ тұлғалар мен босқындардың құқықтарының ахуалы туралы» арнайы баяндамасы. К. Сұлтановтың, Т. Әбішевтің жалпы ред.. Астана. 2012. –161-б.
20. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бюллетені. - №28 – 2011 ж.
21. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бюллетені. - №3. – 2012 ж.
22. Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана, 2011.
23. Тәуелсіз жылдардағы Қазақстан. 1991-2010 жж. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана, 2011.
24. Халықтың көші-қоны. ҚР-дағы 2009ж. Ұлттық халық санағының қорытындылары. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана, 2011 г.
25. Қазақстан Республикасының халық санағы. Қысқаша қорытынды. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі, 2010.
26. Қазақстан Республикасының жастары.ҚР-дағы 2009ж. Ұлттық халық санағының қорытындылары. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана, 2010.
27. Қазақстанның аймақтары.ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана, 2011.
28. Қазақстанның аймақтары. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Астана, 2012.
29. Алматы қаласындағы халықтың 2011 ж. қаңтар-желтоқсан аралығындағы көші-қоны.ҚР Статистика жөніндегі агенттігі. Алматы қ. Статистика департаменті. <http://rus.almaty.gorstat.kz>
30. Алматы қаласының 2011-2012 оқу жылының басына қатысты жоғарғы оқу орындары. Алматы қ. Статистика департаменті. <http://rus.almaty.gorstat.kz/>
31. Махмұтова М. Халықтың аз қамтылған топтарының (ішкі көшіп-қонушылардың, оралмандардың) қажетсінулері мен проблемаларын талдау және оларды шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу. Қоғамдық проблемаларды талдау орталығы, 2008 ж. ҚР Үкіметінің жанындағы Экономикалық кеңес берушілер кеңесі қызметінің шеңберінде.
32. MeruertMakhmutova, AitzhanAkhmetova (2011). CivilSocietyIndexinKazakhstan. Strengthening Civil Society. CIVICUS CivilSocietyIndex2008-2010. Analytical country report. Public Policy Research Center.Almaty.
33. Жастар саясаты: тірек нүктесіз . Мемлекеттік жастар саясатын қысқартудың нәтижелері. <http://www.ipr.kz/kipr/3/1/50#.T7o6Ank9VqY>
34. «Ешкім және ешқашан жастардың пікірін сұрамаған ». Жастардың Орталық Азиядағы сәйкестік, оқшаулану және бейбіт болашақтың перспективалары мәселелеріне көзқарасы. Saferworld. Наурыз. 2012.
35. IMF, Finance & Development. March 2012
36. Алматы – жастар қаласы . Алматы қ. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру. 2011 ж.

Қосымша

1-кесте. 2000 – 2011 жж. Ішкі көші-қон сальдосы

	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Ақмола	-23579	-21963	-7732	283	-3160	-1272	433	-2843	-8886	-8 089	-5 591	-5 726
Ақтөбе	-10537	-4983	-2903	-529	1182	1628	1764	459	-1218	-3 704	2 701	-3 170
Алматы	-12501	-9450	-4258	-412	5326	1711	1776	4188	137	3 559	6 211	4 936
Атырау	-2370	-456	-256	-196	350	1994	722	1642	1653	1 586	188	-502
Батыс-Қазақстан	-8886	-2744	473	-480	-843	-421	-442	-1012	-1818	-255	-1 448	-1 730
Жамбыл	-12279	-11581	-6654	-4019	-5672	-3879	-6888	-7020	-7016	-6 179	-8 435	-11 153
Қарағанды	-25102	-20400	-10938	-3798	-1142	333	1539	-1103	-1305	-2 505	-2 374	-3 206
Қостанай	-28708	-23371	-16187	-5950	-6195	-3628	-2387	-5573	-5753	-5 202	-4 042	-4 152
Қызылорда	-7042	-6579	-4730	-4276	-5054	-3035	-3578	-4488	-3694	-2 919	-3 742	-2 990
Маңғыстау	219	5007	5518	5571	5345	5573	7676	7510	7832	9 071	9 027	8 354
Оңтүстік-Қазақстан	13921	-5109	-294	2646	358	-1970	1655	-2913	-8885	-9 845	-6 972	-9 859
Павлодар	-18768	-14579	-10319	-4498	-3381	-2414	-111	-959	-1958	-2 535	-2 229	-3 790
Солтүстік-Қазақстан	-10093	-10334	-8013	-6656	-7883	-2340	-1262	-6159	-6077	-5 678	-4 066	-6 220
Шығыс-Қазақстан	-15891	-14794	-15502	-10163	-14314	-11500	-8994	-9998	-5326	-6 130	-6 456	-9 305
Астана қ.э	57706	51376	6761	5372	14186	15679	17708	19315	24880	31 879	33 846	31 135
Алматы қ.э.	-4397	1798	13022	18799	23686	26209	23430	19916	18551	14 448	8 847	22 480

Дереккөзі: ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректері

2-кесте. Респонденттердің ай сайынғы табысының білім деңгейіне тәуелділігі

Ай сайынғы табыс деңгейі	Сіздің білім деңгейіңіз қандай																Барлығы	
	9 сыныпты аяқтаған		9 сыныпты аяқтамаған		орта мектебін аяқтамаған		орта мектебін аяқтаған		техникум/колледж аяқтамаған		техникум/колледж аяқтаған		аяқталмаған жоғары білімді		Дипломымен аяқталған жоғары білімді			
	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%
табысы 17439 теңгеден төмен					1	6,3%	4	1,5%	4	6,1%	2	1,8%	26	7,6%	2	1,1%	39	3,9%
17459 теңгеден 25000 теңгеге дейін					3	18,8%	7	2,6%	14	21,2%	7	6,3%	57	16,6%	6	3,3%	94	9,4%
25000 теңгеден 35000 теңгеге дейін			1	7,7%	2	12,5%	15	5,6%	12	18,2%	5	4,5%	64	18,7%	19	10,4%	118	11,8%
35000 теңгеден 45000 теңгеге дейін			2	15,4%	4	25,0%	36	13,5%	8	12,1%	17	15,3%	65	19,0%	11	6,0%	143	14,3%
45000 теңгеден 55000 теңгеге дейін			6	46,2%	2	12,5%	66	24,8%	11	16,7%	20	18,0%	52	15,2%	20	11,0%	177	17,7%
55000 теңгеден 65000 теңгеге дейін			2	15,4%	2	12,5%	53	19,9%	8	12,1%	23	20,7%	32	9,3%	18	9,9%	138	13,8%
65000 теңгеден 75000 теңгеге дейін	2	66,7%	1	7,7%	1	6,3%	37	13,9%	2	3,0%	11	9,9%	11	3,2%	23	12,6%	88	8,8%
75000 теңгеден 85000 теңгеге дейін	1	33,3%					27	10,2%	1	1,5%	13	11,7%	15	4,4%	35	19,2%	92	9,2%
85000 теңгеден 95000 теңгеге дейін					1	6,3%	12	4,5%	1	1,5%	8	7,2%	8	2,3%	24	13,2%	54	5,4%
95000 теңгеден 200000 теңгеге дейін			1	7,7%			9	3,4%	5	7,6%	5	4,5%	13	3,8%	24	13,2%	57	5,7%
Жиыны	3	100,0%	13	100,0%	16	100,0%	266	100,0%	66	100,0%	111	100,0%	343	100,0%	182	100,0%	1 000	100,0%